

Жансейіт
ТҰЙМЕБАЕВ

ТҰЫСТАС ЕЛ – ТҮРКИЯ

ТҰЫСТАС ЕЛ – ТҮРКИЯ
Ж. ТҰЙМЕБАЕВ

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

ТУЫСТАС ЕЛ – ТҮРКИЯ

Алматы – 2023

ӘӨЖ 00
КБЖ 00
Т 00

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Т 00 Туыстас ел – Түркия / Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ – Алматы: 2023 ж. 132 бет.

ISBN 0000

Бұл кітапта мемлекет қайраткері, тәжірибелі дипломат, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың 07.10.2010 – 06.10.2016 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқарған кезеңіндегі екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарды дамытуға қатысты өзекті мақалалары мен сұхбаттары топтастырылған.

Кітапта Қазақстан – Түркия мемлекеттерінің достық пен ынтымақтастық, саяси-экономикалық, мәдени, рухани байланыстары, білім, ғылым саласындағы ортақ жобалары, түркі әлемінің тұтастығы, бауырлас елдер арасындағы сенімді стратегиялық әріптестік мәселелері қамтылған.

Кітап қалың оқырманға арналған.

ӘӨЖ 00
КБЖ 00

ISBN 0000 © Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, 2023

МАЗМҰНЫ

Қазақстан мен Түркия – сенімді стратегиялық әріптестер 4
Қазақстан – Түркия: достық пен ынтымақтастыққа – 20 жыл ... 13
Казахстан – Турция: 20 лет плодотворного взаимодействия 21
Түбіміз бір туыс халықпыз 28
Достығымыз жарасқан елміз 35
Қазақстан – Түркия: стратегиялық серіктес елдер 43
Казахстан и Турция – новая синергия взаимодействия 52
В эпицентре тюркского мира 57
Қарым-қатынас қарқын алады 62
Атажұрт пен анажұрт ынтымақтастығының
«Жаңа синергиясы» 68
Ат басын бұрған алыстағы бауыр 89
Қазақстан бітімгершіліктің көпіріне айналды 102
С акцентом на инвестиции 110
Достық қарым-қатынасымыз әлем саясатына ықпал етуде 115

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ – СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТЕР

Биыл қазақстандықтар үшін айтулы жыл – Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы. Осы мерзім ішінде еліміз саяси тұрақты, экономикасы дамыған, халықаралық сахнада өзіне лайықты орынға ие, әлемге танымал мемлекетке айналды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаш таныған ел – бауырлас Түркия екені көпшілікке белгілі. Осы орайда, еліміздің басты мерекесі қарсаңында туысқан екі ел арасындағы ынтымақтастық пен байланыстардың қазіргі жай-күйі туралы Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Жансейіт Түймебаевты әңгімеге тартқан едік.

– Елші мырза, осы 20 жылдық мерзімде елімізді алғаш таныған бауырлас Түркиямен арамыздағы саяси қарым-қатынас туралы қысқаша не айтар едіңіз?

– Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар алғашқы күннен бастап достық пен бірлікке бастаған тұрақты байланыстарымыздың берік негізін қалады. Түркиямен екіжақты және көпжақты қатынастарымыз тарихи тамырластығымыздан, ортақ мәдени және рухани құндылықтарымыздан нәр алады.

Қазіргі уақытта екі ел арасындағы екіжақты қатынастар жемісті дамуда және стратегиялық әріптестік туралы шарт шеңберінде, аймақтық және жаһандық деңгейлерде халықаралық қатынастар жүйесінің маңызды факторына айнала отырып, белсенді өзара іс-қимыл жасауда.

Қазақстан мен Түркияның ынтымақтастығы сан салалы форматта – Біріккен Ұлттар Ұйымы, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы, Ислам ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңес, Түркітілдес мемлекеттер басшыларының саммиті, Түркітілдес мемлекеттер мәдениет министрлерінің тұрақты кеңесі – ТҮРКСОЙ және басқа бірлестіктер шеңберінде ойдағыдай жалғасуда. Түркия Қазақстанның Орталық Азиядағы жетекші рөлін танып, елімізді аймақтағы маңызды әріптесі санайды.

Түркия Президенті А.Гүл Президент Н.Назарбаевты түркі дүниесінің лидері ретінде жоғары бағалайды. Міне, осының бәрі екі ел арасындағы қатынастардың жоғары деңгейін көрсетеді.

– Қазақстан мен Түркияның көпжақты ынтымақтастығының деңгейін қалай бағалар едіңіз?

– Жоғарыда айтып өткенімдей, Түркиямен көптеген аймақтық, халықаралық мәселелерде көзқарастарымыз бір жерде түйісіп жатады.

Атап айтқанда, Елбасымыздың бастамасымен дүниеге келген, «Азия кеңесі» деген атпен белгілі Азияда өзара ықпалдастық пен сенім шаралары кеңесіне 2010-2012 жылдар аралығына төрағалықты Түркия Қазақстаннан қабылдап алып, оны табысты атқаруда.

Біздің дипломатиямыздың ірі жетістігі болып саналатын Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалығы кезеңінде Түркия басты қолдаушылардың қатарында болды.

Астанадағы саммитке Түркия Президенті А.Гүл бастаған жоғары деңгейдегі делегацияның қатысуы осыған куә. Қазақстанның Ислам ынтымақтастық ұйымына төрағалығын табысты атқаруына да Түркия барынша атсалысуда. Биыл маусымда Астанада өткен ИЫҰ-ның Сыртқы істер министрлер

кеңесінің 38-ші отырысына Түркия сыртқы істер министрі А.Давутоғлу арнайы қатысты.

Сонымен қатар Түркияның бастамашылығымен және қазақстандық төрағалықтың жетекшілігімен тамыз айында ұйымның Сомалиге арналған жоғары деңгейдегі кездесуі Ыстамбұлда өтті.

Осы бағыттағы ерекше айтып кететін оқиға – Елбасымыз Н.Назарбаевтың жалпытүркілік бірігуге қатысты ұсынған бастамаларының жүзеге асуы болып табылады. Дәлірек айтқанда, Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі (Түркі кеңесі), Түркітілдес мемлекеттер Парламенттік ассамблеясы, Ақсақалдар кеңесі және Астанада Түркі академиясы құрылып, қазіргі таңда жұмыстарын табысты жүргізуде. Түркі кеңесінің хатшылығы Ыстамбұлда ашылып, қызметіне кірісті. Биыл қазанда Алматыда өткен Түркі кеңесінің бірінші саммиті түркітілдес мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастығы тақырыбына арналды. Бұл өз кезегінде Елбасымыздың жалпытүркілік интеграциялануға қатысты бастамаларының өміршеңдігін және өзектілігін көрсетіп отыр.

Бұдан басқа, Түркия БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінде 2017-2018 жылдары уақытша мүшелікке Қазақстанның кандидатурасын қолдайтындығын мәлімдеді. Қазақстан да БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне 2015-2016 жылдары уақытша мүшелікке Түркияның кандидатурасын қолдайтындығын білдірді.

– Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық қарым-қатынастар туралы ойыңызбен де бөліссеңіз. Келешекте екі елдің мүддесі үшін қай салаларда және қандай жобаларды іске асыру қажет деп ойлайсыз?

– Екіжақты ынтымақтастықтың маңызды аспектісі – сауда-экономикалық өзара іс-қимыл болып табылады.

Түркия алғашқы жылдары елімізде жеке кәсіпкерлік пен құрылыс саласының дамуына айтарлықтай үлесін қосты.

Қазіргі күні Қазақстанда 1400-ден астам түрік фирмасы жұмыс істеуде. Осы жылдар ішінде Қазақстан экономикасына жалпы алғанда шамамен 2 миллиард доллар көлемінде түрік инвестициясы, Қазақстаннан Түркияға шамамен 1 миллиард доллар көлемінде инвестиция жұмсалды.

Сонымен қатар түрік мердігерлері Қазақстанда құны 15 миллиард АҚШ долларынан асатын құрылыс жобасын жүзеге асырды. Осылайша Қазақстанның Түркия экономикасына қосқан күрделі қаржысы шамамен 15 миллиард АҚШ долларына жетті. Дегенмен де өзара жұмсалған инвестициялар екі елдің экономикалық әлеуетіне сай келмейді және әлі де барлық мүмкіндіктер толық жүзеге асырылған жоқ деген ойдамын. Ендігі кезекте экономикалық ынтымақтастықтың барлық мүмкіндіктерін дамыту және іске асыру мақсатында біраз жобалар қолға алынуда.

Сауда-экономикалық саладағы өзара іс-қимылды жандандырудың маңызды аспектісі – тез арада Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесін құру және «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасына қол қою болып табылады. Олар жақын келешекте Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы сауда көлемін 10 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғайтуға және өзара іс-қимылдың экономикалық құраушысын одан әрі кеңейтуге жаңа серпін беруге бағытталған. Түрік өнеркәсібінің және тұтасымен алғанда экономикасын дамыту локомотиві болып қызмет ететін ұйымдастырылған индустриялық аймақтарды құруда Түркия орасан зор оң тәжірибе жинақтаған.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы Үкіметтері арасында Қазақстанда бірлескен қазақ-түрік индустриялық аймақтарын құру туралы меморандумға қол қойылғанын атап өткім келеді.

Қазақстанда түрік капиталының қатысуымен алғашқы бірлескен индустриялық аймақты ашу жөніндегі тараптардың

өзара мүдделілігі ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтуде. Аталған аймақ түрік бизнесінің қазақстандық рынокқа жүйелі түрде кіруіне мүмкіндік береді және біздің еліміздің қолайлы инвестициялық ахуалын жақсартуға қызмет етеді. Алғашқы бірлескен индустриялық аймақты Оңтүстік Қазақстан облысында ашу көзделген. Қазақстандағы қолайлы инвестициялық ахуалды Түркияда таныту іс-шаралары кеңінен жүргізілуде, сондай-ақ ірі түрік бизнесін елімізге тарту жұмыстары да өз жалғасын табуда.

Осылармен бірге Қазақстан экономикасының басым секторларына инвестициялар тартуға күш салынуда. Аталған жұмыстардың нәтижесінде 2011 жылы Қазақстан мен Түркия арасында сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жандағанын атап өтуге болады.

2010 жылы екі елдің арасындағы сауда айналымы 66 пайызға өсіп, 3,2 миллиард АҚШ долларын құраса, 2011 жылы бұл көрсеткіш 4 миллиард АҚШ долларынан асады деп күтілуде. Ал осы жылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша тауар айналымы 2,24 миллиард АҚШ долларын құрады.

Сонымен қатар екі ел арасында қосымша тікелей әуе қатынастарын ашу мәселесі де ойдағыдай шешілуде. Атап айтқанда, қазақстандық «Скат» әуе компаниясының Шымкент-Ыстамбұл бағытында жаңа рейсі ашылды. Осы бағытта атап өтетін тағы бір оқиға, 2011 жылғы қазан айында Ыстамбұл қаласында ҚР Сауда-өндірістік палатасы өкілдігінің ашылуы болып өтті. Аталған қадам Қазақстан мен Түркия арасында сауда-экономикалық ынтымақтастықтың одан әрі дамуына қосылатын үлес болмақ.

Екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыру мақсатында биылғы қараша айында ҚР спорт және туризм министрі Т.Ермегияев пен ТР экономика министрі З.Чаглаянның төрағалығымен өткен үкіметаралық комиссияның 7-ші отырысы болды. Комиссияның отырысы барысында

сауда-экономикалық мәселелердің кең ауқымы, атап айтқанда сауда-экономикалық бөліктің 22 бағыты бойынша, оның ішінде өзара сауда, көлік, энергетика, өнеркәсіп, мердігерлік және консалтингтік қызмет көрсетулер, ауыл шаруашылығы, туризм, шағын және орта бизнесті дамыту, еңбек және әлеуметтік қорғау, әлеуметтік тұрғын үйдің құрылысын дамыту, Қазақстанда қазақ-түрік индустриялық аймақтарын құру, «Жаңа синергия» бірлескен бағдарламасы жобасының ережелері, сондай-ақ ғылыми-техникалық саладағы ынтымақтастық және т.б. қарастырылды.

Сондай-ақ Қазақстан мен Түркия Президенттерінің қамқорлығы аясында «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасының жобасын талқылау жөніндегі қазақстандық және түрік жұмыс топтарының кездесуі өтті. Жалпы алғанда, Түркияның іскер топтары Қазақстанмен сауда және инвестициялық байланыстарды өзара тиімді дамытуға үлкен қызығушылық танытуда. Осы мүмкіндіктердің экономикалық әлеуетінің дамуына зор тиімділігі болады деген ойдамын.

Сауда-экономикалық ынтымақтастықпен қатар, мәдени-гуманитарлық саладағы қазақ-түрік ынтымақтастығына да тоқталып өткім келеді.

Аталған саладағы ынтымақтастық жоғары белсенділігімен ерекшеленеді.

Қазақстан мен Түркияның мәдениет, өнер қайраткерлерінің, әдебиетшілерінің екі елде ұйымдастырған шараларға қатысулары, өнер ұйымдарының гастрольдері, өңірлер арасында бауырластық байланыстары ынтымақтастықтың негізгі арқауы болып отыр. Білім саласында өзара ықпалдасудың жарқын мысалы ретінде Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін (ХҚТУ) атап өтуге болады. Ыстамбұл қаласында Абай атындағы орта мектеп табысты қызмет атқаруда. Осы уақытқа дейін 1500-ден астам ҚР азаматы Түркияның жоғары оқу орындарын аяқтап елге

оралса, қазір елдің 27 университетінде 560 қазақстандық студент білімдерін жалғастыруда. Ыстамбұлдағы қазақ диаспорасының 15 баласы мен 2 мұғалімнің Қазақстандағы «Балдәурен» оқу-сауықтыру санаторийінде демалысы ұйымдастырылды. Қазақстан жазушылар одағы мен Түркияның Еуразиялық жазушылар одағы арасында өзара ықпалдастық жалғасуда. «Бауырлас қаламдар» атты журналдың биылғы тамыз айындағы саны белгілі қазақ ақыны Қасым Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойына арналды.Түркі халықтарының мәдениетін қолдау ұйымы – ТҮРКСОЙ-мен бірлесе отырып Ыстамбұл, Анкара қалаларында ұйымдастырылған «Қасым күндерінің» аясында әдеби-музыкалық кештер өтті. Қазақстан мен Түркияның өңірлері арасында сауда-экономикалық, мәдени, білім салаларында бауырластық қатынастар да дамып келеді. Бүгінгі таңда екі елдің 11 қаласы мен облысы арасында бауырластық қатынастар орнаған. Бұлар осы салада жүргізіліп отырған іс-шаралардың бір бөлігі ғана.

– Төл мерекеміздің қарсаңында қойылатын дәстүрлі сұрақ: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы бауырлас Түркия елінде қалай аталып өтті?

– Түркияда Қазақстан тәуелсіздігі мерекесі кең ауқымда атап өтілді. Бұл бағытта жыл басынан бері 100-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Түркияның 15-тен астам провинциялары мен аудандарында сурет және картина көрмелері, түрлі семинарлар мен дөңгелек үстелдер, конференциялар мен отырыстар өтті. Түрлі кезеңдерде Қазақстанның белгілі өнер шеберлері Ыстамбұл, Анкара, Адана, Ескішехир, Денизли сияқты және т.б. бірнеше қалалары мен аудандарының жұртшылығын қазақ өнерімен таныстырды.

Атап айтқанда, қазақстандық қылқалам шеберлерінің «Алтын ғасыр» сурет көрмесі, түрік фотографы Явуз Алатанның

Қазақстан туралы фотосурет көрмесі түркиялықтардың қызығушылығын туғызды.

Қазақстандық артистер тобының Памуккаледегі III халықаралық «Түрквизион» фестиваліне қатысуына мүмкіншілік жасалды.

Президенттік оркестрдің «Белес» тобы мен қобызшы Әсел Нүркенованың IV халықаралық музыкалық фестивальге қатысуына қолдау көрсетілді.

Елшілік ТҮРКСОЙ шеңберінде қазақ халық композиторы Дина Нұрпейісованың 150 жылдық мерейтойына арналған мәдени шараларға атсалысты. Осы ретте Атырау қаласының Д.Нұрпейісова атындағы Қазақ халық аспаптары академиялық оркестрі Түркияның бірқатар қалаларында концерттер берді. ТҮРКСОЙ-дың, ТР Мәдениет және туризм министрлігінің, елшіліктің және Анкара қаласы Етимесгут ауданы мэриясының қолдауымен қазақ композиторының құрметіне аталмыш ауданда Дина Нұрпейісова атындағы парк ашылды. Бұл шетелде қазақ күйшісіне арналған тұңғыш парк екендігін атап өткім келеді. Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесіне орай, Невшехир қаласында Н.Назарбаев атындағы проспект және Қазақстан бульвары ашылды.

Елшілік «Қазақстан» атты екі томдық иллюстрацияланған ақпараттық-анықтамалық кітапты түрік тілінде дайындап баспадан шығарды. Кітап Түркияның қоғамдық-саяси, ғылыми-академиялық және іскер топтарымен кездесулер барысында таратылуда. Қазақстан жоғары оқу орындарының ректорлары мен Түркияның жоғары оқу орындарында білім алып жатқан қазақстандық студенттердің қатысуымен ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қ.Мәмидің Түркияға таяуда болып өткен ресми сапарының шеңберінде Қазақстанның еңбек сіңірген артистері, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары Нұржамал Үсенбаева, Жан Тапин, Азамат

Жылтыркөзов, Ахат Кенжебаев, Жазгүл Даңылбаева, Гүлзия Стамбектің, ҚР Президенттік оркестрінің халық аспаптары ансамблі мен «Белес» тобының және «Наз» би тобының қатысуымен ұйымдастырылған концерттік бағдарлама Анкара жұртшылығының ерекше қызығушылығын туғызды.

Келесі жылы қазақ-түрік қатынастарының орнағанына 20 жыл толуын атап өткелі отырмыз. Осы бағытта да екіжақты ынтымақтастығымыздың жетістіктерін кең ауқымда атап өтуді жоспарлап отырмыз. Жұмыс жоғары қарқында жалғасатын болады.

– Құрметті елші, сұхбатыңызға рақмет, алға қойған мақсаттарыңыз бен жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз.

inform.kz,
15 желтоқсан 2011 жыл

ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКИЯ: ДОСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА – 20 ЖЫЛ

Биыл Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған сәтте, 1991 жылғы 16 желтоқсанда елімізді әлемде бірінші таныған және өз елшілігін алғашқылардың бірі болып Алматыда ашқан Түркиямен дипломатиялық қатынастарымыздың 20 жылдық мерейтойы аталып өтуде.

Осынау 20 жылдық мерзім ішінде Қазақстан Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың салиқалы саясаты мен сара жолды көре білетін қасиетінің арқасында үлкен белестерден өтті, мемлекеттілігіміздің негізі қаланды, саяси тұрақтылық пен экономикалық дамуға қол жеткізді.

Қазақстанның еңсесін көтеріп, ел болып қалыптасуына тамыры тереңде жатқан бауырластық, туыстық сезімдерін арқаланған түрік бауырларымыздың қолдауы мен тілеулестігінің ықпал еткені даусыз. Біз түрік елінің айнымас достық пейілі мен ыстық ықыласын жоғары бағалаймыз.

1992 жылғы 2 наурыздан бастау алған Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастар осы жылдар ішінде екі бауырлас ел арасындағы достық пен бірлікке негізделген байланыстарға айналып, тұрақтылық сипатындағы стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Сол кезден бері жоғары деңгейдегі өзара ресми сапарлар бауырлас екі ел арасындағы ынтымақтастықтың ұдайы дамып, нығаюына үлкен септігін тигізуде. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркияда 20-дан астам ресми және жұмыс сапарларымен болды. Түркия Президенттері Тұрғыт Өзал, Сүлеймен Демирел, Ахмет Неждет Сезер, Абдулла Гүл де бірнеше мәрте Қазақстанда

сапарлармен болды. Сондай-ақ Премьер-министрлер, Парламент төрағалары, министрлер деңгейінде де сапарлар тұрақты түрде өтуде.

Тарихи тұрғыдан алғандағы азғана уақыт ішінде елдеріміз арасындағы қатынастар өзара сенімнің биік дәрежесіне көтерілді. Жемісті ынтымақтастықтың айқын нәтижесі ретінде Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастар достық, бауырластық және сындарлы диалог бағытында дамуда. Мұның жарқын дәлелі – ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға 2009 жылғы қазандағы ресми сапары барысында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы стратегиялық серіктестік туралы шарт болып табылады.

Қазақстанмен тарихи байланысы тереңде жатқан Түркия – еліміздің Еуразия құрлығындағы маңызды әрі сенімді әріптесі. Екі ел арасындағы екіжақты қатынастардың қарқынды дамуы, Қазақстан мен Түркия ұстанымдарының ұқсастығы көпжақты ынтымақтастық мәселелерінің кең ауқымы бойынша өзара түсіністікті қамтамасыз етуге негіз болуда. Бұл ынтымақтастық Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Түркі кеңесі, ТҮРКСОЙ және басқа бірлестіктер шеңберінде ойдағыдай дамып келеді. Атап айтқанда, 1992 жылы Қазақстан Президенті АӨСШК-ні құру жөнінде бастама жасаған сәттен бері Түркия осы үдерістің белсенді стратегиялық қатысушысы болып отыр. Оның АӨСШК-ге төрағалығы – екі бауырлас мемлекеттің ынтымағы мен жарастығының жарқын көрінісі.

Түркия басшылығы Қазақстанның Түркі кеңесін құру идеясын іске асырудағы маңызды рөлін, сондай-ақ Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесі, Парламенттік ассамблея, Ақсақалдар алқасы, Астанада Түркі академиясы құрылғанын жоғары бағалайды. Бұл ретте Анкара түркітілдес мемлекеттермен ортақ

тіл, дін, тарихи және мәдени құндылықтарға негізделген қатынастарды одан әрі тереңдетуді және жалпытүркілік интеграция үдерісін нығайтуды құптайды.

Қазақстан мен Түркияның өңірлік және халықаралық деңгейдегі ынтымақтастығының жылдан-жылға артуының көрсеткіштері ретінде Түркияның 2010 жылы ЕҚЫҰ шеңберінде және 2011 жылы Қазақстанның ИЫҰ-ға төрағалығына пәрменді қолдау көрсетуін атап өту қажет. Бұл да түбі бір түрік ағайындарымыздың ізгі ықыласының айқын көрсеткіші.

Екі ел арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға парламентаралық ынтымақтастық та өзінің лайықты үлесін қосуда. Парламенттердің депутаттық достық топтары арасындағы байланыстарды одан әрі жандандыруға көңіл бөлінуде. 2011 жылғы қарашада ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қайрат Мәмидің Түркияға ресми сапары ұйымдастырылып, еліміз Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, Невшехир қаласында Қазақстан даңғылы ашылды. Үстіміздегі жылы күзде Түркия ұлы ұлттық мәжілісінің төрағасы Жемил Чичектің Қазақстанға сапары жоспарлануда. Сан салалы сауда-экономикалық байланыстар екіжақты ынтымақтастықтың маңызды аспектісі болып табылады.

Халықаралық сараптау-талдау қоғамдастығы бүгінгі Түркия мемлекетін барынша қарқынды даму үстіндегі және жаһандық дағдарысты табысты еңсеріп қана қоймай, экономикада белгілі бір табыстарға қол жеткізген, Еуропадағы экономикалық ахуалды жандандырған қозғаушы күш ретінде сипаттайды. Түркия үкіметінің соңғы жылдары табысты жүргізген экономикалық саясатының нәтижесінде түрік экономикасы әлемде 16-орынға және Еуропада 6-орынға ие. Қазіргі таңдағы Түркия үкіметінің стратегиялық мақсаты – әлемдегі мейлінше бәсекеге қабілетті елдерінің алғашқы ондықтың қатарына ену болып табылады.

Түркия Қазақстанның аймақтағы сенімді сауда-экономикалық әріптесі болып табылады. 2010 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы сауда айналымы 2,9 млрд АҚШ долларын құраса, 2011 жылдың қорытындылары бойынша бұл цифр 3,9 млрд АҚШ долларына жетті. Ал биылғы алғашқы алты айдағы көлем 2,5 млрд АҚШ долларына жетті.

Бұл тұрғыдан қарағанда 2012 жылғы мамырда өткен Түркия Премьер-министрі Реджеп Тайып Ердоғанның Қазақстанға ресми сапарының маңызы зор болды. Р.Т.Ердоған V Астана экономикалық форумына, сондай-ақ Қазақ-түрік іскерлер форумына қатысады. Екі ел арасындағы 20 жылдық мерейтой шеңберінде ұйымдастырылатын Түркия Премьер-министрінің ресми сапары қазақ-түрік әріптестігінің тереңдеуіне, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және қол жеткізілген уағдаластықтарды тиімді жүзеге асыруға жаңа серпін беретініне сенемін. Сапар барысында Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесін құру және «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасына қол қою көзделуде. Олар жақын келешекте Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы сауда көлемін 10 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғайтуға және өзара іс-қимылдың экономикалық құраушысын одан әрі кеңейтуге қозғау салуға тартылған.

Біздің елдеріміз арасындағы өзара сауданың көлемін ұлғайтуға және сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға тікелей ықпалын тигізетін мейлінше маңызды бағыттардың бірі – көлік саласы. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуды тежеуші бір фактор жүктердің автомобильдік тасымалдау арқылы жеткізілуі болып табылады.

Бұл орайда, Қазақстан мен Түркия арасындағы теміржол магистралін жолға қою керек деп ойлаймыз. «Түркия – Иран» және «Иран – Түрікменстан – Қазақстан» және «Карс – Ахалкалаки – Тбилиси – Баку» теміржолдары магистральдерін салып бітіру Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда айналымын және Қазақстанның энергия ресурстарын

әлемдік рыноктарға тасымалдауды едәуір ұлғайтуға, сондай-ақ тасымалдау көлемін көбейтуге және тарифтерді азайтуға, Каспий аймағы мен Еуропа арасындағы тікелей көлік қатынасын қамтамасыз етуге мүмкіндік берер еді.

Жаңа авиарейстердің ашылуы да бауырлас елдердің арасын жақындата түсетін туыстық пен достық көпірлері іспеттес ынтымақтастықты нығайтуға, экономикалық ықпалдастықты күшейтуге қызмет етері анық. Қазіргі таңда Қазақстан тарапы Қазақстан мен Түркия арасында 14 рейсті, ал түрік тарапы 12 рейсті орындайды. 2011 жылғы қыркүйектен бастап «СКАТ» авиакомпаниясы Шымкент – Ыстамбұл – Шымкент бағыты бойынша аптасына бір рет жиілікпен тұрақты рейсті орындауды бастады. Сондай-ақ Қазақстан тарапы түркиялық «Pegasus Airlines» авиакомпаниясына Ыстамбұлдың Сабиха Гөкчен әуежайынан Алматы бағыты бойынша тұрақты рейстерді орындауда.

Экономикалық саладағы әлеуетімізді кеңінен қолдану және тереңдету керек деген пікірдемін. Түрік өнеркәсібінің және тұтасымен алғанда экономикасын дамыту локомотиві болып табылатын ұйымдастырылған өнеркәсіптік аймақтарды құруда Түркия орасан зор оң тәжірибе жинақтаған. Қазақстанда түрік капиталының қатысуымен алғашқы бірлескен индустриялық аймақ ашу жөніндегі тараптардың өзара мүдделілігі ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтуде. Бұл аймақ түрік бизнесінің қазақстандық рынокқа жүйелі түрде кіруіне мүмкіндік береді және біздің еліміздің қолайлы инвестициялық ахуалын жақсартуға қызмет ететін болады.

Екі бауырлас елдің рухани әрі достық қазығына айналған мәдени-гуманитарлық саладағы қазақ-түрік ынтымақтастығы жоғары қарқындылығымен сипатталады. Тіліміздің, дініміздің, тарихымыздың және мәдениетіміздің ортақтығынан қуат алатын бұл бағыттағы қатынастар тараптар өкілдерінің мәдени іс-шараларға қатысуларына, шығармашылық делегациялармен

алмасу практикасына, екі ел қалалары мен аймақтарының арасындағы бауырластық байланыстарды дамытуға бет алған.

Бұл бағытта түркі әлемінің өткенін, бүгінін және болашағын зерттейтін халықаралық ғылыми орталық – Астанадағы Түркі академиясының институттық және интеллектуалдық негізін жетілдіру, екі елдің мызғымас достығының кепіліне айналған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қызметінің тиімділігін арттыру, қолданыстағы нормативтік-құқықтық база негізінде ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастықты дамытудың маңызы зор.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Астананың төрінде Түркияның негізін қалаған, қазіргі Түркия мемлекетінің негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүрікке, сондай-ақ Түркия елінде халқымыздың кемеңгері Абайға, Мұхтар Әуезовке, Мағжан Жұмабаевқа, Абылай ханға, Қабанбай батырға орнатылған ескерткіштер бауырластық қатынастардың жарқын куәсі деп нық сеніммен айта аламыз.

Жалпы айтқанда, тәуелсіз тарихымыздың парағына алтын әріптермен жазылатын уақыт ішінде қазақ-түрік қатынастары маңызды оқиғаларға толы болды. Қазақстан мен Түркия халықтары өздерінің достығы мен бірлігін айқын дәлелдей отырып, ежелгі мүдделеріне сәйкес осы жолда айтулы табыстарға қол жеткізіп, стратегиялық өрлеу кезеңіне батыл қадам басты. Осы орайда, екі бауырлас елдің достығы мен ынтымақтастығының ұдайы дамып, стратегиялық әріптестігінің негізін қалаған Нұрсұлтан Назарбаев екенін ерекше атап өту қажет. Қазақстан Президенті Н.Назарбаев: «Тағдыр бізді әлемнің әр түкпіріне қоныстандырғанымен, біз түбі бір туғанымызды, бір ананың бауырынан өрбігенімізді ұмытпаймыз», – деген болатын бір сөзінде.

Елбасымыздың қазақ-түрік ынтымақтастығына және түркі әлемін біріктірудегі ерен еңбегін түрік басшылығы да мойындайды. Мұның жарқын дәлелі – Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияның мемлекеттік орденімен

марапатталуы, түрік астанасы Анкарада оның ескерткіші ашылып, Невшехир қаласында Президент атындағы көшенің ашылуы. Бұл өз кезегінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың соңғы жиырма жыл ішінде Қазақстанның, қазақ-түрік қарым-қатынастарының және жалпы түркі әлемінің игілігі үшін жасаған қызметіне берілген бағалардың жиынтығы деп санаймыз. Сондықтан болса керек, Түркия Президенті Абдулла Гүл: «Нұрсұлтан Назарбаев түркітілдес мемлекеттердің топтасуы үшін көп іс тындырды, сондықтан да Қазақстанның ғана емес, бойында түркінің қаны бар барлық халықтардың көшбасшысы болып табылады», – деп атап көрсетті.

Әрине, осының бәрі біз үшін үлкен мақтаныш. Бауырластық байланыстардың осындай жарқын үлгілері мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықтың дамуына игі ықпал етеді деп сенемін.

Жоғарыда айтып өткенімдей, екі бауырлас ел үшін биыл айтулы жыл. Осы орайда, дипломатиялық қатынастарымыздың 20 жылдығы құрметіне бірқатар түрік қайраткерлері марапатқа ұсынылып, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен берілген «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерейтойлық медальдарымен наградталды. Кезінде Елбасымыз «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар – жүйріктің де жүйрігі бар. Қазақстан тәуелсіздігін бірінші болып таныған сәттен бастап, күні бүгінге дейін еліміздің өркендеуіне ыстық ілтипат білдірген Түркияның күллі халқын марапаттаудың артықтығы болмас» деген болатын.

Жоғары марапатқа ие болғандар қатарында Түркияның 9-шы президенті Сүлеймен Демирел, Түркия парламентінің бұрынғы төрағасы Көксал Топтан, Түркия премьер-министрінің орынбасары Бекир Боздағ, Түркия Президенті әкімшілігінің басшысы Мұстафа Исен, Түркия Сыртқы істер министрі Ахмет Давутоғлу, Түркия Мәдениет және туризм министрі Ертуғрул Гүнай, ӘДП төрағасының орынбасары Хүсейн Челик пен ӘДП

бас хатшысы, Қазақстан-Түркия парламенттік достық тобының төрағасы Халюк Ипек бар.

Осы мерейтой жылы жоспарланған екіжақты жоғары деңгейлі, атап айтқанда, Елбасымыздың Түркияға және Түркия Парламентінің төрағасы Жемил Чичектің Қазақстанға ресми сапарлары қазақ-түрік достығының тереңдеуіне серпін беріп, екіжақты ынтымақтастықтың көкжиегін одан әрі кеңейтуге жол ашары анық.

Бауырластық байланыстардың осындай жарқын үлгілері мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықтың дамуына игі ықпал етеді деп сенемін. Тұтасымен айтқанда, өзара түсіністік пен сенім негізінде қанатын кеңге жайып келе жатқан екі ел ынтымақтастығының әлеуеті мен келешегі зор және де әріптестік пен ізгілік рухында одан әрі де халықтарымыздың игілігі үшін дами бермек.

«Алматы ақшамы» газеті,
26 мамыр 2012 жыл

КАЗАХСТАН – ТУРЦИЯ: 20 ЛЕТ ПЛОДОТВОРНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

Завершившийся официальный визит Премьер-министра Турции Реджепа Эрдогана в нашу страну придал очередной импульс отношениям двух братских государств.

Факт подписания в ходе нынешнего визита судьбоносных для дальнейшего дальнейшего укрепления межгосударственных отношений и сотрудничества деловых кругов, взаимопроникновения двух народов в культурно-гуманитарной сфере, совместного заявления о создании Совета стратегического сотрудничества на высшем уровне совместной экономической программы «Новая синергия» трудно переоценить.

Визит главы турецкого правительства проходил в русле нового формата отношений РК и ТР, развивающихся в духе стратегического партнерства. Все мы были свидетелями, а некоторые участниками Астанинского экономического форума и казахстанско-турецкого бизнес-форума, в которых принял участие Премьер-министр Р.Т.Эрдоган. Подписание соглашений и меморандумов на сумму более чем 1 млрд долларов, однозначно говорит о заинтересованности и объективной необходимости расширения партнерства в экономической сфере.

Думается, не стоит пересказывать широко освещенную в отечественных и турецких СМИ повестку дня переговоров Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева с Премьер-министром Турции, встреч Р.Т.Эрдогана с главой Правительства РК Каримом Масимовым и руководством Парламента нашей республики.

Не это ли показатель искренних отношений к нам руководства и народа Турции, в какой бы шутливой или иной форме они не преподносились. Ведь как гласит народная мудрость «нет лучше музыки, чем детский смех в домах».

Показательным является и проведение визита в период, когда отмечается 20-летие установления дипломатических отношений между Казахстаном и Турцией. Подписание соответствующего протокола 2 марта 1992 года стало отправной точкой истории межгосударственного партнерства. Отдельной строкой в эту историю вписана дата 16 декабря 1991 года, когда ТР первой в мире признала государственную независимость РК.

С того момента воля политического руководства двух стран, неизменность выбранного курса на развитие взаимодействия и интенсивность контактов на высшем и высоком уровнях обуславливают радужные перспективы сотрудничества.

В настоящее время отношения между Казахстаном и Турцией динамично развиваются в духе дружбы, братства и конструктивного диалога. Договор о стратегическом партнерстве, подписанный в Анкаре по итогам официального визита Президента РК в 2009 году, поднял их на новый уровень. Документ охватывает качественно новые аспекты сотрудничества в политической, экономической, научно-технической, экологической, информационной, культурно-гуманитарной и других областях.

Наряду с двусторонним взаимодействием Астана и Анкара реализуют насыщенную политическую повестку дня и в многостороннем формате, в том числе в рамках ООН, ОБСЕ, СВМДА, ССТГ, ОЭС, ОИС, других международных и региональных структур. Сотрудничество по линии указанных организаций открывает широкие перспективы многопланового партнерства.

Турция – стратегический участник процесса совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии с момента его инициирования Главой государства Нурсултаном

Назарбаевым в 1992 году. Важнейшим аспектом политического взаимодействия является текущее председательство ТР в СВМДА, что укрепляет возможность превращения Совещания в еще более авторитетное международное объединение и свидетельствует о серьезной дипломатической поддержке глобальных и региональных проектов Казахстана.

Турция также является наиболее активным сторонником общетюркских интеграционных процессов в рамках Совета сотрудничества тюркоязычных государств. Политические и общественные круги ТР внимательно и с интересом отслеживают внешнеполитические инициативы и меры внутриполитического и экономического характера руководства нашей страны. Так, позитивный резонанс получила инициатива Президента РК о создании структур, которые призваны укрепить единство тюркских народов. В настоящее время успешно работает секретариат Тюркского совета, Парламентская ассамблея, Совет старейшин, а также Тюркская академия. Турецкое руководство признает ключевую роль Нурсултана Назарбаева в реализации данных идей.

В этом аспекте весьма знаковым является признание Главы нашего государства руководством и общественностью Турции лидером тюркского мира. Уникальным событием стало возведение памятника казахстанскому лидеру в Анкаре и награждение его орденом Почета Турецкой Республики, что является высшей оценкой многолетней деятельности Елбасы во благо Казахстана, казахстанско-турецких отношений и тюркского мира в целом.

«Мы все свидетели того, как благодаря мудрой и дальновидной политике Нурсултана Назарбаева Казахстан превратился в цветущий оазис своего региона и день ото дня повышает авторитет на международной арене», – так охарактеризовал роль Главы нашего государства в одном из интервью Президент Турции Абдулла Гюль.

ТР оказывала действенную поддержку председательству РК в ОБСЕ в 2010 году, и продолжает активно содействовать казахстанскому председательству в ОИС. Крепнут двусторонние межпарламентские связи. В первую очередь это происходит при поддержке групп дружбы в высших законодательных органах обоих государств. Официальный визит председателя Сената Парламента РК Кайрата Мами в Турцию в ноябре прошлого года придал межпарламентскому сотрудничеству дополнительный импульс. Осенью текущего года ожидается официальный визит председателя парламента Турции Джемиля Чичека в Астану.

Важным направлением сотрудничества является торгово-экономическое взаимодействие. Турция характеризуется международным экспертно-аналитическим сообществом как наиболее динамично развивающееся государство и «локомотив» для оживления экономической ситуации в Европе. ТР не только успешно преодолела глобальный кризис, но и добилась определенных успехов в экономике. В результате проводимой правительством успешной политики в последние годы турецкая экономика занимает 16-е место в мире и 6-е – в Европе. На сегодня стратегической целью Турции является вхождение в число 10 наиболее конкурентоспособных держав в мире.

Турецкая Республика – один из ключевых партнеров Казахстана в торгово-экономической сфере. По результатам 2010 года, взаимный товарооборот составил 2,9 млрд долларов. По итогам прошлого года эта цифра составила 3,9 млрд долларов. Посредством реализации пунктов подписанного в ходе упомянутого визита Р.Т.Эрдогана совместного заявления и программы «Новая синергия» планируется довести показатель объема внешней торговли между РК и ТР до 10 млрд долларов.

Следует отметить, что Турция имеет большой и успешный опыт в создании организованных промышленных зон, которые служат локомотивом развития промышленности и экономики страны в целом. Казахстанская сторона заинтересована

в изучении и применении этого опыта. Открытие в РК совместных индустриальных зон с участием турецкого капитала дает дополнительную возможность для системного вхождения бизнеса ТР на отечественный рынок и улучшения инвестиционного климата в нашей стране.

Географическая отдаленность двух государств актуализирует вопросы развития транспортно-логистической системы. Серьезным фактором, сдерживающим продвижение торгово-экономического сотрудничества, является перевозка основных грузов автомобильным транспортом. В связи с этим на первый план выходят проекты железных дорог, которые связали бы наши страны. Завершение магистралей «Турция – Иран» и «Иран – Туркменистан – Казахстан», а также «Карс – Ахалкалаки – Тбилиси – Баку» создаст условия для существенного увеличения товарооборота, позволит нарастить объем перевозок и уменьшить тарифы, обеспечит прямое транспортное сообщение между Прикаспийским регионом и Европой. Слова турецкого Премьер-министра о том, что завершение названных проектов «соединит Лондон с Китаем» – показатель их важности в евразийском масштабе.

В сфере авиационного транспорта наиболее актуальным является вопрос открытия новых рейсов между городами двух стран. В сентябре прошлого года состоялось открытие воздушного сообщения по маршруту Стамбул – Шымкент, обеспечиваемого казахстанской компанией «СКАТ». Это станет одним из основных факторов привлечения турецких инвестиций в результате прямых контактов бизнес-кругов, а также развития туризма на юге Казахстана с учетом растущего интереса граждан ТР к Туркестану.

Приятным фактом является и то, что Турция по праву гордится Астаной, существенный вклад в строительство которой внесли турецкие компании.

Важной составляющей отношений выступает установление побратимских связей между регионами Казахстана и Турции.

Особый акцент в межрегиональном сотрудничестве делается на создание индустриальных зон в соответствующих регионах нашей республики.

Серьезную лепту в укрепление межгосударственного сотрудничества вносит казахская диаспора Турции, члены которой благодаря поддержке ТР обрели вторую родину и являются ее достойными гражданами.

Активно развивается культурное сотрудничество, как в двустороннем формате, так и в рамках Международной организации тюркской культуры – ТЮРКСОЙ.

Большое значение имеет совершенствование институциональной и интеллектуальной базы Тюркской академии в Астане, повышение эффективности деятельности Международного казахстанско-турецкого университета им. Х.А.Ясави, продвижение сотрудничества в области науки и техники на основе действующей нормативно-правовой базы.

До сегодняшнего дня при поддержке ТР на турецкий язык переведены многие произведения классиков казахской литературы и известных современных авторов, включая труды Абая, Жамбыла, Магжана Жумабаева, Мухтара Ауэзова, Олжаса Сулейменова, Абиша Кекильбаева, Мухтара Шаханова, а также Главы государства Нурсултана Назарбаева.

По случаю 20-летия установления дипломатических отношений в соответствии с указом Президента РК группе видных турецких государственных и общественных деятелей вручены юбилейные медали «20 лет Независимости Республики Казахстан». В числе обладателей высокой награды: 9-й президент Турции Сулейман Демирель, экс-спикер парламента Коксал Топтан, руководитель администрации Президента ТР Мустафа Исен, заместитель председателя Партии справедливости и развития Хусейн Челик, председатель Казахстанско-турецкой парламентской группы дружбы Халюк Ипек.

Все перечисленные и другие примеры сотрудничества Казахстана и Турции без сомнения служат во благо двух братских государств и народов. Межгосударственные отношения в настоящее время не только поднялись на стратегическую высоту, но и имеют все предпосылки стать образцовыми среди взаимоотношений нашей республики с зарубежными партнерами.

Газета «Казахстанская правда»,
26 мая 2012 года

ТҮБІМІЗ БІР ТУЫС ХАЛЫҚПЫЗ

23 мамыр күні V Астана экономикалық форумына қатысқан Түркияның Үкімет басшысы Реджеп Тайып Ердоғанды Елбасымыз Н.Назарбаев қабылдап, екі ел арасындағы қарым-қатынастың өзекті мәселелерін талқылады. Сондай-ақ биыл Қазақстан мен Түркия арасындағы достық пен ынтымақтастық орнағанына 20 жыл болды. Соған орай, Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Жансейіт Түймебаевпен сұхбаттасқан едік.

– Құрметті Жансейіт Қансейітұлы, сіз Түркияға Қазақстанның елшісі болып барғалы біршама уақыт болды. Түріктер мен қазақтардың түбі бір туысқан халық екенін еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін терең түсіне бастағандаймыз. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары большевиктердің билікке келуіне орай аштықтан, қырылып-жойылудан бас сауғалап қашқан қазақтардың бір тобы Қытай еліне, одан әрі тірі қалғандары Түркияға жеткені тарихтан мәлім. Сол кезеңде түрік жұртының басшылары қазақтарға аса зор қамқорлық көрсеткенін халқымыз ұмытпақ емес. Нақты айтқанда, Түркияға аш-жалаңаш әзер жеткен қазақтарға мал беріп, салықтан босатып, олардың тірлік етуіне барынша жағдай жасады. Соның арқасында қазақтар еңсе көтеріп, тіпті Еуропа елдеріне дейін барып, оқып, қызмет атқарып жүр емес пе? Ал Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін түрік жұртымен қарым-қатынас мықтап дамып келе жатқаны баршаға мәлім. Нақты айтқанда, осы мәселеде есте қалар тарихи оқиғалар қандай деп айтуға болады?

– Иә, түрік жұрты қазақ үшін ең жақын ағайын, түбіміз ортақ екені тарихтан белгілі. Солай болса да, Қазақстан тәуелсіздік алған соң ғана екі ел арасында тығыз байланыс орнады. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған сәтте әлемде бірінші болып Түркия Республикасы танығанын тарихи оқиға деуге болады. Ал 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан мен Түркия арасында дипломатиялық қатынастар орнату заңды түрде бекіген еді. Сөйтіп, биыл Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас орнауының 20 жылдығы аталып өтуде. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Түркияда 20-дан астам ресми және жұмыс сапарлармен болды. Түркия Президенттері Тұрғыт Өзал, Сүлеймен Демирел, Ахмет Неждет Сезер, Абдулла Гүл де бірнеше мәрте Қазақстанда сапарлармен болды. Сондай-ақ премьер-министрлер, Парламент төрағалары, министрлер деңгейінде де сапарлар тұрақты түрде өтуде.

Елбасымыздың Түркияға 2009 жылғы қазандағы ресми сапары барысында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы стратегиялық серіктестік туралы шарт екі ел арасындағы қарым-қатынастың дамуына серпін әкелген тарихи оқиға болды.

Екі елдің ынтымақтастығы Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңес, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Түркі кеңесі және басқа бірлестіктер шеңберінде ойдағыдай дамып келеді. Түркі кеңесі, яғни Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің алғашқы саммиті Астанада өтіп, оның тақырыбы экономикаға арналды. 1992 жылы Қазақстан Президенті АӨСШК-ні құру жөнінде бастама жасаған сәттен бері Түркия осы үдерістің белсенді стратегиялық қатысушысы болып отыр. Оның АӨСШК-ге төрағалығы – екі бауырлас мемлекет ынтымағының жарқын көрінісі.

Түркия басшылығы Қазақстанның Түркі кеңесін құру идеясын іске асырудағы маңызды рөлін, сондай-ақ Нұрсұлтан

Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесі, Парламенттік ассамблея, Ақсақалдар алқасы, Астанада Түркі академиясы құрылғанын жоғары бағалайды. Бұл ретте Анкара түркітілдес мемлекеттермен ортақ тіл, дін, тарихи және мәдени құндылықтарға негізделген қатынастарды одан әрі тереңдетуді және жалпытүркілік интеграция үдерісін нығайтуды құптайды.

Түркияның 2010 жылы ЕҚЫҰ шеңберінде және 2011 жылы Қазақстанның ИЫҰ-ға төрағалығына пәрменді қолдау көрсетуі түбі бір түрік ағайындарымыздың ізгі ықыласының айқын көрінісі екенін ұғыну қиын болмаса керек.

Екі ел парламенттерінің депутаттары арасындағы байланыстар да күшейе түсуде. 2011 жылы қараша айында Парламент Сенатының төрағасы Қайрат Мәми Түркияға ресми сапармен барып, сол кезде еліміз тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, Невшехир қаласында Қазақстан даңғылы ашылды.

– Жалпы, Түркия жұртының қазіргі өркендеуі қандай дәрежеде? Әсіресе экономика жағынан Түркияның әлемде алатын орны қандай?

– Халықаралық сараптау-талдау қоғамдастығы бүгінгі Түркия мемлекетін барынша қарқынды даму үстіндегі және жаһандық дағдарысты табысты еңсеріп қана қоймай, сонымен бірге экономикада белгілі бір табыстарға қол жеткізген, Еуропадағы экономикалық ахуалды жандандырған қозғаушы күш ретінде сипаттайды. Соңғы жылдары Түркия басшыларының экономикалық саясатының нәтижесінде түрік экономикасы әлемде 16-орынға, ал Еуропада 6-орынға шықты. Қазіргі Түркия үкіметінің стратегиялық мақсаты – әлемдегі бәсекеге мейлінше қабілетті 10 елдің қатарына қосылу болып отыр. Бұл 75 миллион халқы бар Түркия үшін де, Қазақстан үшін де зор мерей болмақ.

– Ал Қазақстан мен Түркияның сауда-экономикалық байланысы қандай дәрежеде болып отыр?

– Түркия Қазақстанның аймақтағы сенімді сауда-экономикалық әріптесі болып табылады. 2010 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы сауда айналымы 2,9 миллиард АҚШ долларын құраған. 2011 жылдың қорытындысы бойынша бұл 3,9 миллиард АҚШ долларына жетті.

Біздің елдеріміз арасындағы өзара сауданың көлемін ұлғайтуға және сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға тікелей ықпалын тигізетін мейлінше маңызды бағыттардың бірі – көлік саласы. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуды күшейте түсуге жүктерді автокөлікпен тасымалдаумен қатар, теміржолдың қажеттігі де туындап отыр. Бұл орайда, Қазақстан мен Түркия арасындағы теміржол магистралін салу жөнінде мәселе қозғалуда. «Түркия-Иран» және «Иран-Түрікменстан-Қазақстан» және «Карс-Ахалкалаки-Тбилиси-Баку» теміржолдары магистральдерін салып бітіру Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда айналымын және Қазақстанның энергия ресурстарын әлемдік рыноктарға тасымалдауды едәуір ұлғайтуға, сондай-ақ тасымалдау көлемін көбейтуге және тарифтерді азайтуға, Каспий аймағы мен Еуропа арасындағы тікелей көлік қатынасын қамтамасыз етуге мүмкіндік берер еді.

Жаңа авиарейстердің ашылуы да бауырлас елдердің арасын жақындата түседі. Қазіргі таңда Қазақстан тарапы Қазақстан мен Түркия арасында 14 рейсті, ал түрік тарапы 12 рейсті орындайды. 2011 жылдан бастап «СКАТ» авиакомпаниясы Шымкент – Ыстамбұл – Шымкент бағыты бойынша, сондай-ақ түркиялық «Pegasus Airlines» авиакомпаниясы Ыстамбұлдың Сабиха Гөкчен әуежайынан Алматы бағыты бойынша тұрақты рейстерді орындауда.

Түрік өнеркәсібінің және тұтасымен алғанда экономикасын дамыту локомотиві болып қызмет ететін ұйымдастырылған өнеркәсіптік аймақтарды құруда орасан зор оң тәжірибе жинақтаған. Қазақстанда түрік капиталының қатысуымен алғашқы бірлескен индустриалдық аймақты ашу жөніндегі

тараптардың өзара мүдделілігі ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтуде. Бұл аймақ түрік бизнесінің қазақстандық рынокқа жүйелі түрде кіруіне мүмкіндік береді және біздің еліміздің қолайлы инвестициялық ахуалын жақсартуға қызмет ететін болады. Қазақстанда түрік капиталының қатысуымен 3422 кәсіпорын тіркелген. Ал Түркияда 150-ден астам қазақстандық компания жұмыс істейді.

– Жансейіт Қансейітұлы, сіз рухани саланың маманысыз ғой. Сіздің ғалым екеніңіз баршаға белгілі. Білім және ғылым министрі қызметін де атқардыңыз. Елшілікте жүргенде осы салаға да зор мән беретініңізді айтпай-ақ ұғынуға болады. Сондықтан да түріктермен рухани байланысымыз қандай дәрежеде нығайып келе жатқанын да айта кетсеңіз.

– Екі елдің мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығы жоғары дәрежеде. Түріктер Түркияны «анажұрт» десе, қазақ жерін «атажұрт» дейтіні бекер емес. Тіліміздің, дініміздің, тарихымыздың және мәдениетіміздің ортақ екеніне дәлелдер аз емес. Сондықтан да бұл салада мәдени байланыстар мен бірлескен ғылыми зерттеулер де жасала бастады. Бұл бағытта түркі әлемінің өткенін, бүгінін және болашағын зерттейтін халықаралық ғылыми орталық – Астанадағы Түркі академиясының институционалдық және интеллектуалдық негізін жетілдіру, екі елдің мызғымас достығының кепіліне айналған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қызметінің тиімділігін арттырудың маңызы зор болып келеді. Қазақстанда 28 қазақ-түрік лицейі, 2 университет ашылғаны болашақта байланысымыз күшейе беретінін ұқтырса керек.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Астананың төрінде қазіргі Түркия мемлекетінің негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүрікке, сондай-ақ Түркия елінде халқымыздың кемеңгері Абайға, Мұхтар Әуезовке, Мағжан Жұмабаевқа, Абылай ханға, Қабанбай батырға ескерткіштер орнатылды.

Елбасымыздың қазақ-түрік ынтымақтастығына және түркі әлемін біріктірудегі ерен еңбегін Түркия басшылығы да, түрік халқы да жоғары бағалайды. Түріктердің Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлына деген құрметі ересен екенін айқын сезінеміз. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Түркияның мемлекеттік орденімен марапатталды, түрік астанасы Анкарада ескерткіші орнатылған, Невшехир қаласында бір көше Елбасымыздың атында.

Бұл Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ-түрік қарымқатынастарының және жалпы түркі әлемінің игілігі үшін жасаған қызметін лайықты бағалаудың белгісі болса керек. Түркия Президенті Абдулла Гүл: «Нұрсұлтан Назарбаев түркітілдес мемлекеттердің топтасуы үшін көп іс тындырды, сондықтан да Қазақстанның ғана емес, бойында түркінің қаны бар барлық халықтардың көшбасшысы болып табылады», – деп атап көрсетті.

Әрине, осының бәрі біз үшін үлкен мақтаныш. Бауырластық байланыстардың осындай жарқын үлгілері мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықтың дамуына игі ықпал етіп келеді.

Жоғарыда айтып өткенімдей, екі бауырлас ел үшін биыл айтулы жыл. Осы орайда, дипломатиялық қатынастарымыздың 20 жылдығы құрметіне бірқатар түрік қайраткерлері марапатқа ұсынылып, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерейтойлық медалімен наградталды.

– Нақты кімдердің марапатталғанын атап айтсаңыз…

– Жоғары марапатқа ие болғандар қатарында Түркияның 9-шы президенті Сүлеймен Демирел, Түркия Парламентінің бұрынғы төрағасы Көксал Топтан, ТР премьер-министрінің орынбасары Бекир Боздағ, ТР Президенті әкімшілігінің басшысы Мұстафа Исен, ТР сыртқы істер министрі Ахмет Давутоғлу, ТР мәдениет және туризм министрі Ертуғрул Гүнай, ӘДП төрағасының орынбасары Хүсейн Челик пен ӘДП бас

хатшысы, Қазақстан-Түрік парламенттік достық тобының төрағасы Халюк Ипек бар.

– 23 мамыр күні Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Түркияның премьер-министрі Реджеп Тайып Ердоғанды қабылдағанда қандай мәселелер талқыланды?

– Саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық мәселелер талқыланды. Сондай-ақ Таяу Шығыстағы ахуал, Ауғанстандағы бейбіт өмірді тұрақтандыру, Қазақстанның Ислам ынтымақтастығы ұйымына төрағалығы және Түркияның Азиядағы өзара сенім шаралары жөніндегі кеңеске төрағалығы шеңберіндегі атқарылып жатқан жұмыстар сараланды. Кездесу барысында сауда-саттықты арттыру, Қазақстан – Түрікменстан – Иран арасындағы теміржол желісін Түркиямен қосу мәселесі де қозғалды. Келіссөздер нәтижесінде бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Әңгімелескен Қуанбек БОҚАЕВ

«Ана тілі» газеті,
31 мамыр 2012 жыл

ДОСТЫҒЫМЫЗ ЖАРАСҚАН ЕЛМІЗ

Биыл Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған сәттен – 1991 жылғы 16 желтоқсанда елімізді әлемде бірінші рет таныған және өз елшілігін де алғашқылардың бірі болып Алматыда ашқан Түркиямен дипломатиялық қатынастарымыздың 20 жылдық мерейтойы аталып өтілуде.

Осынау 20 жылдық мерзім ішінде Қазақстан Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясаты мен сара жолды көре білетін қасиетінің арқасында үлкен белестерден өтті, мемлекеттілігіміздің негізі қаланды, саяси тұрақтылық пен экономикалық дамуға қол жеткізді.

Қазақстанның еңсесін көтеріп, ел болып қалыптасуына тамыры тереңде жатқан бауырластық, туыстық сезімдерін арқаланған түрік бауырларымыздың қолдауы мен тілеулестігінің ықпал еткені даусыз. Біз түрік елінің айнымас достық пейілі мен ыстық ықыласын жоғары бағалаймыз.

1992 жылғы 2 наурыздан бастау алған Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастар осы жылдар ішінде екі бауырлас ел арасындағы достық пен бірлікке негізделген байланыстарға айналып, тұрақтылық сипатындағы стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Сол кезден бері жоғары деңгейдегі өзара ресми сапарлар бауырлас екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықтың ұдайы дамып, нығаюына үлкен септігін тигізуде. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркияда 20-дан астам ресми және жұмыс сапарлармен болды. Түркия Президенттері Тұрғыт Өзал, Сүлеймен Демирел, Ахмет Неждет Сезер, Абдулла Гүл де бірнеше мәрте Қазақстанда сапарлармен болды. Сондай-

ақ премьер-министрлер, парламент төрағалары, министрлер деңгейінде де сапарлар тұрақты түрде өтуде.

Тарихи тұрғыдан алғандағы азғана уақыт ішінде елдеріміз арасындағы қатынастар өзара сенімнің биік дәрежесіне көтерілді. Жемісті ынтымақтастықтың айқын нәтижесі ретінде Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастар достық, бауырластық және сындарлы диалог бағытында дамуда. Мұның жарқын дәлелі – ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға 2009 жылғы қазандағы ресми сапары барысында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы стратегиялық серіктестік туралы шарт болып табылады.

Қазақстанмен тарихи байланысы тереңде жатқан Түркия – бүгінде еліміздің Еуразия құрлығындағы маңызды әрі сенімді әріптесі. Екі ел арасындағы екіжақты қатынастардың қарқынды дамуы, Қазақстан мен Түркия ұстанымдарының ұқсастығы көпжақты ынтымақтастық мәселелерінің кең ауқымы бойынша өзара түсіністікті қамтамасыз етуге негіз болуда. Бұл ынтымақтастық Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Түркі кеңесі, ТҮРКСОЙ және басқа бірлестіктер шеңберінде ойдағыдай дамып келеді.

Атап айтқанда, 1992 жылы Қазақстан Президенті АӨСШК-ні құру жөнінде бастама жасаған сәттен бері Түркия осы үдерістің белсенді стратегиялық қатысушысы болып отыр. Оның АӨСШК-ге төрағалығы – екі бауырлас мемлекеттің ынтымағы мен жарастығының жарқын көрінісі.

Түркия басшылығы Қазақстанның Түркі кеңесін құру идеясын іске асырудағы маңызды рөлін, сондай-ақ Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесі, Парламенттік ассамблея, Ақсақалдар алқасы, Астанада Түркі академиясы құрылғанын жоғары бағалайды. Бұл ретте Анкара түркітілдес мемлекеттермен ортақ

тіл, дін, тарихи және мәдени құндылықтарға негізделген қатынастарды одан әрі тереңдетуді және жалпытүркілік интеграция үдерісін нығайтуды құптайды.

Қазақстан мен Түркияның өңірлік және халықаралық деңгейдегі ынтымақтастығының жылдан-жылға артуының көрсеткіштері ретінде Түркияның 2010 жылы ЕҚЫҰ шеңберінде және 2011 жылы Қазақстанның ИЫҰ-ға төрағалығына пәрменді қолдау көрсетуін атап өту қажет. БҰҰ шеңберінде де сындарлы ынтымақтастық өз жалғасын табуда. Бұдан басқа, Түркия БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне 2017-2018 жылдары уақытша мүшелікке Қазақстанның кандидатурасын қолдайтындығын мәлімдеді. Қазақстан да БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне 2015-2016 жылдары уақытша мүшелікке Түркияның кандидатурасын қолдайтындығын білдірді. Бұл да түбі бір түрік ағайындарымыздың ізгі ықыласының айқын көрсеткіші.

Екі ел арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға парламентаралық ынтымақтастық та өзінің лайықты үлесін қосуда. Парламенттердің депутат достық топтары арасындағы байланыстарды одан әрі жандандыруға көңіл бөлінуде. 2011 жылғы қарашада Парламент Сенатының төрағасы Қайрат Мәмидің Түркияға ресми сапары ұйымдастырылып, еліміз тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, Невшехир қаласында Қазақстан даңғылы ашылды. Үстіміздегі жылы күзде Түркия ұлы ұлттық мәжілісінің төрағасы Жемил Чичектің Қазақстанға сапары жоспарлануда.

Сан салалы сауда-экономикалық байланыстар екіжақты ынтымақтастықтың маңызды аспектісі болып табылады.

Халықаралық сараптау-талдау қоғамдастығы бүгінгі Түркия мемлекетін барынша қарқынды даму үстіндегі және жаһандық дағдарысты табысты еңсеріп қана қоймай, экономикада белгілі бір табыстарға қол жеткізген, Еуропадағы экономикалық ахуалды жандандырған қозғаушы күш ретінде сипаттайды.

Түркия үкіметінің соңғы жылдары табысты жүргізген экономикалық саясатының нәтижесінде түрік экономикасы әлемде

16-орынға және Еуропада 6-орынға ие. Қазіргі таңдағы Түркия үкіметінің стратегиялық мақсаты әлемдегі мейлінше бәсекеге қабілетті елдердің алғашқы ондықтың қатарына ену болып табылады.

Түркия – Қазақстанның аймақтағы сенімді сауда-экономикалық әріптесі. 2010 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы сауда айналымы 2,9 млрд АҚШ долларын құраса, 2011 жылдың қорытындылары бойынша бұл цифр 3,9 млрд АҚШ долларына жетті.

Бұл тұрғыдан қарағанда Түркия премьер-министрі Реджеп Тайып Ердоғанның Қазақстанда өтіп жатқан ресми сапарының маңызы зор Р.Т.Ердоған V Астана экономикалық форумына, сондай-ақ қазақ-түрік іскерлер форумына қатысты. Екі ел арасындағы 20 жылдық мерейтой шеңберінде ұйымдастырылатын Түркия премьер-министрінің ресми сапары қазақ-түрік әріптестігінің тереңдеуіне, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және қол жеткізілген уағдаластықтарды тиімді жүзеге асыруға жаңа серпін беретініне сенемін. Сапар барысында Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесін құру және «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасына қол қою көзделуде. Олар таяудағы келешекте Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы сауда көлемін 10 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғайтуға және өзара іскқимылдың экономикалық құраушысын одан әрі кеңейтуге қозғау салуға тартылған.

Біздің елдеріміз арасындағы өзара сауданың көлемін ұлғайтуға және сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға тікелей ықпалын тигізетін мейлінше маңызды бағыттардың бірі – көлік саласы. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуды тежеуші салмақты бір фактор – жүктердің автомобильдік тасымалдау арқылы жеткізілуі болып табылады.

Бұл орайда, Қазақстан мен Түркия арасындағы теміржол магистралін жолға қою керек деп ойлаймыз. «Түркия-Иран» және «Иран-Түрікменстан-Қазақстан» және «Карс-Ахалкалаки-

Тбилиси-Баку» теміржолдары магистральдерін салып бітіру Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда айналымын және Қазақстанның энергия ресурстарын әлемдік рыноктарға тасымалдауды едәуір ұлғайтуға, сондай-ақ тасымалдау көлемін көбейтуге және тарифтерді азайтуға, Каспий аймағы мен Еуропа арасындағы тікелей көлік қатынасын қамтамасыз етуге мүмкіндік берер еді.

Жаңа авиарейстердің ашылуы да бауырлас елдердің арасын жақындата түсетін туыстық пен достық көпірлері іспеттес ынтымақтастықты нығайтуға, экономикалық ықпалдастықты күшейтуге қызмет етері анық. Қазіргі таңда Қазақстан тарапы Қазақстан мен Түркия арасында 14 рейсті, ал түрік тарапы 12 рейсті орындайды. 2011 жылғы қыркүйектен бастап «СКАТ» авиакомпаниясы Шымкент – Ыстамбұл – Шымкент бағыты бойынша, сондай-ақ Қазақстан тарапы түркиялық «Pegasus Airlines» авиакомпаниясына Ыстамбұлдың Сабиха Гөкчен әуежайынан Алматы бағыты бойынша рейстерді орындауда.

Экономикалық саладағы әлеуетімізді кеңінен қолдану және тереңдету керек деген пікірдемін. Түрік өнеркәсібінің және тұтасымен алғанда экономикасын дамыту локомотиві болып қызмет ететін ұйымдастырылған өнеркәсіптік аймақтарды құруда Түркия орасан зор оң тәжірибе жинақтаған. Қазақстанда түрік капиталының қатысуымен алғашқы бірлескен индустриалдық аймақты ашу жөніндегі тараптардың өзара мүдделілігі ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтуде. Бұл аймақ түрік бизнесінің қазақстандық рынокқа жүйелі түрде кіруіне мүмкіндік береді және біздің еліміздің қолайлы инвестициялық ахуалын жақсартуға қызмет ететін болады.

Сонымен қатар экономикалық ынтымақтастықтың маңызы кем түспейтін аспектісі – ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімді іске асыру жөніндегі шараларды жандандыру болып табылады.

Екі бауырлас елдің рухани әрі достық қазығына айналған мәдени-гуманитарлық саладағы қазақ-түрік ынтымақтастығы

жоғары қарқындылығымен сипатталады. Тіліміздің, дініміздің, тарихымыздың және мәдениетіміздің ортақтығынан қуат алатын бұл бағыттағы қатынастар тараптар өкілдерінің мәдени іс-шараларға қатысуларына, шығармашылық делегациялармен алмасу практикасына, екі ел қалалары мен аймақтарының арасындағы бауырластық байланыстарды дамытуға бет алған.

Бұл бағытта түркі әлемінің өткенін, бүгінін және болашағын зерттейтін халықаралық ғылыми орталық – Астанадағы Түркі академиясының институттық және интеллектуалдық негізін жетілдіру, екі елдің мызғымас достығының кепіліне айналған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қызметінің тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Астананың төрінде Түркияның негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүрікке, сондай-ақ Түркия елінде халқымыздың кемеңгері Абайға, Мұхтар Әуезовке, Мағжан Жұмабаевқа, Абылай ханға, Қабанбай батырға орнатылған ескерткіштер бауырластық қатынастардың жарқын куәсі деп нық сеніммен айта аламыз.

Жалпы айтқанда, тәуелсіз тарихымыздың парағына алтын әріптермен жазылатын уақыт ішінде қазақ-түрік қатынастары маңызды оқиғаларға толы болды. Қазақстан мен Түркия халықтары өздерінің достығы мен бірлігін айқын дәлелдей отырып, ежелгі мүдделеріне сәйкес, осы жолда айтулы табыстарға қол жеткізіп, стратегиялық өрлеу кезеңіне батыл қадам басты.

Осы орайда, екі бауырлас елдің достығы мен ынтымақтастығының ұдайы дамып, стратегиялық әріптестігінің негізін қалаған Нұрсұлтан Назарбаев екенін ерекше атап өту қажет. Қазақстан Президенті Н.Назарбаев: «Тағдыр бізді әлемнің әр түкпіріне қоныстандырғанымен, біз түбі бір туғанымызды, бір ананың бауырынан өрбігенімізді ұмытпаймыз», – деген болатын бір сөзінде.

Елбасымыздың қазақ-түрік ынтымақтастығына және түркі әлемін біріктірудегі ерен еңбегін түрік басшылығы да

мойындайды. Мұның жарқын дәлелі – Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияның мемлекеттік орденімен марапатталуы, түрік астанасы Анкарада оның ескерткіші ашылып, Невшехир қаласында Президент атындағы көшенің ашылуы.

Бұл өз кезегінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың соңғы 20 жыл ішінде Қазақстанның, қазақ-түрік қарым-қатынастарының және жалпы түркі әлемінің игілігі үшін жасаған қызметіне берілген бағалардың жиынтығы деп санаймыз. Сондықтан болса керек, Түркия Президенті Абдулла Гүл: «Нұрсұлтан Назарбаев түркітілдес мемлекеттердің топтасуы үшін көп іс тындырды, сондықтан да Қазақстанның ғана емес, бойында түркінің қаны бар барлық халықтардың көшбасшысы болып табылады», – деп атап көрсетті.

Әрине, осының бәрі біз үшін үлкен мақтаныш. Бауырластық байланыстардың осындай жарқын үлгілері мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықтың дамуына игі ықпал етеді деп сенемін.

Жоғарыда айтып өткенімдей, екі бауырлас ел үшін биыл айтулы жыл. Осы орайда, дипломатиялық қатынастарымыздың 20 жылдығы құрметіне бірқатар түрік қайраткерлері марапатқа ұсынылып, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен берілген «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерейтойлық медальдарымен наградталды. Кезінде Елбасымыз «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар – жүйріктің де жүйрігі бар. Қазақстан тәуелсіздігін бірінші болып таныған сәттен бастап, күні бүгінге дейін еліміздің өркендеуіне ыстық ілтипат білдірген Түркияның күллі халқын марапаттаудың артықтығы болмас» деген болатын.

Жоғары марапатқа ие болғандар қатарында Түркияның 9-шы Президенті Сүлеймен Демирел, Түркия парламентінің бұрынғы төрағасы Көксал Топтан, Түркия премьер-министрінің орынбасары Бекир Боздағ, Түркия Президенті әкімшілігінің

басшысы Мұстафа Исен, Түркия сыртқы істер министрі Ахмет Давутоғлу, Түркия Мәдениет және туризм министрі Ертуғрул Гүнай, ӘДП төрағасының орынбасары Хүсейн Челик пен ӘДП бас хатшысы, Қазақстан-Түркия парламенттік достық тобының төрағасы Халюк Ипек бар.

Осы мерейтой жылы жоспарланған екіжақты жоғары деңгейлі, атап айтқанда, Елбасымыздың Түркияға және Түркия Парламентінің төрағасы Жемил Чичектің Қазақстанға ресми сапарлары қазақ-түрік достығының тереңдеуіне серпін беріп, екіжақты ынтымақтастықтың көкжиегін одан әрі кеңейтуге жол ашары анық.

Бауырластық байланыстардың осындай жарқын үлгілері мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықтың дамуына игі ықпал етеді деп сенемін. Тұтасымен айтқанда, өзара түсіністік пен сенім негізінде қанатын кеңге жайып келе жатқан екі ел ынтымақтастығының әлеуеті мен келешегі зор және де әріптестік пен ізгілік рухында одан әрі де халықтарымыздың игілігі үшін дами бермек.

«Айқын» газеті,
14 маусым 2012 жыл

ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКИЯ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС ЕЛДЕР

Биыл Қазақстан Республикасы көптеген елдермен дипломатиялық қатынасының 20 жылдығын атап өтуде. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған сәтте әлемде еліміздің егемендігін бірінші таныған және алғашқылардың бірі болып Алматыда елшілігін ашқан Түркиямен дипломатиялық қатынастарымыздың 20 жылдық мерейтойы да атап өтілуде.

Осы орайда, үстіміздегі жылдың 10-12 қазаны күндері өтетін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға ресми сапары қарсаңында екі бауырлас ел арасындағы байланыстардың қазіргі жағдайы туралы Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Жансейіт Түймебаевқа бірнеше сауал қойған едік.

– Елші мырза, Қазақстан мен Түркия арасындағы 20 жылдық кезеңдегі байланыстың қазіргі жағдайы туралы не айтар едіңіз?

– Қазақстан мен Түркияның ғасырлар бұрын бір атадан өрбіп, бір қағанат құрамында болған түбі бір түркі халқының ұрпағы екені баршамызға белгілі.

Түрік Республикасы 1923 жылдан, ал Қазақстан Республикасы 1991 жылдан бері тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік сахнада бой көтерді. Алайда Түркия – XIII ғасырдан бастап Анадолы топырағында орналасқан Осман империясының, ал Қазақстан XV ғасырда Орталық Азияда қалыптасқан Қазақ хандығының заңды мұрагері болып табылады.

Туыс халықтарымыз арасындағы байланыстар Қазақстанның тәуелсіз ел болып жариялануымен қайтадан жаңа қарқынмен жаңғырды. 1992 жылғы 2 наурызда орнатылған Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастар осы жылдар ішінде екі бауырлас ел арасындағы достық пен бірлікке негізделген байланыстардан арна тартып, тұрақтылық сипатындағы стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Қазақстанның егемен ел болып қалыптасып, әлемдік қоғамдастыққа кірігуіне тамыры тереңде жатқан туысқан түрік бауырларымыздың қолдауы мен тілеулестігі де оң ықпал етті.

Осы 20 жылдық мерзім ішінде екі ел арасындағы бауырластық және достық қатынастарға қаяу түсірмей, ынтымақтастықты мейлінше жоғары деңгейде дамытуға күш салынды.

Тарихи тұрғыдан алғанда азғана уақыт ішінде елдеріміз арасындағы қатынастар өзара сенімнің биік дәрежесіне көтерілді. Жемісті ынтымақтастықтың айқын нәтижесі ретінде Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастар достық, бауырластық және сындарлы үнқатысу бағытында дамуда. Мұның жарқын дәлелі ретінде Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға 2009 жылғы қазандағы ресми сапары барысында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестік туралы шартты айта аламыз. Бүгінгі күні Қазақстан мен Түркияның стратегиялық әріптестігін әлемдік қоғамдастық та мойындайды.

– Қазақстан мен Түркияның көпжақты ынтымақтастығының деңгейін қалай бағалар едіңіз?

– Қазақстанмен тарихи байланысы тереңде жатқан Түркия – бүгінде еліміздің Еуразия құрлығындағы маңызды әрі сенімді әріптесі. Екі ел арасындағы екіжақты қатынастардың қарқынды дамуы, Қазақстан мен Түркия ұстанымдарының ұқсастығы көпжақты ынтымақтастық мәселелерінің

кең ауқымы бойынша өзара түсіністікті қамтамасыз етуге негіз болуда. Бұл ынтымақтастық Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Түркі кеңесі, ТҮРКСОЙ және басқа бірлестіктер шеңберінде ойдағыдай дамып келеді. Атап айтқанда, 1992 жылы Қазақстан Президенті АӨСШК-ні құру жөнінде бастама жасаған сәттен бері Түркия осы үдерістің белсенді стратегиялық қатысушысы болып отыр. Оның АӨСШК-ге төрағалығы – екі бауырлас мемлекеттің ынтымағы мен жарастығының жарқын көрінісі.

Түркия басшылығы Қазақстанның Түркі кеңесін құру идеясын іске асырудағы маңызды рөлін, сондай-ақ Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесі, Парламенттік ассамблея, Ақсақалдар алқасы, Астанада Түркі академиясы құрылғанын жоғары бағалайды. Бұл ретте Анкара түркітілдес мемлекеттермен ортақ тіл, дін, тарихи және мәдени құндылықтарға негізделген қатынастарды одан әрі тереңдетуді және жалпытүркілік интеграция үдерісін нығайтуды құптайды.

Қазақстан мен Түркияның өңірлік және халықаралық деңгейдегі ынтымақтастығының жылдан жылға артуының көрсеткіштері ретінде Түркияның 2010 жылы ЕҚЫҰ шеңберінде және 2011 жылы Қазақстанның ИЫҰ-ға төрағалығына пәрменді қолдау көрсетуін атап өту қажет. БҰҰ шеңберінде де сындарлы ынтымақтастық өз жалғасын табуда. Бұдан басқа, Түркия БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне 2017-2018 жылдары уақытша мүшелікке Қазақстанның кандидатурасын қолдайтындығын мәлімдеді. Қазақстан да БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне 2015-2016 жылдары уақытша мүшелікке Түркияның кандидатурасын қолдайтындығын білдірді. Бұл да түбі бір түрік ағайындарымыздың ізгі ықыласының айқын көрінісі.

– Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық қарым-қатынастар туралы ойыңызбен де бөлісе кетсеңіз.

– Сауда-экономикалық байланыстар екіжақты ынтымақтастықтың маңызды аспектісі болып табылады. Халықаралық сараптау-талдау қоғамдастығы бүгінгі Түрік мемлекетін барынша қарқынды даму үстіндегі және жаһандық дағдарысты табысты еңсеріп қана қоймай, экономикада белгілі бір табыстарға қол жеткізген, Еуропадағы экономикалық ахуалды жандандырған қозғаушы күш ретінде сипаттайды.

Соңғы жылдары табысты жүргізген экономикалық саясатының нәтижесінде түрік экономикасы әлемде 16-орынға және Еуропада 6-орынға көтерілді. Қазіргі таңдағы Түркия үкіметінің стратегиялық мақсаты әлемдегі мейлінше бәсекеге қабілетті алғашқы 10 елдің қатарына ену болып табылады.

Түркия – Қазақстанның аймақтағы сенімді сауда-экономикалық әріптесі. 2010 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы сауда айналымы 2,9 млрд АҚШ долларын құраса, 2011 жылдың қорытындылары бойынша бұл цифр 3,9 млрд АҚШ долларына жетті. Ал биылғы алғашқы алты айдағы көлем 2,5 млрд АҚШ долларын құрады.

Бұл тұрғыдан қарағанда 2012 жылғы мамырда өткен Түркия премьер-министрі Реджеп Тайып Ердоғанның Қазақстанға ресми сапарының маңызы зор болды. Р.Т.Ердоған V Астана экономикалық форумына, сондай-ақ қазақ-түрік іскерлер форумына қатысты. Сапар барысында Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесін құруға уағда жасалып, «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасына қол қойылды. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін тиісті салалар белгіленіп, осы бағытта жұмыстар жүргізілуде және оның оңды нәтижесін жақын келешекте көреміз деп үміттенеміз.

Елдеріміз арасындағы өзара сауданың көлемін ұлғайтуға және сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға тікелей

ықпалын тигізетін мейлінше маңызды бағыттардың бірі – көлік саласы. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуды тежеуші өзекті фактор – жүктердің автомобильдік тасымалдау арқылы жеткізілуі.

Бұл орайда, Қазақстан мен Түркия арасындағы теміржол магистралінің жүзеге асырылуы екі ел үшін де аса маңызды. «Түркия – Иран», «Иран – Түрікменстан – Қазақстан» және «Карс – Ахалкалаки – Тбилиси – Баку» теміржолдары магистральдарын салып бітіру Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда айналымын және Қазақстанның энергия ресурстарын әлемдік рыноктарға тасымалдауды едәуір ұлғайтуға, сондай-ақ тасымалдау көлемін арттыруға және тарифтерді азайтуға, Каспий аймағы мен Еуропа арасындағы тікелей көлік қатынасын қамтамасыз етуге орасан зор мүмкіндік берер еді.

Жаңа әуе қатынастарының ашылуы да бауырлас елдердің арасын жақындата түсетін туыстық пен достық көпірлері іспеттес ынтымақтастықты нығайтуға, экономикалық ықпалдастықты күшейтуге қызмет етері анық. Қазіргі таңда Қазақстан тарапы Қазақстан мен Түркия арасында 14 рейсті, ал түрік тарапы 12 рейсті орындайды. 2011 жылғы қыркүйектен бастап «СКАТ» авиакомпаниясы Шымкент–Ыстамбұл–Шымкент бағыты бойынша, сондай-ақ түркиялық «Pegasus Airlines» авиакомпаниясы Ыстамбұл – Алматы – Ыстамбұл бағыты бойынша рейстерді орындауда.

Экономикалық саладағы әлеуетімізді кеңінен қолдану және тереңдету керек деген пікірдемін. Түрік өнеркәсібінің және тұтасымен алғанда экономикасын дамытудың локомотиві болып отырған өнеркәсіптік аймақтар құруда Түркия орасан зор оң тәжірибе жинақтаған. Қазіргі таңда мұндағы 300-ге жуық өнеркәсіптік аймақта 60 мыңдай ірі фабрика, зауыттар орналасқан. Ал 50 адамға дейін жұмыс істейтін орта кәсіпорындар саны 300 мыңға жетеді.

Екіжақты қатынастардың одан әрі дамуы түрік бизнесін Қазақстанның индустриялық даму үдерісіне тартуға, түрік тәжірибесін еліміздің өңірлерінде Қазақстан – Түркия индустриялық аймақтарын құру арқылы пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл аймақтарды құру жөніндегі жобаларды іске асыру Қазақстанның жеделдетілген индустриялық даму бағдарламасын іске асыруға едәуір үлес қоспақ.

Қазіргі таңда аймақтарды құру туралы үкіметаралық меморандум мен бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қойылды. Бұл саладағы басты мәселе – Қазақстан–Түркия индустриялық аймақтарын құру жөніндегі тиісті нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруді жеделдету. Бұл аймақ түрік бизнесінің қазақстандық рынокқа жүйелі түрде кіруіне мүмкіндік береді және біздің еліміздің қолайлы инвестициялық ахуалын жақсартуға қызмет ететін болады.

– Биылғы екі ел арасындағы 20 жылдық мерейтой шеңберінде ұйымдастырылған сапарлар және үстіміздегі жылы 10-12 қазанда өтетін Елбасымыздың сапары туралы да айта отырсаңыз.

– Өзіңіз айтып кеткендей, жаңғырған байланыстарымыздың 20 жылдығын тойлау үстіндеміз. Мерейтой шеңберінде бауырлас екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықтың ұдайы дамып, нығаюына үлкен септігін тигізген жоғары деңгейдегі өзара сапарлар ұйымдастыру жалғасын табуда. Атап айтқанда, жоғарыда атап өтілген Түркия премьер-министрі Реджеп Тайып Ердоғанның мамыр айында өткен Қазақстанға ресми сапарының маңызы зор болды. Бұл ресми сапар қазақ-түрік әріптестігінің тереңдеуіне, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және қол жеткізілген уағдаластықтарды тиімді жүзеге асыруға жаңа серпін берді. Екі ел арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға Түркия ұлы ұлттық мәжілісінің төрағасы Жемил Чичектің қыркүйек айында өткен Қазақстанға сапары да өзінің лайықты үлесін қосты.

Ал 10-12 қазанда өтуі жоспарланған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түрік Республикасына ресми сапары бауырлас екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың 20 жылдығы шеңберінде ұйымдастырылатын жоғары деңгейлі сапарлардың қорытындылаушысы болады. Сапар 20 жылдық ынтымақтастықтың бүгіні мен келешегін саралауға, ынтымақтастыққа жаңа сындарлы серпін беруге, тиімді экономикалық қатынастарды жандандыруға бағытталады.

Елбасының сапары барысында стратегиялық әріптестік шартын жүзеге асырудың негізгі тетігі болып саналатын Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы жоғары деңгейлі стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі кеңестің бірінші отырысы өткізілмек. Бұл – өз кезегінде тараптардың екіжақты және көпжақты пішіндегі ынтымақтастығының негізгі бағыттарын айқындайтын маңызды шара. Яғни бұл – ел басшыларының қатысуымен екіжақты қарым-қатынастардың өзекті мәселелері толық талқыланады және тиісті шаралар қабылданады деген сөз.

Сондай-ақ Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы сауда көлемін 10 млрд АҚШ долларына, ал инвестициялар көлемін жыл сайын 500 млн долларға дейін ұлғайту және өзара іс-қимылдың экономикалық құраушысын одан әрі кеңейту маңызды.

Қазақстанның оң имиджіне ықпал ететін шара ретінде Елбасымыздың аталған сапары барысында Ыстамбұлда Қазақстанның өнеркәсіптік-индустриялық саласындағы жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік беретін көрме ашу жоспарлануда. Бұл көрмеге еліміздің жетекші кәсіпорындары қатысса, ол түрік жұртшылығына Қазақстанның экономикалық жетістіктерін таныстыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ Қазақстанға ірі түрік бизнесін тартуға ықпал етеді деп үміттенеміз.

Сонымен қатар 20 жыл ішіндегі ынтымақтастыққа іскер адамдарының қосқан және қосатын үлестерін талқылауға мүмкіндік беретін құрылыс саласы мен құрылыс материалдарының өндірісі, ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, орман шаруашылығы, тоқыма және дайын киім өндірісі, кеме жасау, мұнай химиясы салаларында жұмыс істейтін екі елдің 300-ден астам компаниясының қатысуымен бизнес-форум өтеді. Бизнес-форум барысында қазақ-түрік фирмалары арасында жалпы көлемі 1,5 млрд АҚШ долларына жететін келісімдерге қол қойылады. Бұл да экономика саласының дамуына, екіжақты инвестицияға оң әсер ететін болады.

Саяси және экономикалық қатынастармен қатар, мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастыққа да баса назар аударылады. Екі бауырлас елдің рухани әрі достық қазығына айналған мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық жоғары қарқындылығымен сипатталғанымен, Түркияда көптен бері Қазақстанның мәдениеті күндері өткізілмеді. Сондықтан бұл іс-шараны да Елбасы сапарының қарсаңында Ыстамбұл қаласында өткізуді жөн көрдік. Оның аясында «Алтын адам» экспозициясы, қазақ фильмінің классикасы саналатын «Тақиялы періште», «Қыз Жібек» секілді фильмдер түрік тіліне дубляж жасалып, көрермендердің назарына ұсынылады, сондай-ақ Қазақстан өнер шеберлерінің гала-концерті ұйымдастырылады.

Елбасы сапары қарсаңындағы айтулы шаралар есебінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың таңдамалы туындыларының түрік тілінде шығарылған тұңғыш бес томдығының, түрік тіліндегі «Балалық шағымның аспаны» фильмінің тұсаукесерін атап өтер едік. Аталған шаралар түрік жұртшылығына Қазақстан Президентінің қазіргі заманғы өңірлік және әлемдік үдерістердің мәнін түсіндірудегі үлесін насихаттауға, оны әлемдік деңгейдегі саясатшы, түркі әлемінің көшбасшысы ретінде терең тануға мүмкіндік береді. Яғни екі ел байланыстарының 20 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде

атап өту мақсатында жігерлі жұмыстар жасалуда. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түрік Республикасына ресми сапары Қазақстан–Түркия қатынастарын жаңа сапалы деңгейге көтеруге және Қазақстанның өңірдегі саяси және экономикалық мүдделерін одан әрі ілгерілетуге ықпал ететіні анық.

– Елші мырза, Қазақстан мен Түркия арасындағы достық пен ынтымақтастыққа негізделген байланыстар туралы әңгімеңізге рақмет айта отырып, алдағы жұмысыңызға сәттілік және үлкен табыстар тілейміз.

Әңгімелескен Самат МҰСА
«Егемен Қазақстан» газеті,
9 қазан 2012 жыл

КАЗАХСТАН И ТУРЦИЯ – НОВАЯ СИНЕРГИЯ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

Динамика межгосударственных отношений, в основе которых общность исторических корней, культурных ценностей народов, совпадение интересов Астаны и Анкары по многим вопросам региональной и международной повестки дня, экономическая взаимозаинтересованность, отражает стратегический характер сотрудничества двух стран.

В нынешнем году мы отмечаем 20-летие установления дипломатических отношений между Казахстаном и Турцией. Подписание 2 марта 1992 года соответствующего протокола в ходе визита в нашу страну главы внешнеполитического ведомства ТР Хикмета Четина и последовавшие за этим важнейшим событием открытие в апреле того же года в Алматы турецкого посольства и в мае – казахстанского дип-представительства в Анкаре стали отправной точкой в истории межгосударственных отношений. С того момента и по настоящее время связи между нашими странами и народами неуклонно развивались и углублялись.

Турция признает лидирующую роль Казахстана в Центральной Азии и считает нашу республику приоритетным партнером в регионе. Между РК и ТР не существует неразрешимых вопросов. Это касается всех сфер: политической, экономической, культурно-гуманитарной.

Наряду с интенсивным конструктивным диалогом в двустороннем формате успешно развивается взаимодействие в рамках международных и региональных организаций – ООН, ОБСЕ, ОЭС, ОИС, СВМДА, ССТГ, ТЮРКСОЙ. Стороны участвуют в выработке общей позиции по актуальным вопросам международной политики, оказывают взаимную поддержку

при выдвижении кандидатур в руководящие структуры авторитетных международных объединений.

Отдельно хотелось бы выделить активную позицию Турции в процессе совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии, 20-летний юбилей которого отмечался 5 октября нынешнего года. ТР неизменно оказывает самую широкую поддержку СВМДА с момента его инициирования Главой государства Нурсултаном Назарбаевым в 1992 году. Серьезной дипломатической поддержкой глобальных и региональных проектов Казахстана является председательство Турецкой Республики в СВМДА в течение двух сроков.

Турция также является наиболее активным сторонником общетюркских интеграционных процессов в рамках Совета сотрудничества тюркоязычных государств, больше известного как Тюркский совет. Созданы и успешно работают секретариат совета, Парламентская ассамблея, Совет старейшин. На саммите ССТГ в Бишкеке в августе текущего года подписаны Соглашение об образовании Тюркской академии Совета сотрудничества тюркоязычных государств, соглашение по созданию Фонда поддержки тюркской культуры и тюркского наследия Совета сотрудничества тюркоязычных государств, принят флаг Тюркского совета. Тем самым, по сути, завершена институционализация Тюркского совета.

Спектр взаимодействия Казахстана и Турции в двустороннем и многостороннем формате весьма широк. При этом смело можно утверждать, что сложившийся уровень стратегического партнерства во многом достигнут благодаря контактам на высшем уровне.

В дипломатии одним из самых важных показателей состояния межгосударственных отношений является интенсивность взаимных визитов на высшем и высоком уровнях. В связи с этим динамика визитов между РК и ТР является ярким свидетельством тесного сотрудничества Казахстана с братской Турцией. Не исключением стал и нынешний юбилейный год установления дипломатических отношений.

В мае состоялся официальный визит Премьер-министра Турции Реджепа Эрдогана в Астану, в сентябре с визитом в нашей стране находился председатель Великого национального собрания Джемиль Чичек. Они широко освещались в казахстанских и турецких СМИ. Значение же подписания в ходе майского визита главы турецкого правительства совместного заявления о создании Совета стратегического сотрудничества на высшем уровне и совместной экономической программы «Новая синергия» трудно переоценить.

Апогеем юбилейного года станет официальный визит Главы государства Нурсултана Назарбаева в Анкару, который пройдет 11-12 октября. Он призван определить дальнейшую стратегию развития сотрудничества между нашими странами на историческую перспективу. «Основа будущего закладывается сегодня» – так можно определить главный лозунг визита.

Основным его лейтмотивом станет подведение итогов 20-летнего сотрудничества, придание конструктивного импульса взаимодействию, презентация казахстанского экономического потенциала.

За прошедшие годы сделано очень много, реализовано множество проектов. В политическом аспекте мы достигли уровня стратегического партнерства, развиваются торгово-экономические и культурно-гуманитарные связи.

Так, торговый оборот достиг около 4 млрд долларов. Но потенциал двух государств и уровень стратегического партнерства объективно диктуют необходимость увеличения этой цифры. Принципиально новой концепцией торгово-экономического взаимодействия стала названная программа «Новая синергия» под патронатом президентов Казахстана и Турции, нацеленная на увеличение к 2015 году взаимного товарооборота до 10 млрд долларов.

В связи с этим большое значение будет иметь подписание в ходе 1-го заседания Стратегического совета, которое состоится в рамках нынешнего визита, плана реализации указанной программы. Планируется также подписание других

двусторонних документов. Благодаря им на системной основе и при государственной поддержке будет осуществляться прямое торгово-экономическое и инвестиционное сотрудничество областей Казахстана и провинций Турции.

Важной составляющей упомянутых плана и программы в целом является реализация проектов по созданию казахстанско-турецких индустриальных зон (КТИЗ). ТР имеет большой и успешный опыт в создании организованных индустриальных зон, служащих локомотивом развития промышленности и экономики страны в целом. Казахстанская сторона заинтересована в изучении и применении этого опыта. Открытие в РК совместных индустриальных зон с участием турецкого капитала дает дополнительную возможность для системного вхождения бизнеса Турции на отечественный рынок и улучшения инвестиционного климата в нашей стране.

В рамках предстоящего визита планируется проведение бизнес-форума с участием Президента РК и Премьер-министра ТР. Будет организована выставка достижений нашей республики в промышленно-индустриальной сфере с участием ведущих предприятий Казахстана. Она позволит ознакомить турецкую общественность и, прежде всего, деловой мир с промышленно-индустриальным потенциалом РК, что будет способствовать привлечению к нам в страну крупного турецкого бизнеса. В ходе бизнес-форума планируется достичь новых двусторонних договоренностей о сотрудничестве в экономической сфере, в т.ч. по КТИЗ.

Нельзя не отметить огромный интерес турецкой общественности к Казахстану в целом и личности Президента Нурсултана Назарбаева, которого в Турции воспринимают и как Лидера тюркского мира.

В предверии визита Главы нашего государства посольством в тесном взаимодействии и при поддержке министерства культуры, других официальных ведомств и неправительственных организаций Турции проведены масштабные мероприятия, посвященные непосредственно

визиту и 20-летию установления дипломатических отношений. Наряду с научно-практическими конференциями, заседаниями «круглых столов» с участием министров, депутатов и представителей академических и экспертных кругов ТР проведена презентация избранных произведений Президента РК, выпущенных на турецком языке в 5 томах. Как подчеркивали участники презентации, это издание позволит общественности ТР лучше узнать Нурсултана Назарбаева как личность, политика мирового уровня, Лидера тюркского мира.

В Турции стартовали Дни культуры Казахстана. Открыла их презентация биографического фильма о Первом Президенте Казахстана – «Небо моего детства», которая стала началом недели казахского кино. «Кыз Жибек», «Ангел в тюбетейке» и ряд других картин из сокровищницы отечественного кинематографа переведены на турецкий язык и, несомненно, усилят интерес турецкого зрителя к нашей культуре.

В рамках Дней также планируется проведение масштабных гала-концертов с участием мастеров искусств Казахстана, выставки «Золотого человека» и национальных ювелирных изделий в одном из старейших музеев Европы – археологическом музее Стамбула. По просьбе турецкой стороны выставка продлится в течение месяца.

Предстоящий визит и все перечисленные примеры сотрудничества Казахстана и Турции, без сомнения, служат во благо двух братских государств и народов. Двусторонние отношения в настоящее время не только поднялись на стратегическую высоту, но и имеют все предпосылки стать образцовыми среди контактов нашей республики с другими государствами.

Газета «Казахстанская правда»,
10 октября 2012 года

В ЭПИЦЕНТРЕ ТЮРКСКОГО МИРА

С первых дней независимости Казахстан ведет взвешенную и открытую внешнеполитическую деятельность. Дружественные связи налажены со многими странами мира. Турция занимает особое место в этих отношениях.

Важным фактором углубления дружеских связей между народами Казахстана и Турции является конструктивное межгосударственное взаимодействие. Обе страны хорошо понимают друг друга, высоко ценят успехи каждого. Между Казахстаном и Турцией не существует неразрешимых вопросов. Турция признает лидирующую роль нашей страны в Центральной Азии и считает Казахстан приоритетным партнером в регионе. Ожидаемый 16-17 апреля государственный визит Президента Турции Реджепа Тайипа Эрдогана в Казахстан придаст новый импульс развитию взаимоотношений между двумя братскими странами по всем направлениям стратегического сотрудничества.

Страна, находящаяся на перекрестке Востока и Запада, всегда готова поддержать инициативы государства, расположенного в центре Евразии. Потому что у нас общие истоки, единое мировоззрение. Общие позиции и обоюдная поддержка по многим политическим вопросам отражены во взаимодействии в рамках международных и региональных организаций, таких как ООН, ОБСЕ, Организация экономического сотрудничества, ОИС, СВМДА, Тюркский совет, ТЮРКСОЙ.

Тюркоязычные государства отчетливо осознают важность общетюркских интеграционных процессов. В этом плане Турция, как и Казахстан, выступает активным сторонником этой идеи. Несколько совещаний Совета сотрудничества

тюркоязычных государств, больше известного как Тюркский совет, прошли именно на территории Турции. Результатом встреч лидеров тюркоязычных стран стали принятые исторические решения: созданы и успешно работают секретариат Тюркского совета, Парламентская ассамблея, Совет старейшин, открыта Тюркская академия с центром в Астане.

Спектр взаимодействия Казахстана и Турции в двустороннем и многостороннем формате весьма широк. Стоит отметить, что сложившийся уровень стратегического партнерства во многом достигнут благодаря контактам на высшем уровне. Как известно, показателем состояния межгосударственных отношений является интенсивность взаимных визитов на высшем и высоком уровнях. В связи с этим динамика визитов между Казахстаном и Турцией является ярким свидетельством тесного сотрудничества. Только в 2014 году Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев дважды посетил Турцию с рабочими визитами, приняв участие в работе саммита Тюркского совета и в церемонии инаугурации Президента Турции.

Визит турецкого лидера в Казахстан даст возможность оценить 24-летний период стратегического партнерства. За прошедшие годы реализовано множество проектов во многих сферах. Стабильно развиваются торгово-экономические и культурно-гуманитарные связи. В Казахстане работают более 1400 турецких фирм и компаний. Торговый оборот достиг 3,29 млрд долларов. Но потенциал двух государств по праву диктует необходимость увеличения этой цифры. Принципиально новой концепцией торгово-экономического взаимодействия стала программа «Новая синергия» под патронатом президентов Казахстана и Турции, нацеленная на увеличение к 2015 году взаимного товарооборота до 10 млрд долларов. В 2013-2014 годах в турецких провинциях Сакария, Коджаели, Измир, Измит, Ескишехир, Невшехир, Трабзон, Ризе, Стамбул, Мугла, Ниде, Самсун, Хатай, Конья, Гиресун, Малатия, Маниса,

Денизли были успешно проведены региональные бизнес-форумы с участием казахстанских предпринимателей. В этот же временной период состоялись визиты турецких бизнес-делегаций в различные области Казахстана.

Крупный турецкий капитал нашел свою нишу в нашей стране. Сфера строительства, фармацевтика и медицина, безалкогольные напитки – и это не последние сферы, в которых турецкие предприниматели проявили свой профессионализм. Турция имеет большой и успешный опыт в создании организованных индустриальных зон, служащих локомотивом развития промышленности и экономики страны в целом. Казахстанская сторона заинтересована в изучении и применении этого опыта. Открытие в Казахстане совместных индустриальных зон с участием турецкого капитала дает дополнительную возможность для системного вхождения бизнеса Турции на отечественный рынок и улучшения инвестиционного климата в нашей стране.

Успешное развитие получило казахстанско-турецкое сотрудничество в культурно-гуманитарной области. Наиболее продвинутым проектом в сфере образования стал Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясави в Туркестане. Сегодня МКТУ – современное высшее учебное заведение с солидной методической и экспериментальной базой. Продолжается обучение студентов и аспирантов Казахстана в высших учебных заведениях Турции. В свою очередь в Казахстане успешно функционируют более 28 казахско-турецких лицеев, где обучаются свыше 5 тыс. учеников, а также открытый в 1998 году частный университет им. С.Демиреля. Многие казахстанские ученые и специалисты преподают различные технические и гуманитарные дисциплины в турецких университетах. За последние годы в рамках программы обмена опытом между специалистами Казахстана и Турции до сегодняшнего дня в Турции прошли стажировку свыше 300 казахстанских преподавателей, более

200 представителей правоохранительных органов, более 150 представителей здравоохранения.

По инициативе и при поддержке посольства Казахстана в Турции были переведены и выпущены в свет две книги казахских классиков литературы: «Слова назидания» – сборник лучших произведений казахского поэта, философа и просветителя Абая Кунанбаева и выдающегося поэта Мукагали Макатаева. Также выпущен пятитомник избранных произведений Президента РК, книги «Казахстан – Турция: 20 лет дружбы и сотрудничества» и другие фолианты на турецком языке.

По инициативе турецкой стороны на территории Турции установлены памятники деятелям казахского народа: Абаю, Абылай-хану, М.Жумабаеву, М.Ауэзову, Кабанбай-батыру, а также монумент Первому Президенту РК в центре Анкары. В городах Кыршехир и Невшехир центральным улицам и проспектам даны названия «Н.Назарбаев» и «Казахстан», в университетах городов Кыршехир, Невшехир и Ерзинджан открыты аудитории им. Казахстана и культурный центр им. Абая. Эти аудитории оформлены по казахским традициям, с использованием предметов, олицетворяющих казахстанскую достопримечательность.

В свою очередь открытие величественного памятника Мустафе Кемалю Ататюрку на берегу реки Ишим в центре казахстанской столицы турецкое сообщество встретило с воодушевлением, восприняв это событие как дань уважения и знак доверия к их стране.

В рамках своего первого визита в качестве Президента Турции Р.Т.Эрдоган посетит Астану и Туркестан. В столице Казахстана состоится второе заседание Совета стратегического сотрудничества высшего уровня с участием лидеров двух стран. Кроме того, пройдет казахстанско-турецкий бизнес-форум, который призван расширить и углубить уровень экономического сотрудничества. В Туркестане президент Турции примет

участие в открытии крупных культурно-просветительских объектов, в том числе соборной мечети, закладка фундамента которой была осуществлена около 15 лет назад. Также планируется открытие объектов в Международном казахско-турецком университете им. Х.А.Ясави.

В целом предстоящий визит и все перечисленные примеры сотрудничества Казахстана и Турции, без сомнения, служат во благо двух братских государств и народов. Двусторонние отношения в настоящее время не только поднялись на стратегическую высоту, но и имеют все предпосылки стать образцовыми среди контактов нашей республики с другими государствами.

Газета «Казахстанская правда»,
15 апреля 2015 года

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАРҚЫН АЛАДЫ

– Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық, инвестициялық қарым-қатынастар саласында екі елдің мүддесі үшін қандай жобаларды іске асыру қажет деп ойлайсыз?

– Сан салалы сауда-экономикалық байланыстар екіжақты ынтымақтастықтың маңызды аспектісі болып табылады.

Түркия – Қазақстанның аймақтағы сенімді сауда-экономикалық әріптесі. 2014 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы сауда айналымы 3,29 млрд АҚШ долларын құрады.

Түркия алғашқы жылдары елімізде жеке кәсіпкерлік пен құрылыс саласының дамуына айтарлықтай үлесін қосты. Қазіргі күні Қазақстанда 1400-ден астам түрік фирмасы жұмыс істеуде. Сонымен қатар түрік мердігерлері Қазақстанда құны 20 миллиард АҚШ долларынан асатын құрылыс жобасын жүзеге асырды. Осылайша Қазақстанның Түркия экономикасына қосқан күрделі қаржысы шамамен, 20 миллиард АҚШ долларына жетті.

Осы жылдар ішінде Қазақстан экономикасына, жалпы алғанда, шамамен 2 миллиард доллар көлемінде түрік инвестициясы, Қазақстаннан Түркияға шамамен 1 миллиард доллар көлемінде инвестиция жұмсалды.

Түркия тарапынан құйылған инвестициялар ішінде ең ірілері – хром рудасын өңдеуге «Yildirim Group», сусындарды шығару бағыты бойынша агроөнеркәсіп кешеніне «Anadolu Beverage Group», елордамыздағы «Хан шатыр» сауда-ойын-сауық кешенінің құрылысына «Sembol Construction», Алматыда сауда кешені және тағы басқасын айтуға болады.

– Екі елдің әлеуеті толық іске қосылды ма?

– Дегенмен де өзара жұмсалған инвестициялар екі елдің экономикалық әлеуетіне сай келмейді және әлі де барлық мүмкіндіктер толық жүзеге асырылған жоқ деген ойдамын.

Ендігі кезекте экономикалық ынтымақтастықтың барлық мүмкіндіктерін дамыту және іске асыру мақсатында біраз жобалар қолға алынуда.

Сауда-экономикалық саладағы өзара іс-қимылды жандандырудың маңызды аспектісі – 2012 жылы құрылған Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің жұмысын және «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасы шеңберіндегі әрекеттесуді белсенді жалғастыру болып табылады. Олар жақын келешекте Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара іс-қимылдың экономикалық құраушысын одан әрі кеңейтуге жаңа серпін беруге бағытталған.

Түрік өнеркәсібінің және тұтасымен алғанда экономикасын дамыту локомотиві болып қызмет ететін ұйымдастырылған индустриялық аймақтарды құруда Түркия орасан зор оң тәжірибе жинақтаған.

Осы орайда 2011 жылы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы үкіметтері арасында Қазақстанда бірлескен қазақ-түрік индустриялық аймақтарын құру туралы меморандумға қол қойылғанын атап өткім келеді.

Қазақстандағы қолайлы инвестициялық ахуалды Түркияда таныту іс-шаралары кеңінен жүргізілуде, сондай-ақ ірі түрік бизнесін елімізге тарту жұмыстары да өз жалғасын табуда.

– Елімізге Ердоған келе жатыр. Бұл сапардан не күтеміз?

– Жалпы алғанда, Түркияның іскер топтары Қазақстанмен сауда және инвестициялық байланыстарды өзара тиімді дамытуға үлкен қызығушылық танытуда. Осы мүмкіндіктердің экономикалық әлеуетінің дамуына зор тиімділігі болады деген ойдамын.

Жақын күндері, атап айтқанда, 16-17 сәуірде Түркия Республикасының президенті Р.Т.Ердоғанның Қазақстанға жасалмақ мемлекеттік сапары жоғарғы деңгейдегі саяси диалогті жалғас-

тыра отырып, тараптардың халықаралық аренада өзара белсенді әрекеттесуі және екіжақты қарым-қатынастардың әртүрлі сала бойынша динамикалық дамуы аясында жүзеге асырылмақ. Сапар шеңберінде Түркия президенті Р.Т.Ердоған Астана мен Түркістан қалаларында болады.

Сапардың басты өзегі – 24 жылдық ынтымақтастықтың бүгіні мен келешегін саралауға, ынтымақтастыққа жаңа сындарлы серпін беруге, тиімді экономикалық қатынастарды жандандыруға бағытталады.

Әрине, осы мерзімде көптеген жобалар қолға алынды, саяси жағынан әрқашан өзара қолдау көрсетіліп, стратегиялық әріптестікке қол жеткізілді. Саяси жағынан келіспеушіліктердің болмауы өз кезегінде бізге сауда-экономикалық ынтымақтастығымызды одан әрі нығайтуға толық мүмкіндік береді. Алайда бүгінгі күні екі ел арасындағы сауда айналымы 3,6 миллиард АҚШ доллары төңірегінде болып отыр. Сондықтан да екі ел арасындағы тауар айналымын және инвестициялардың деңгейін бауырлас екі елдің әлеуетіне сәйкес көтеру қажет. Ел басшылары бұрынғы кездесулер барысында екіжақты тауар айналымын 10 миллиард долларға дейін ұлғайту бойынша тапсырмалар берген болатын.

Осы орайда, өзара іс-қимылдың экономикалық құраушысын одан әрі кеңейтуге қозғау салу мақсатында жоғарыда атап өтілген Түркия президенті Р.Т.Ердоғанның Қазақстанға сапары барысында екі ел президенттерінің қос төрағалығымен Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің екінші отырысы өтеді. Отырыс шеңберінде ағымдағы мәселелер көтеріліп, жаңа мақсаттар белгіленеді.

Бұл өз кезегінде тараптардың екіжақты және көпжақты форматтағы одан арғы ынтымақтастығының негізгі бағыттары айқындалатын маңызы зор шара. Яғни бұл – ел басшыларының қатысуымен екіжақты қарым-қатынастардың өзекті мәселелері толық талқыланады және тиісті шаралар қабылданады деген сөз.

Екі ел арасындағы іс жүзіндегі қадамдар мен жұмыстар өзара қабылданған шешімдер мен кеңес отырысының қорытындысы бойынша жасалатын мәлімдемелер аясында атқарылады. Екі ел жетекшілерінің ортақ мәлімдемеге қол қоюы мемлекеттер арасындағы серіктестіктің жүйеленуіне ықпал етпек.

Сонымен қатар сапар барысында «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасы іс-шара жоспарына қол қойылуы күтілуде. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін тиісті салалар белгіленіп, осы бағытта жұмыстар жүргізілуде және оңды нәтижесінің жемісін жақын келешекте көреміз деп үміт артамыз.

Түркия президенті Реджеп Тайып Ердоғанның Қазақстанға сапары барысында Астанада құрылыс саласы мен құрылыс материалдарының өндірісі, ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, орман шаруашылығы, тоқыма және дайын киім өндірісі, кеме жасау, мұнай химиясы салаларында жұмыс істейтін екі елдің 300-ден астам компаниясының қатысуымен бизнес-форум өтеді. Бұл да экономикалық саланың дамуына, екіжақты инвестицияға үлкен әсер етері сөзсіз.

«Жаңа синергия» бағдарламасының маңызды құрамдас бөлігі Қазақстанда Қазақстан-Түркия индустриялық аймағын (ҚТИА) құру мәселесі болып табылады. Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 1-отырысының қорытындылары бойынша бастау алған ҚТИА құру мәселесі бұл жолы Қазақстанда өткізілетін жиыннан кейін жаңа серпін алатыны болжануда. Аталған бағытта Астана, Алматы, Орал және Шымкент өңірлерінде атқарылған айтарлықтай жұмыстар тағы да дами түсетіні сөзсіз.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы мен ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол» – болашаққа бастар жол» жолдауын жүзеге асыру аясындағы еліміздің индустриалдық-инновациялық дамуының жоғары маңыздылығын ескере отырып, ҚТИА құру жөніндегі бірлескен жұмысты жандандыру бағытында жоғары деңгейдегі жаңа шешімдер қажет. Түрік

инвесторларына Қазақстанда инвестициялық ортаны жетілдіру үшін заңнамалардың қабылданғаны туралы ақпаратты жеткізу, сонымен қатар ҚР аумағында, ЕАЭО жағдайында бизнеспен айналысудың тиімділігін түсіндіру жұмыстары жүргізілуі керек.

– Мәдениет және білім саласындағы ынтымақтастығымызда ілгерілеушіліктер бар ма?

– Қазақстан мен Түркияның мәдениет, өнер қайраткерлерінің, әдебиетшілерінің екі елде ұйымдастырылған шараларға қатысулары, өнер ұйымдарының гастрольдері, өңірлер арасында бауырластық байланыстары ынтымақтастықтың негізгі арқауы болып отыр.

Аталған саладағы ынтымақтастық жоғары белсенділігімен ерекшеленеді.

2012 жылы әйгілі туристік аймақ – Каппадокиядағы Невшехир қаласындағы басты көшелердің бірі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев есімімен аталды.

Түркияның Невшехир провинциясында «Қазақстан» атындағы саябақ, Қыршехир қаласында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев атындағы даңғылдың ашылуы, Ахи Эвран мен Невшехир университеттерінде «Қазақстан» атындағы аудиторияның, Ерзинджан университетінде Абай атындағы мәдениет орталығының ашылу рәсімі ұйымдастырылды.

Қыршехир қаласында Ахмет Ясауи атындағы орталық мешіт Қазақстанға деген ілтипаттың көрсеткіші болып табылады.

Түркия президенті Р.Т.Ердоғанның Қазақстанға жасалмақ мемлекеттік сапары шеңберінде Түркістанда Түркия дін істері басқармасының қаражатына салынған үлкен мешіттің, Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің жаңадан салынған ғимараттарының (университеттің медициналық факультеті мен студенттік жатақхана ғимараттары, намазхана, футбол алаңы) салтанатты түрде ашылуы жоспарлануда. Қазақстан мен Түркия президенттерінің Түркістандағы іс-

шараға қатысуы екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстардың одан әрі дамуына жағдай жасайтыны сөзсіз.

Түркістандағы мешіттің негізгі іргетасы 15 жыл бұрын қаланған болатын. Түркия діни істер қоғамы тарапынан салынған бұл мешіт екіқабатты және 600 шаршы метр жабық алаңы бар. Сыртта сыйымдылығы 2000 кісілік намаз оқитын жері, төменгі қабатта мәдениет орталығы, бірінші қабатта екі дәрісханасы бар.

Білім саласында өзара ықпалдасудың жарқын мысалы ретінде Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін (ХҚТУ) атап өтуге болады. Ыстамбұл қаласында Абай атындағы орта мектеп табысты қызмет атқаруда.

Осы уақытқа дейін 1500-ден астам Қазақстан азаматы Түркияның жоғары оқу орындарын аяқтап, елге оралса, қазір елдің 27 университетінде шамамен 600 қазақстандық студент өз білімдерін жалғастыруда.

– Еліміздің айтулы мерекелері Түркия елінде қалай аталып өтілуде?

– Түркияда Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ата заңымыздың 20 жылдығы, Наурыз мейрамы кең ауқымда атап өтілді. Бұл бағытта жыл басынан бері көптеген іс-шара ұйымдастырылды. Түркияның бірнеше провинциялары мен аудандарында сурет көрмелері, түрлі семинарлар мен дөңгелек үстелдер, конференциялар мен жүздесулер өтті.

Жұмыс алдағы уақытта да қарқынды түрде жалғасатын болады.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Төреғали ТӘШЕНОВ
«Айқын» газеті,
16 сәуір 2015 жыл

АТАЖҰРТ ПЕН АНАЖҰРТ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ «ЖАҢА СИНЕРГИЯСЫ»

Бауырлас Қазақстан мен Түркия ғасырлар бұрын бір атадан өрбіп, бір мемлекеттің құрамында өмір сүрген түбі бір түркі халқынан тарағанын әрқашан естен шығармай, достық қатынастарын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келеді.

Түркия Республикасы 1923 жылдан, ал Қазақстан Республикасы 1991 жылдан бері тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік сахнада бой көтерді. Алайда Түркия XIII ғасырдан бастап Анадолы топырағында орналасқан Осман империясының, ал Қазақстан XVI-XVII ғасырларда Орталық Азияда қалыптасқан Қазақ хандығының заңды мұрагері екендігі белгілі. Яғни екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастар, туыстық байланысты есептемегенде, XVI ғасырдан басталды деуге болады.

ӘРІ-БЕРІ ҚАТЫНАСЫМЫЗ ЖАТ ҚЫЛМАЙДЫ

Алайда бір кездері бірге өмір сүрген туыс халықтар арасындағы байланыстар Қазақстанның тәуелсіз ел болып жариялануымен қайтадан жаңғырды. Бұл тарихи сәтте Түркия мемлекеті Қазақстанның тәуелсіздігін әлемде тұңғыш рет мойындап, өзінің шынайы қуанышын осылай білдірді. Содан да болар, екі ел бауырластық және достық қатынастарға қаяу түсірмей, ынтымақтастығын мейлінше жоғары деңгейде дамытуға күш салып келеді.

Байланыстарымыздың серпінді дамуы, халқымыздың тарихи және мәдени ортақтығы екі ел арасында әріптестік қатынасты тереңдетуге ықпал етті. Бүгінгі күні Қазақстан мен Түркияның

стратегиялық әріптестігін мақтан тұта аламыз. Бауырлас екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықтың ұдайы дамып, нығаюына үлкен септігін тигізген жоғары деңгейдегі өзара сапарларды ұйымдастыру жалғасын табуда. Соңғы жылдарда екіжақты және көпжақты форматта екі ел басшыларының кездесулері ұйымдастырылды. 2014 ж. маусымда Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі саммиті және тамыз (Түркия Президенті инаугурациясы) айында Елбасының Түркияға жұмыс сапарлары жоғары деңгейде өтті.

Екіжақты ынтымақтастықтың өсу қарқыны Қазақстан мен Түркияның барлық деңгейдегі диалогының бай мазмұнымен және үдемелілігімен сипатталады. Бұл қатынастар, саяси-экономикалық, қорғаныс, мәдени, ғылыми-техникалық, білім беру, экологиялық, ақпараттық және денсаулық сақтау салаларында бірлескен әрі үйлестірілген қызметті жүзеге асыру мақсатын көздейді.

Халықаралық аренадағы ынтымақтастық пен өзара қолдау екі ел сыртқы саясатының аса маңызды бағыттарын қамтиды. Қазақстан мен Түркия Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі, Түркі кеңесі, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы, Ислам ынтымақтастық ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, басқа да халықаралық ұйымдар шеңберінде тығыз ынтымақтастық үдерісін жалғастырып жатыр. Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберіндегі өзара әрекеттестік те ойдағыдай дамуда. Сонымен қатар екі елдің Еуропалық, Еуроатлантикалық және басқа да ұйымдардағы ортақ іс-қимылдары үлкен маңызға ие.

Түркия Астананың ЭКСПО-2017 дүниежүзілік көрмесіне үміткерлігін және Қазақстанның БҰҰ ҚК-нің Тұрақты емес мүшелігіне үміткерлігін қолдап отыр. 2014 ж. 29 желтоқсандағы ҚР Сыртқы істер министрі Е.Ыдырысовтың Түркияға ресми сапары елдеріміз арасындағы ынтымақтастыққа жаңа серпін берді.

ЕРДОҒАН АТАЖҰРТҚА НЕНДЕЙ МАҚСАТПЕН КЕЛДІ?

Үстіміздегі жылы 16-17 сәуірде Түркия Республикасының Президенті Р.Т.Ердоғанның Қазақстанға мемлекеттік сапары жоғары деңгейдегі саяси диалогтің жалғасы болып, тараптардың халықаралық аренада өзара белсенді әрекеттесуі және екіжақты қарым-қатынастардың әртүрлі сала бойынша динамикалық дамуы аясында жүзеге асырылмақ. Сапар шеңберінде Р.Т.Ердоған Астана мен Түркістан қалаларында болады.

Сапардың басты өзегі 24 жылдық ынтымақтастықтың бүгіні мен келешегін саралауға, ынтымақтастыққа жаңа сындарлы серпін беруге, тиімді экономикалық қатынастарды жандандыруға бағытталады.

Әрине, осы мерзімде көптеген жобалар қолға алынды, саяси жағынан әрқашан өзара қолдау көрсетіліп, стратегиялық әріптестікке қол жеткізілді. Саяси жағынан келіспеушіліктердің болмауы өз кезегінде бізге сауда-экономикалық ынтымақтастығымызды одан әрі нығайтуға толық мүмкіндік береді. Алайда бүгінгі күні екі ел арасындағы сауда айналымы 3,6 миллиард АҚШ доллары төңірегінде болып отыр.

Сондықтан да екі ел арасындағы тауар айналымын және инвестициялардың деңгейін бауырлас екі елдің әлеуетіне сәйкес көтеру қажет. Ел басшылары бұрынғы кездесулер барысында екіжақты тауар айналымын 10 миллиард долларға дейін ұлғайту бойынша тапсырмалар берген болатын.

Осы орайда, өзара іс-қимылдың экономикалық құраушысын одан әрі кеңейтуге қозғау салу мақсатында Р.Т.Ердоғанның Қазақстанға сапары барысында екі ел Президенттерінің қос төрағалығымен жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің екінші отырысы өтеді. Отырыс шеңберінде ағымдағы мәселелер көтеріліп, жаңа мақсаттар белгіленеді.

Бұл өз кезегінде тараптардың екіжақты және көпжақты форматтағы одан арғы ынтымақтастығының негізгі бағыттары айқындалатын маңызды шара. Яғни бұл – ел басшыларының қатысуымен екіжақты қарым-қатынастардың өзекті мәселелері толық талқыланады және тиісті шаралар қабылданады деген сөз.

Екі ел арасындағы іс жүзіндегі қадамдар мен жұмыстар өзара қабылданған шешімдер мен кеңес отырысының қорытындысы бойынша жасалатын мәлімдемелер аясында атқарылады. Екі ел жетекшілерінің ортақ мәлімдемеге қол қоюы мемлекеттер арасындағы серіктестіктің жүйеленуіне ықпал етпек.

Сонымен қатар, сапар барысында «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасы іс-шара жоспарына қол қойылуы жоспарланып отыр. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін тиісті салалар белгіленіп, осы бағытта жұмыстар жүргізіліп және оның оңды нәтижесінің жемісін жақын келешекте көреміз деп үміт артамыз.

Түркия Президенті Реджеп Тайип Ердоғанның Қазақстанға сапары барысында Астанада құрылыс саласы мен құрылыс материалдарының өндірісі, ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, орман шаруашылығы, тоқыма және дайын киім өндірісі, кеме жасау, мұнай химиясы салаларында жұмыс істейтін екі елдің 300-ден астам компаниясының қатысуымен бизнес-форум өтеді. Бұл да экономикалық саланың дамуына, екіжақты инвестицияға үлкен әсер етері сөзсіз.

ЖАҢА СИНЕРГИЯЛЫҚ АЙМАҚ ҚҰРЫЛАДЫ

«Жаңа синергия» бағдарламасының маңызды құрамдас бөлігі Қазақстанда Қазақстан – Түркия индустриялық аймағын (ҚТИА) құру мәселесі болып табылады. Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 1-ші отырысының қорытындылары бойынша бастау алған ҚТИА құру мәселесі бұл жолы Қазақстанда өткізілетін жиыннан кейін жаңа серпін алатыны болжануда. Аталған бағытта Астана, Алматы, Орал

және Шымкент өңірлерінде атқарылған айтарлықтай жұмыстар тағы да дами түсетіні сөзсіз.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы мен ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол» – болашаққа бастар жол» атты жолдауын жүзеге асыру аясындағы еліміздің индустриалдық-инновациялық дамуының жоғары маңыздылығын ескере отырып, ҚТИА құру жөніндегі бірлескен жұмысты жандандыру бағытында жоғары деңгейдегі жаңа шешімдер қажет. Түрік инвесторларына Қазақстанда инвестициялық ортаны жетілдіру үшін заңнамалардың қабылданғаны туралы ақпаратты жеткізу, сонымен қатар ҚР аумағында, ЕАЭО жағдайында бизнеспен айналысудың тиімділігін түсіндіру уақтылы болып табылады.

Түркия әлемдік дағдарыс жағдайында тұрақты дамуды көрсетіп отырған мейлінше қарқынды даму үстіндегі дүниежүзілік экономикалардың бірі болып табылады. Екіжақты қатынастардың одан әрі дамуы түрік бизнесін Қазақстанның индустриалды даму үдерісіне тартуға, түрік тәжірибесін еліміздің өңірлерінде қазақ-түрік индустриалды аймақтарын өрістету кезінде ұйымдастырылған өнеркәсіп аймақтарын құруда пайдалануға мүмкіндік береді.

Осы орайда, ынтымақтастықтың үлкен көкжиектері Қазақстанда түрік капиталының қатысуымен бірлескен индустриалдық аймақтың ашылуына байланысты болады, ол түрік бизнесінің қазақстандық нарыққа жүйелі енуіне жол ашады және біздің еліміздің қолайлы инвестициялық климатын жақсартуға серпін береді. 2011 жылғы қазан айында түрік делегациясының сапары барысында ҚР аумағында бірлескен қазақ-түрік өнеркәсіптік аймақтарын құру туралы меморандумға қол қойылды.

2013-2014 жылдары Түркияның Сакария, Қожаелі, Измир, Измит, Ескишехир, Невшехир, Трабзон, Ризе, Ыстамбұл Муғла, Ниде, Самсун, Хатай, Кония, Гиресун, Малатия, Маниса, Денизли провинцияларында аймақтық бизнес-форумдар ұйымдастырылды.

2013-2014 жж. Түркияның бірқатар аймақтарынан провинциялардың губернаторлары бастаған бизнес-делегациялардың ҚР-ға сапарлары өткізілді: Денизли – Алматы (2013 ж., сәуір), Кения – Қызылорда (2013 ж., мамыр), Трабзон – Алматы (2013 ж., маусым), Қожаелі – Қызылорда (2014 ж.,қазан), Ескишехир – Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды (2014 ж., қазан), Болу – Алматы, Астана, Шымкент, Қызылорда (2014 ж., желтоқсан), түркиялық губернаторлардың ҚР облыстарының әкімдерімен келіссөздері болып, ынтымақтастық туралы хаттамаларға қол қойылды, тараптардың іскерлік орталары өкілдерінің кездесулері мен келіссөздері ұйымдастырылды. Түркия экономика министрі орынбасарының Қазақстанға екі мәрте үлкен бизнес делегациямен сапары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары М.Кәрімов бастаған делегацияның Ыстамбұл және Қожаелі провинцияларына (2014 ж., ақпан), Қызылорда әкімі Қ.Көшербаев бастаған делегацияның Қожаелі провинциясына (2014 ж., маусым), Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары С.Тұяқбаев бастаған бизнес делегациясының Ыстамбұл, Измир жене Денизли қалаларына іссапары (2014 ж., шілде) болып өтті.

2015 жылдың ақпанында ТР экономика министрінің орынбасары Аднан Йылдырым бастаған делегация Алматыда жұмыс сапарымен болды. Осы жылдар ішінде Қазақстан экономикасына жалпы алғанда шамамен 2 миллиард доллар көлемінде түрік инвестициясы, Қазақстаннан Түркияға шамамен 1 миллиард доллар көлемінде инвестиция жұмсалды.

Түркия тарапынан құйылған инвестициялар ішінде ең ірілері – хром рудасын өңдеуге «Yildirim Group», сусындарды шығару бағыты бойынша агроөнеркәсіп кешеніне «Anadolu Beverage Group», елордамыздағы «Хан шатыр» сауда-ойын-сауық кешенінің құрылысына «Sembol Construction», Алматыдағы сауда орталығы және т.б.

Түрік мердігерлері Қазақстанда құны 20 миллиард АҚШ долларынан асатын құрылыс жобасын жүзеге асырды. Осылайша Қазақстанның Түркия экономикасына қосқан күрделі қаржысы шамамен 20 миллиард АҚШ долларына жетті.

Біздің елдеріміз арасындағы өзара сауданың көлемін ұлғайтуға және сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға тікелей ықпалын тигізетін мейлінше маңызды бағыттардың бірі – көлік саласы. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуды тежеуші салмақты бір фактор – жүктердің автомобильдік тасымалдау арқылы жеткізілуі.

Бұл орайда, Қазақстан мен Түркия арасындағы теміржол магистралін жолға қою керек деп ойлаймыз. Былтыр үш елдің президентінің қатысуымен «Иран – Түрікменстан – Қазақстан» теміржол дәлізі ашылған болатын. «Түркия – Иран» және «Карс – Ахалкалаки – Тбилиси – Баку» теміржолдары магистральдарын салып бітіру Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда айналымын және Қазақстанның энергия ресурстарын әлемдік рыноктарға тасымалдауды едәуір ұлғайтуға, сондай-ақ тасымалдау көлемін көбейтуге жене тарифтерді азайтуға, Каспий аймағы мен Еуропа арасындағы тікелей көлік қатынасын қамтамасыз етуге мүмкіндік берер еді.

Сондай-ақ Баку жене Ақтау порттарының арасындағы теміржол-паром қатынасының магистраліне шығумен «Карс – Ахалкалаки – Тбилиси – Баку» теміржол бағытын пайдалана отырып, аралас жүк тасымалдарын көбейту мақсатындағы ынтымақтастықты жолға қою керек.

Бұдан басқа, экономикалық салада келесідей жобаларды жүзеге асыруға болады: өзара тауар айналымын ұлғайтуға ықпал ететін логистикалық орталық пен аймақтық желінің логистикалық орталықтарын салу; кеме жасайтын, жөндейтін орындардың құрылысын салу және теңіз кемелерін жасау жөніндегі бірлескен жобаларды іске асыру; қуатты үнемдеу және қайта қалпына келетін қуат көздерін пайдалану саласында ынтымақтасу; Түркияның тамшылатып суару саласындағы,

ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын жасаудағы, жылыжайларды, көкөніс қоймалары мен т.б. нысандардың құрылысы және көкөністерді, жеміс-жидектерді өсірудегі озық тәжірибесін пайдалану арқылы агроөнеркәсіп кешені саласында бірлескен жобаларды қолға алу және т.б.

РУХАНИ БАЙЛАНЫС ЖАН ДҮНИЕНІ ЖАҢҒЫРТАДЫ

Саяси және экономикалық қатынастармен қатар мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастыққа да аса назар аудару қажет. Екі бауырлас елдің рухани әрі достық қазығына айналған мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық бағыт екі елді жақындастыруға ықпал еткен мәдениет күндері, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар және шығармашылық топтардың концерттері, мәдениет фестивальдері, музыка, сурет өнері және көрмелері ұйымдастырылды. Қазақстанның Түркиядағы, ал Түркияның Қазақстандағы мәдениет күндері тұрақты түрде өткізілуде.

Мәдениет саласындағы маңызды іс-шара 2009 жылғы 21-23 қазан аралығында Ыстамбұлда Алматы күндерінің өтуі болып табылады. Сонымен бірге Алматы туралы фотокөрме, қазақтың ұлттық қолөнері, көне зергерлік заттар мен артефактар, сондай-ақ музыкалық аспаптар көрмесі ұйымдастырылып, «Қыз Жібек» және «Көшпенділер» көркем фильмдері көрсетілді. 2011 жылғы маусымда Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, Астанада Анкараның мәдениет күндері өтті. Мәдениет күндері барысында Түркияның өнер шеберлері, шығармашылық ұжымдары мен белгілі түрік әншісі Ферхад Гөчер қатысты.

2012 ж. қыркүйек айында Анкарада Астана мәдениет күндері аталып өтті. Іс-шаралар шеңберінде Анкарадағы «Эстергон» түркі мәдениетінің мұражайында түркі елдерінің мәдениеті мен салт-дәстүрлерін паш ететін Қазақстанның тұрақты экспозицияларының ашылуы болды. Анкараның орталық концерттік залында Қазақстан эстрадасының жұлдыздары

– Қазақстан Республикасының халық әртісі Роза Рымбаева, Маржан Арапбаева, сондай-ақ Азамат Жылтыркөзов, Нұрғали Тұрлыбеков, «МузАРТ», «Ринго», «Асыл» топтары, «Белес» этно-фольклорлық тобы, «Шалқыма» халық би ансамблі, «Наз» би ансамблі, «Терра» би театры және «Тұран» фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерінің қатысуымен гала-концерт ұйымдастырылды.

2012 жылы қазан айында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Түркияға ресми сапары қарсаңында Қазақстанның мәдениет күндері ұйымдастырылды. Ыстамбұл археологиялық мұражайында «Ежелгі көшпенділер алтыны және Қазақстанның зергерлік өнері» атауымен «Алтын адам» көрмесі ашылды. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың түрік тіліндегі 5 томдық таңдамалы шығармалар жинағының тұсаукесері өтті. Сондай-ақ екі ел басшыларының қатысуымен Қазақстан өнер шеберлерінің гала-концерті ұйымдастырылды.

2010 және 2014 жылдары Ыстамбұл, Анкара, Ескишехир, Измир, Кения, Амасия қалаларында Қарағанды облысының Тәттімбет атындағы халық аспаптары оркестрінің сүйемелдеуімен белгілі қазақстандық опера әншісі Бибігүл Төлегенованың гастрольдік концерттері болып өтті. Сонымен бірге Анкара, Ыстамбұл, Ескишехир қалаларында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры) және «Айман — Шолпан» (Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жастар ұжымы) спектакльдері қойылды.

2013-2014 жылдары Қазақстан композиторы Мұқан Төлебаевтың 100 жылдығы шеңберінде Самсун, Ескишехир, Ыстамбұл және Анкара қалаларында «Біржан мен Сара» операсы тұңғыш рет түрік тілінде сахналанды.

Өткен жылдар ішінде ұлттық мейрамымыз – Наурызға арналған ірі іс-шаралар, соның ішінде «Наурыз – түркі халықтарының мәдениетінде» атты симпозиум, халықаралық фести-

вальдер, суреттер көрмелері және Қазақстан шығармашылық ұжымдарының көптеген концерттері т.б. өтті.

Екі ел арасында тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру (түрік ағайындардың көмегімен Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қайта жөнделуі), тарихи күндерді (Түркістан қаласының 1500 жылдығын тойлау), белгілі әрі көрнекті тұлғаларымыздың мерейтойларын атап өту тәрізді іс-шаралар жүзеге асырылды.

Қыршехир қаласындағы Ахмет Ясауи атындағы Орталық мешіті Қазақстанға деген ілтипаттың көрсеткіші болып табылады.

АБЫЛАЙ, АБАЙ, МҰХТАР, МАҒЖАНДАР ТҮРКИЯ ЖЕРІНДЕ АСҚАҚТАП ТҰР

Елшілік бастамасымен Түркияда қазақ халқының асыл тұлғалары, атап айтқанда: Абай Құнанбаевқа, Мұхтар Әуезовке, Мағжан Жұмабаевқа, Абылай ханға, Қабанбай батырға және т.б. ескерткіштер орнатылған. 2001 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы шеңберінде домбыра ұстап тұрған қазақ қызы бейнеленген «Астана» ескерткіші Анкара қаласының Қазақстан даңғылында орнатылды. 2012 ж. әйгілі туристік аймақ – Каппадокиядағы Невшехир қаласындағы басты көшелердің бірі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев есімімен аталды. Түркияның Невшехир провинциясында «Қазақстан» атындағы саябақ, Қыршехир қаласында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев атындағы даңғылдың ашылуы және Ахи Эвран университетінде «Қазақстан» атындағы аудиторияның ашылу рәсімі ұйымдастырылды.

2012 жылы елшіліктің ұйымдастыруымен «Балалық шағымның аспаны», «Қыз Жібек», «Тақиялы періште», «Көшпенділер», «Бәйтерек» атты қазақ фильмдері түрік тіліне аударылып, көрермендер назарына ұсынылды.

Қазақстан туралы түрік тілінде танымдық 9 бейнефильм шығарылды.

2010-2014 жылдары ҚР Президенті Н.Назарбаевтың таңдамалы шығармалар жинағы (5 томдық) «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев – әлемдік деңгейдегі көшбасшы», «Қазақстан – Түркия: жоғары деңгейлі ынтымақтастық», «Қазақстан – Түркия: достық пен ынтымақтастыққа – 20 жыл», «Абай шығармалары», Абайдың «Қара сөздері», М.Мақатаевтың шығармалары, «Қазақстан: түрік инвесторлары үшін жолсілтеме», ал 2015 жылы әл-Фарабидің шығармалары түрік тілінде кітап ретінде шығарылды.

Соңғы жылдарда тәжірибе алмасу бағдарламалары бойынша Түркияда 300-ден астам қазақстандық оқытушы, 200-ден астам құқық қорғау органдарының өкілдері, 150-ден астам дәрігер тағылымдамадан өтті. Түркия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынасты барлық салада нығайту үшін тамаша әлеует бар. Екі елдің де байланыстар мен ынтымақтастықты жетілдіру және әртараптандыру үшін қажетті саяси ерікке ие болуы қуантарлық жайт. Түрік бауырларымызбен бірлесіп, ынтымақтастығымызды бұдан да жарқын келешекке жетелейтінімізге сенімдіміз.

«Қазақстан-ZAMAN» газеті,
16 сәуір 2015 жыл


































HOŞGELDiNiZ



АТ БАСЫН БҰРҒАН АЛЫСТАҒЫ БАУЫР

– Жансейіт Қансейітұлы, Мағжан Жұмабаевтың өткен ғасырдың бастапқы жылдарында аласапыран болып жатқан түрік бауырының жағдайына алаңдап, жаны ауырып жазған «Алыстағы бауырыма» атты өлеңін білетін боларсыз. Алаш азаматтары алаңдаған Түрік елі еңсесін көтеріп, мемлекеттік туын тік ұстар заман да туды. Тәуелсіздігін жаңа жариялаған Қазақстанның дербестігін алғаш мойындаған ел де Түркия екенін осы күні мақтанышпен айтамыз. Екі елдің арғы-бергі тарихына көз жіберсек, нені байқар едік?

– Сөзіңіздің жаны бар. Бүгінгі күн биігінен қарасақ, екі ел жүріп өткен жолға баға беру үшін ежелгінің жыршыларындай жыр толғап, таңды таңға ұруымыз керек. Себебі көне дәуірлерде үні қалған ата-бабаларымыздың байырғы ерлігі мен өрлігіне біз ешқашан бей-жай қарай алмаймыз. Бауырлас қос елдің арасын жалғап тұрған сол күндерден жеткен ежелгінің сөзі – шежіре-тарих емес пе еді?

Түркия 1923 жылдан, ал Қазақстан 1991 жылдан тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік тарихи-саяси сахна төріне шықты. Әйткенмен де Түркия – XII ғасырдан Анадолы топырағында байрағын тіккен Осман империясының, ал Қазақстан – XVI-XVII ғасырларда Орта Азияда қалыптасқан Қазақ хандығының заңды мұрагері. Яғни екі мемлекет арасындағы тамыры бір туыстық қарым-қатынас байырғының заманынан бар десек те, ресми байланыс XVI ғасырларда орнағанын айта кетуіміз керек. Сол күндерден жеткен байланыс Қазақстанның тәуелсіз ел болып жариялануымен қайта жаңғырды. Содан да болар, екі ел бауырластық және достық қарым-қатынастарға қаяу түсір-

мей, ынтымақтастығын мейлінше жоғары деңгейде дамытуға күш салып келеді. Біздің ортақ байланыстарымыздың серпінді дамуы, халқымыздың тарихи және мәдени ортақтығы екі ел арасында әріптестік қарым-қатынасты тереңдетуге ықпал етті.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ежелгі туыстық тамырымызға құрметпен қарай алатын көрегендігінің арқасында екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа бір сатысына көтерілдік. Бүгінгі күні біз Қазақстан мен Түркияның стратегиялық әріптестігін мақтан тұта аламыз. Мәселен, соңғы жылдары екіжақты және көпжақты форматта Қазақстан мен Түркия басшыларының кездесулері ұйымдастырылып келеді. 2014 жылы маусым (Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі) және тамыз (Түркия Президентінің инаугурациясы) айларында Елбасының Түркияға жұмыс сапарлары жоғары деңгейде өтті.

Қазақстан мен Түркия Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі, Түркі кеңесі, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы, Ислам ынтымақтастық ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдар шеңберінде тығыз ынтымақтастық байланысын тереңдетуде. Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберіндегі өзара әрекеттестік те ойдағыдай дамуда. Сонымен қатар екі елдің Еуропалық, Еуроатлантикалық және басқа да ұйымдардағы ортақ іс-қимылдары үлкен маңызға ие.

– Күні кеше Қазақстанға келген Түрік басшысының осы сапары жайында кеңірек тоқталып өтсек. Реджеп Тайып Ердоған мырзаның күн тәртібінде қандай жоспарлары бар?

– Бұл сапар шеңберінде Түркия Президенті Р.Т.Ердоған Астана мен Түркістан қалаларында болады. Түркістанда Түркия дін істері басқармасының қаражатына салынған үлкен мешіттің, Қ.А.Ясауи атындағы Қазақ-түрік университетінің жаңадан салынған ғимараттарының (университеттің медициналық факультеті мен студенттік жатақхана ғимараттары, намазхана, футбол алаңы) салтанатты түрде ашылуы жоспарланған.

Қазақстан мен Түркия Президенттерінің Түркістандағы іс-шараға қатысуы екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстардың одан әрі дамуына жағдай жасайтыны сөзсіз. Сапардың басты өзегі – 24 жылдық ынтымақтастықтың бүгіні мен келешегін саралауға, ынтымақтастыққа жаңа сындарлы серпін беруге, тиімді экономикалық қарым-қатынастарды жандандыруға бағытталады. Жиырма төрт жыл ішінде екі ел арасында көптеген жоба қолға алынды, саяси жағынан екі ел бір-біріне әрқашан өзара қолдау көрсетіп, стратегиялық әріптестікке қол жеткізді. Қос мемлекеттің саяси жағынан ынтымақтастықтың берік орнауы сауда-экономикалық ынтымақтастығымызды одан әрі нығайтуға толық мүмкіндік береді. Алайда бүгінгі күні екі ел арасындағы сауда айналымы 3,6 миллиард АҚШ доллары төңірегінде болып отыр. Сондықтан да екі ел арасындағы тауар айналымын және инвестициялардың деңгейін бауырлас екі елдің әлеуетіне сәйкес көтеру қажет. Ел басшылары бұрынғы кездесулер барысында екіжақты тауар айналымын 10 миллиард долларға дейін ұлғайту бойынша тапсырмалар берген болатын.

Осы орайда, өзара іс-қимылдың экономикалық құраушысын одан әрі кеңейтуге қозғау салу мақсатында Түркия Президенті Р.Т.Ердоғанның Қазақстанға сапары барысында екі ел Президенттерінің қос төрағалығымен Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің екінші отырысы өтеді. Отырыс шеңберінде ағымдағы мәселелер көтеріліп, жаңа мақсаттар белгіленеді. Бұл өз кезегінде тараптардың екіжақты және көпжақты форматтағы одан арғы ынтымақтастығының негізгі бағыттары айқындалатын маңызды шара. Яғни бұл – ел басшыларының қатысуымен екіжақты қарым-қатынастардың өзекті мәселелері толық талқыланады және тиісті шаралар қабылданады деген сөз.

Сонымен қатар сапар барысында «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасы іс-шара жоспарына қол қойылу көзделуде. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін

тиісті салалар белгіленіп, осы бағытта жұмыстар жүргізілуде және оңды нәтижесінің жемісін жақын келешекте көреміз деп үміт артамыз. «Жаңа синергия» бағдарламасының маңызды құрамдас бөлігі Қазақстанда Қазақстан-Түркия индустриялық аймағын (ҚТИА) құру мәселесі болып табылады. Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 1-ші отырысының қорытындылары бойынша бастау алған ҚТИА құру мәселесі бұл жолы Қазақстанда өткізілетін жиыннан кейін жаңа серпін алатыны болжанып отыр. Аталған бағытта Астана, Алматы, Орал және Шымкент өңірлерінде атқарылған айтарлықтай жұмыстар тағы да дами түсетіні сөзсіз.

Түркия Президенті Реджеп Тайып Ердоғанның Қазақстанға сапары барысында Астанада құрылыс саласы мен құрылыс материалдарының өндірісі, ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, орман шаруашылығы, тоқыма және дайын киім өндірісі, кеме жасау, мұнай химиясы салаларында жұмыс істейтін екі елдің 300-ден астам компанияларының қатысуымен бизнес-форум өтеді. Бұл да экономикалық саланың дамуына, екіжақты инвестицияға үлкен әсер етері сөзсіз.

– Сөз басында мысалға алған Мағжан ақынды Түрік елі қатты құрметтейтінін білеміз. Мәселен, Мағжанның өлеңдер жинағын бірнеше рет шығарғанынан, ақын атында Ұлттық орталық ашылғанынан, Анкара және Ыстамбұл қалаларында Мағжан Жұмабаевқа арналған еңселі ескерткіш те орнатылғанынан хабардармыз. Екі ел арасындағы мәдени-әдеби, рухани қарым-қатынастың деңгейі қандай деп ойлайсыз?

– Әрине, бауырлас елдердің рухани әрі достық қазығына айналған мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық жоғары деңгейде дамып келеді. Бұл бағытта екі елді жақындастыруға ықпал еткен мәдениет күндері, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар және шығармашылық топтардың концерттері, музыка, өнер және мәдениет фестивальдері, сурет көрмелері жиі ұйымдас-

тырылып келеді. 2014 жылы «Абай шығармалары», Абайдың «Қара сөздері», М.Мақатаевтың шығармалары, ал 2015 жылы әл-Фарабидің шығармалары түріктілді оқырманға жол тартты. Елшілік сондай-ақ Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың таңдаулы шығармаларының бес томдығын түрік тілінде шығарды. Аталған жинаққа Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму тарихын баяндайтын, еліміз туралы толыққанды мәліметтер беретін «Еуразия жүрегінде», «Тарих толқынында», «Сындарлы он жыл», «Қазақстан жолы» және «XXI ғасыр тоғысында» кітаптары енді. Біз мынаны білуіміз керек, бүгінде бауырлас қос елдің арасындағы мамыражай, достық, туыстық қарым-қатынастың тереңдей түсуіне Елбасымыздың сіңірген еңбегі мол. Елбасы әркез түркі мемлекеттерінің бауырластығына, достығына қылау түсірмеу үшін еңбектеніп келеді. Бұл бір ғана біздің пікір емес. Кез келген түркі бауырларымыздың еліне бара қалсаңыз, Нұрсұлтан Әбішұлын ерекше ілтипатпен қабылдайтынын байқар едіңіз. Сізге бір ғана мысал айтайын, өткен жылы Түркия Республикасының 9-шы президенті Сүлеймен Демирелдің 90 жасқа толу мерейтойында кездесіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Сүлеймен мырзаның атына жолдаған хатын табыс ету мәртебесіне ие болдым. Өзіңіз білесіз, С.Демирел – көрнекті мемлекет қайраткері, Түркия саяси алаңының ең жарқын тұлғаларының бірі. Сол кездесу барысында Қазақстан тарихындағы бір дәуірдің Н.Назарбаевтың атымен тікелей байланысы бар екенін жеткізген С.Демирел Қазақстан Президенті Н.Назарбаевпен жүздесулерін жылы ықыласпен еске алып, оны өзінің досы және бауыры ретінде санайтынын айтқан еді. Ол Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың түркі әлемінің көшбасшысы ретінде қазақ-түрік ынтымақтастығының қарқынды дамуындағы, түркітілдес елдер арасындағы интеграциялық үдерістердің кемелденуіндегі айрықша еңбегі туралы әңгімелеп, Қазақстан көшбасшысының бастамасымен түркі әлемінің тарихында

алғаш рет түркітілдес мемлекеттердің арасындағы орган – Түркі кеңесінің құрылғанын ерекше ілтипатпен еске алды.

Елшілік бауырлас елдердің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнағанының 20 жылдық мерейтойына байланысты «Қазақстан-Түркия: достық пен ынтымақтастықтың 20 жылы» атты кітабын шығарған болатын. Қазақ және түрік тілдерінде басылып шығарылған, дипломатия мен тарих мамандарының ғана емес, Түркияның басқа да қоғамдық қайраткерлері қызығушылық білдірген бұл кітап та Қазақстанның ұлттық кітапханалар қорларына тапсырылды.

Мәдени қарым-қатынасымызды нығайта түсу үшін Қазақстанның Түркиядағы, ал Түркияның Қазақстандағы мәдениет күндері тұрақты түрде өткізілуде. Мәселен, 2009 жылғы 21-23 қазан аралығында Ыстамбұлда Алматы күндері өтті. Аталған іс-шара барысында Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі, «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының артистері, «Қазақстан камератасы» классикалық музыка ансамблі, «Ұлытау» тобы, опера орындаушылары Нұржамал Үсенбаева, Дәлел Уәш, домбырашы-виртуоз Асылбек Еңсепов және т.б. қатысуларымен гала-концерт өтті. Сонымен қатар Алматы туралы фотокөрме, қазақтың ұлттық қолөнері, көне зергерлік заттар мен артефактар, сондай-ақ музыкалық аспаптар көрмесі ұйымдастырылып, «Қыз Жібек» пен «Көшпенділер» көркем фильмдері көрсетілді.

2011 жылғы маусымда Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, Астанада Анкараның мәдениет күндері өтті. Мәдениет күндеріне Түркияның өнер шеберлері, шығармашылық ұжымдары мен белгілі түрік әншісі Ферхад Гөчер қатысты.

2012 жылдың қыркүйек айында Анкарада Астана мәдениет күндері аталып өтті. Іс-шаралар шеңберінде Анкарадағы «Эстергон» түркі мәдениетінің мұражайында түркі елдерінің

мәдениеті мен салт-дәстүрлерін паш ететін Қазақстанның тұрақты экспозициялары ашылды. Анкараның Орталық концерттік залында Қазақстан эстрадасының жұлдызы – Қазақстан Республикасының халық артисі Роза Рымбаева, сондай-ақ Азамат Жылтыркөзов, Маржан Арапбаева, Нұрғали Тұрлыбеков, «МұзАРТ», «Ринго», «Асыл» топтары, «Белес» этно-фольклорлық тобы, «Шалқыма» халық би ансамблі, «Наз» би ансамблі, «Терра» би театры және «Тұран» фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерінің қатысуымен гала-концерт өтті.

2012 жылы қазан айында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Түркияға ресми сапары қарсаңында Қазақстанның мәдениет күндері ұйымдастырылды. Ыстамбұл археологиялық мұражайында «Ежелгі көшпенділер алтыны және Қазақстанның зергерлік өнері» атауымен «Алтын адам» көрмесі ашылды.

2009 жылы Астанада Түрік мемлекетінің негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүрікке, 2010 жылы Анкарада түркі халықтарын жақындастырудағы ерен еңбегі үшін Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевқа ескерткіш пен монумент орнатылды. 2012 жылдан әйгілі туристік аймақ – Каппадокиядағы Невшехир қаласындағы басты көшелердің бірі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев есімімен аталды. Осы провинцияда «Қазақстан» атындағы саябақ, Қыршехир қаласында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев атындағы даңғыл, осы қаладағы Ахмет Ясауи атындағы орталық мешіт, Ахи Эвран мен Невшехир университеттерінде «Қазақстан» атындағы аудиториясы, Ерзинджан университетінде «Абай» атындағы Мәдениет орталығы Түркияның Қазақстанға деген ілтипатын, құрметін көрсетпей ме?

Түркітілдес мемлекеттердің мәдениеті мен өнерін танытуда және ортақ мәдени кеңістікті қалыптастыруда үлкен рөл атқарып отырған ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы шеңберінде Қазақстанның шығармашылық ұжымдарының Түркияға гастрольдерін ұйымдастыру іс-шаралары өткізілуде.

Түркиямен арадағы жалғасып жатқан ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, Түркияда қазақ халқының белгілі күйшісі Дина Нұрпейісованың 150 жылдық мерейтойы кеңінен аталып өтті. Анкара қаласының Етимесгут ауданында Дина Нұрпейісова саябағы ашылды.

2010 және 2014 жылдары Ыстамбұл, Анкара, Ескишехир, Измир, Кония, Амасия қалаларында Қарағанды облысының Тәттімбет атындағы халық аспаптары оркестрінің сүйемелдеуімен белгілі қазақстандық опера әншісі Бибігүл Төлегенованың гастрольдік концерттері өтті. Сонымен бірге Анкара, Ыстамбұл, Ескишехир қалаларында «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» (М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры) және «Айман-Шолпан» (Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жастар ұжымы) спектакльдері қойылды. 2013-2014 жылдары Мұқан Төлебаевтың туғанына 100 жыл толу мерейтойына орай, Самсун, Ескишехир, Ыстамбұл және Анкара қалаларында «Біржан мен Сара» операсы тұңғыш рет түрік тілінде сахналанды. Елшілік бастамасымен Түркияда қазақ халқының асыл тұлғалары үшін, атап айтқанда, Абай Құнанбаевқа, Мұхтар Әуезовке, Абылай ханға, Қабанбай батырға және өзіңіз айтқандай, Мағжан Жұмабаевқа ескерткіштер орнатылған. 2001 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы шеңберінде домбыра ұстап тұрған қазақ қызы бейнеленген «Астана» ескерткіші Анкара қаласының Қазақстан даңғылында орнатылды.

– Түркияның білім беру саласы туралы жылы пікірлер көп. Әсіресе еліміздегі қазақ-түрік лицейлерінде білім беру мен тәрбие туралы әңгімені жиі естіп қаламыз. Екі ел арасындағы білім, ғылым тәжірибе алмасуы туралы не айтасыз?

– Білім саласында өзара ықпалдасудың жарқын мысалы ретінде Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін атап өтуге болады.

Ыстамбұл қаласында Абай атындағы орта мектеп бар. Осы уақытқа дейін 1500-ден аса Қазақстан азаматы Түркияның жоғары оқу орындарын аяқтап, елге оралса, қазір елдің 27 университетінде шамамен 600 қазақстандық студент білімдерін жалғастыруда. Қазақстанда 28 қазақ-түрік лицейі мен С.Демирел атындағы Қазақ-түрік университеті білім беруде. Ыстамбұлдағы қазақ диаспорасының 15 баласы мен 2 мұғалімнің Қазақстандағы «Балдәурен» оқу-сауықтыру санаторийінде демалысы ұйымдастырылды.

– Сіз сөз басында айтып өткен қос ел арасындағы еркін сауда-экономикалық қарым-қатынастарымызды жандандыруға саяси тұрақтылық септігін тигізіп отырғаны рас. Алайда көпшілік қауым екі ел арасындағы мұндай байланыстың бізге тигізіп отырған пайдасы мен ел инвестициясына құйылып жатқан қаржы көздері туралы мәліметті біле бермейді. Осы төңіректі тереңірек қаузасақ...

– Осы жылдар ішінде Қазақстан экономикасына, жалпы алғанда, шамамен 2 миллиард доллар көлемінде түрік инвестициясы, Қазақстаннан Түркияға шамамен 1 миллиард доллар көлемінде инвестиция жұмсалды.

Түркия тарапынан құйылған инвестициялар ішінде ең ірілері – хром рудасын өңдеуге «Yildirim Group», сусындарды шығару бағыты бойынша агроөнеркәсіп кешеніне «Anadolu Beverage Group», елордамыздағы «Хан шатыр» сауда-ойын-сауық кешенінің құрылысына және т.б. нысандарға арналды. Түрік мердігерлері Қазақстанда құны 20 миллиард АҚШ долларынан асатын құрылыс жобасын жүзеге асырды. Осылайша Қазақстанның Түркия экономикасына қосқан күрделі қаржысы шамамен 20 миллиард АҚШ долларына жетті.

Біздің елдеріміз арасындағы өзара сауданың көлемін ұлғайтуға және сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға тікелей ықпалын тигізетін мейлінше маңызды бағыттардың бірі – көлік саласы. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуды тежеуші бір фактор – жүктердің жеткізілу қиындығы. Осы орай-

да, Қазақстан мен Түркия арасындағы теміржол магистралін жолға қою керек деп ойлаймыз. Былтыр үш елдің президентінің қатысуымен «Иран–Түрікменстан–Қазақстан» теміржол дәлізі ашылған болатын. «Түркия–Иран» және «Карс–Ахалкалаки–Тбилиси–Баку» теміржолдары магистральдарын салып бітіру Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда айналымын және Қазақстанның энергия ресурстарын әлемдік рыноктарға тасымалдауды едәуір ұлғайтуға, сондай-ақ тасымалдау көлемін көбейтуге және тарифтерді азайтуға, Каспий аймағы мен Еуропа арасындағы тікелей көлік қатынасын қамтамасыз етуге мүмкіндік берер еді.

Сондай-ақ Баку және Ақтау порттарының арасындағы теміржол–паром қатынасының магистраліне шығумен «Карс–Ахалкалаки–Тбилиси–Баку» теміржол бағытын пайдалана отырып, аралас жүк тасымалдарын көбейту мақсатындағы ынтымақтастықты жолға қою керек.

Бұдан басқа, экономикалық салада мынандай жобаларды жүзеге асыруға болады:

– өзара тауар айналымын ұлғайтуға ықпал ететін логистикалық орталық пен аймақтық желінің логистикалық орталықтарын салу;

– кеме жасайтын, кеме жөндейтін орындардың құрылысын салу және теңіз кемелерін жасау жөніндегі бірлескен жобаларды іске асыру;

– қуатты үнемдеу және қайта қалпына келетін қуат көздерін пайдалану саласында ынтымақтасу;

– Түркияның тамшылатып суару саласындағы, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын жасаудағы, жылыжайларды, көкөніс қоймалары мен т.б. объектілердің құрылысы және көкөністерді, жеміс-жидектерді өсірудегі озық тәжірибесін пайдалану арқылы агроөнеркәсіп кешені саласында бірлескен жобаларды қолға алу және т.б.

Түркия – әлемдік дағдарыс жағдайында тұрақты даму көрсеткішін көрсетіп отырған, мейлінше қарқынды даму үстін-

дегі дүниежүзілік экономикалардың бірі. Екіжақты қатынастардың одан әрі дамуы түрік бизнесін Қазақстанның индустриалды даму үдерісіне тартуға, түрік тәжірибесін еліміздің өңірлерінде Қазақстан-Түрік индустриалды аймақтарын өрістету кезінде ұйымдастырылған өнеркәсіп аймақтарын құруда пайдалануға мүмкіндік береді.

Ынтымақтастықтың зоры – Қазақстанда түрік капиталының қатысуымен бірлескен индустриалдық аймақтың ашылуына байланысты, ол түрік бизнесінің қазақстандық нарыққа жүйелі енуіне жол ашады, еліміздің қолайлы инвестициялық климатын жақсартуға серпін береді. Бұл салада да атқарылып жатқан іс баршылық. Мәселен, 2011 жылғы қазан айында түрік делегациясының сапары барысында ҚР аумағында бірлескен өнеркәсіптік аймақтарын құру туралы меморандумға қол қойылды.

2013-2014 жылдары Түркияның Сакария, Қожаелі, Измир, Измит, Ескишехир, Невшехир, Трабзон, Ризе, Ыстамбұл, Мұғла, Ниде, Самсун, Хатай, Кония, Гиресун, Малатия, Маниса, Денизли провинцияларында аймақтық бизнес-форумдар ұйымдастырылды. Осы уақытта Түркияның бірқатар аймақтарынан провинциялардың губернаторлары бастаған бизнес-делегациялары Қазақстанға сапарлады: Денизли – Алматы (2013 ж., сәуір), Кония – Қызылорда (2013 ж., мамыр), Трабзон – Алматы (2013 ж., маусым), Қожаелі – Қызылорда (2014 ж., қазан), Ескишехир – Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды (2014 ж., қазан), Болу – Алматы, Астана, Шымкент, Қызылорда (2014 ж., желтоқсан), түркиялық губернаторлар Қазақстан облыстарының әкімдерімен келіссөздер жүргізіп, ынтымақтастық туралы хаттамаларға қол қойды, тараптардың іскерлік орталары өкілдерінің кездесулері мен келіссөздерін ұйымдастырды. Түркия экономика министрінің орынбасары Қазақстанға екі мәрте үлкен бизнес делегациямен келіп кетті. Сонымен қатар Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары М.Кәрімов бастаған делегацияның Ыстамбұл

және Қожаелі провинцияларына (2014 ж., ақпан), Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев бастаған делегацияның Қожаелі провинциясына (2014 ж., маусым), Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары С.Тұяқбаев бастаған бизнес-делегациясының Ыстамбұл, Измир және Денизли қалаларына іссапары (2014 ж., шілде) өтті. Осы жылдың ақпанында Түркия экономика министрінің орынбасары Аднан Йылдырым бастаған делегация Алматыға жұмыс сапарымен келіп кетті.

– Түрік елінің және Қазақстанның өзара қарым-қатынасы тек саяси-экономикалық, мәдени-рухани байланыстарымен шектеліп қалмаса керек. Екі ел азаматтарының бір-бірін жете тани бастауы үшін туризм саласы мен ортақ мерекелердің тойлануы да маңызды рөлге ие деп ойлаймыз. «Ер түріктің бесігі» – Түркістан мен Анадолы топырағының бір мерекеге қуанып, мерейлі күндерді бір атап өтуінің жағдайы қарастырылып жатыр ма?

– Биыл, өзіңіз білесіз, қазақтар үшін айрықша дата – Қазақ хандығының 550 жылдығы аталып өтпек. Түрік елі бұл мерейлі мерекені кең көлемде бізбен қатар тойламақшы. Бұл айтулы күнді атап өтуге арналған іс-шаралар қазірден бастап ұйымдастырылуда. Бұл бағытта жыл басынан бері көптеген іс-шара ұйымдастырылып келеді. Түркияның бірнеше аймақтары мен аудандарында сурет және картина көрмелері, түрлі семинарлар мен дөңгелек үстелдер, конференциялар мен отырыстар өтті. Жұмыс жоғары қарқында жалғасатын болады.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы сияқты біз үшін ерекше құрметті даталар осы кезге дейін Түркия тарапынан ұмыт қалған емес. Түркістан қаласының 1500 жылдығын түрік жұрты төл мерекесіндей өткізгені белгілі. Көрнекті тұлғаларымыздың мерейтойларын атап өту, оларға екі елде ескерткіштер тұрғызу, көшелерге есімдерін беру тәрізді іс-шаралар әрдайым лайықты

деңгейде жүзеге асырылып келеді. Түркіге ортақ Наурыз мейрамы Түркияда да кең ауқымда атап өтілуде.

Ал туризмді дамыту жөніне келер болсақ, оның бір бағыты – ежелгі ескерткіштерді қалпына келтіру емес пе? Түрік ағайындардың көмегімен Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қайта жөндеуден өткені белгілі. Түріктер мен қазақтар арасындағы барыс-келіс мәселесі жоғарыда айтып өткен жол-көлік қатынастарының жаңа деңгейге қойылуымен одан әрі беки түсетініне сенемін.

Әңгімелескен
Қарагөз СІМӘДІЛ
«Қазақ әдебиеті» газеті,
17 сәуір 2015 жыл

ҚАЗАҚСТАН БІТІМГЕРШІЛІКТІҢ КӨПІРІНЕ АЙНАЛДЫ

– Жансейіт Қансейітұлы, түркиялық ақпарат құралдары Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ықпалымен түзеліп, қайта қалпына келуге бет алғанын жазды. Осы орайда, бітімгершілік келісімге келтірген Елбасының рөлі туралы кеңірек айтсаңыз.

– Былтыр Түркияның Сириямен шекаралас аспанында ресейлік СУ-24 әскери ұшағы атып түсірілгеннен кейін Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынас әбден шиеленісті. Жеті айға тоқтап қалған Ресей-Түркия байланысының қайта қалпына келуіне тікелей үлес қосқан Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев болды. Ресей Түркияға қарсы санкциялар енгізіп, сауда-экономикалық және туризм салалары бойынша шектеулер қойды. Әлемнің назарын аудартқан екі ел арасындағы шиеленісті жағдай Түркияның экономика саласына, әсіресе өндірістің төмендеуіне, ауылшаруашылық өнімдерінің экспорттық мөлшерінің күрт азаюына қатты әсер етті. Өткен жылмен салыстырғанда Түркияға, соның ішінде теңіз жағалауындағы демалыс орындарына келетін ресейлік туристердің саны 92 пайызға азайған. Сондықтан былтыр туризм саласы бойынша тапқан 32 млрд АҚШ доллары көлеміндегі табыстың биыл 8-10 млрд мөлшерінен айырылып, ол соңғы ширек ғасырдағы ең төменгі шекке құлдырады. Ал кикілжің асқына берді.

Ресей мен Түркия Қазақстанның сенімді стратегиялық серіктестері әрі белсенді әріптестері екені мәлім. Әрі дос, әрі туыс саналатын мемлекеттер арасында шиеленіскен геосаяси жағдай Қазақ еліне де әсер етеді. Осы мәселені мұқият бақы-

лауына алған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бітімгершілік келісімнің алғышарттарын жасап, биылғы ақпан айында Қазақстанға ресми сапармен келген сол кездегі Түркия премьер-министрі Ахмет Дәуітоғлымен кездесті. Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары, соның ішінде саяси диалогті нығайту мен мәдени алмасу мәселелері, көлік, энергетика, туризм және инфрақұрылым қалыптастыру салаларындағы байланысты дамыту жайы талқыланған кездесуде Елбасы бұл жағдайдан шығу жолдарын іздестіріп, Сирия төңірегіндегі көптеген жайттарды айқындау қажеттілігін, екі ел арасындағы ахуалдың ешкімге пайда әкелмейтіндігін жеткізген болатын.

Күрмеуі күрделі мәселенің маңыздылығын сезінген Елбасы Н.Ә.Назарбаев А.Дәуітоғлымен болған кездесуден кейін шұғыл түрде Ресей Федерациясының Президенті В.Путинмен телефон арқылы сөйлесіп, Ресей-Түркия қарым-қатынасының нашарлауына қатысты пікір алмасты. Бұл Елбасының қолданған дипломатиялық шеберлігі еді. Алайда В.Путин ахуалды Түркия жағы күрделендіргенін айтып, соған орай жағдайды түзеуге Түркия алғашқы қадам жасауы тиістігін алға тартқаны есімізде.

Тамыры туыс елдер қазіргідей қысылтаяң кезде тек бірлік пен ынтымақты күшейте берсе ғана биікке шығар жолды бекемдейді. Осы тұрғыдан келгенде, Ресей-Түркия арасында болған жанжал түркі дүниесіне, дәлірек айтқанда, бауырлас Әзірбайжанның Қарабақ мәселесіне, Ресей құрамындағы түркітілдес халықтардың тағдырына әсер етпей қоймайтыны да бесенеден белгілі жайт. Сондықтан әлем мойындаған, дүниежүзі құрметтеген Елбасы Н.Ә.Назарбаев екі жақтың терезесін тең ұстап, үнқатысудың бар мүмкіндігін іздеді. Сонымен қатар орыс-түрік қарым-қатынасы шиеленіскен жағдайда Әзірбайжан мен Армения басшыларын екі ел арасындағы ахуалды ушықтырмауға және бейбіт келіссөздерді халықаралық құқыққа толық сәйкестікте қайта қалпына келтіруге шақырды.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев биылғы сәуір айында Ыстамбұл қаласында өткен Ислам ынтымақтастығы ұйымының XIII саммитіне қатысып, астан-кестең болып отырған төрткіл дүниеде ислам елдерінің іштей бүлініп жатқандығы жайлы сарабдал ой-пікірлерін ортаға салғанын әлем жұртшылығы біледі. Аталмыш саммит аясында мемлекет басшылары өзара кеңесіп, өршіп бара жатқан араздықты ауыздықтап, соғыс өрті шалған аймақта тыныштық орнықтырудың жолдарын іздеді.

Жиын барысында Елбасы Қазақстанның көптеген елдерде қақтығыстарды үйлестіруге қатысып, олардың бейбіт өмірге оралуына дәнекер болғанын атап айтты. Оған дәлел – еліміз Ирактағы бітімгерлік миссиясына белсенді қатысып, Ауғанстанға көмек көрсетті және Иранның ядролық бағдарламасы төңірегіндегі проблемаларды шешуге ықпал етті. Сондай-ақ БҰҰ шеңберінде Нью-Йоркте және Астанада бейбітшілікті қолдау және терроризмге қарсылық форумдары өтті. Тәуелсіздіктің ширек ғасырында Қазақстан бейбітшіліктің кепіліне, бітімгершіліктің көпіріне айналып, бүкіл әлемге үлгілі ел, өнегелі мемлекет ретінде танылды. Енді еліміздің алдында Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынасты қалпына келтіру міндеті тұрды. Саммит конференциясы қуаттаған ислам әлеміндегі татуласу жөнінде бірлескен декларацияны Елбасымыз Түркия Президенті Реджеп Тайып Ердоғанмен бірге қабылдап, жариялады. Осы себептен Елбасының Ыстамбұлдағы жиынға қатысуы Ресей-Түркия қарым-қатынасына оңды ықпал еткені мәлім. Түркия Президенті Р.Т.Ердоған өткен айда ресейлік әріптесі В.Путинге ресейлік ұшқыштың қаза табуына байланысты өкініш білдіріп, оның отбасынан кешірім сұрайтыны туралы жазылған хат жолдады. Мәскеу көп күттірмей бірден жауап берді.

Жеті айдың ішінде Ресей және Түркия басшыларымен байланысты жиілеткен Елбасымыз тоқтап қалған орыс-түрік қарым-қатынасының түзелуіне тікелей үлес қосып, күш салды. Елбасының әлемдік абыройының арқасында Ресей мен Түркия

елдерінен бастап, әлемнің көптеген елдері Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайлануына қолдау көрсетті. Алаш жұртының мерейін үстем еткен бұл тарихи оқиға – ақыл мен парасатты серік еткен алты құрлық адамзатына ортақ жеңіс, Елбасының үздік саясатын бүкіл әлемнің мойындауы. Осындай үлкен жаңалық жүрегіміздің соғысын жиілеткен кезде жеті ай бойы қырғи-қабақ болған екі ел басшылары телефон арқылы сөйлесті деген хабар жетті.

Түркияның премьер-министрі Бинали Йылдырым Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасқа байланысты мәлімдеме жасап, Түркия және бүкіл түрік жұрты атынан екі ел арасындағы шиеленісті жағдайды шешіп, өзара қатынасты қалпына келтірген Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа алғыс білдірді. Содан кейін Түркия Президенті Р.Т.Ердоған Қазақ елінің көшбасшысымен телефон арқылы сөйлесіп, Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты реттеуге бағытталған баға жетпес үлесі мен зор еңбегі үшін алғыс айтты. Түркия басшысы Елбасына Ресей Президенті В.Путинмен телефон арқылы сөйлескенін хабарлап, Анкара мен Мәскеу арасын жақындату тұрғысынан көзделген қадамдар жүзеге асады деп үміттенетінін жеткізді. Әңгіме барысында Елбасыны жуық арада Түркияға сапармен келуге шақырды.

Бұл – Елбасы бастаған дипломатияның жеңісі. Елдің мерейін өсіретін таңғажайып құбылыс. Рас, бүгінгі Қазақстан есімді мемлекетті Елбасының арқасында әлем мойындап келеді. Сондықтан әлем назарын өзіне қаратқан екі ел арасындағы жағдайды қайта қалпына келтірген Елбасымыздың сіңірген еңбегі орасан.

– Түркия Президенті мен премьер-министрдің алғыс білдіргенін айттыңыз. Жалпы, Анадолы жұрты біздің Елбасы мәмілегерлігін қалай қабылдауда?

– Шиеленістен ұтқан ешкім жоқ. Түркияның туризм саласындағы кәсіпкерлері бірнеше өңірлерде осы мәселенің шешілуіне ықпал етуді мемлекеттен талап етті. Ресей туристері-

нің көпшілігі Анталияның аумағында демалатыны мәлім. Бүгінгі күнде Анталиядағы 100-ден астам қонақүйлері сатылымға шығарылды. Сонымен қатар Ресейдің санкциялар енгізуі нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласы да зиян шекті. Соның салдарынан бірқатар өндірістік орындар өз жұмыстарын тоқтатты. Белең алған лаңкестік әрекеттер де ел экономикасына кесірін тигізгенін айта кету керек.

Әлемдік реформатор, саланың ғана емес, сананың да сәулетшісі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Ресей-Түркия қарым-қатынасына жасаған ықпалдастығы жоғарыда айтылған қиындықтарды еңсеруге жол ашып, жаңа мүмкіндіктер берді. Сондықтан түрік халқы Елбасымызға дән риза. Қазақстанның Түркиядағы елшілігіне толассыз алғыс хаттар келіп, ризашылық лебіздерін білдіруде.

Түркияның бұқаралық ақпарат құралдары алғы беттерінде «Елбасы Назарбаевқа шексіз алғыс!» деп бір-бірімен жарыса жариялауда. Мәлім болғандай, Түркияда Елбасымызды «Түркі дүниесінің дуайені (көшбасшысы)» деп таниды. Осындай қиын кезеңде ел арасына, халықтар арасына дәнекер болып, бәтуалы сөз айтатын, кетіскенді табыстырып, бауырмен төс қағыстыратын парасат иесіне, ақылгөй абызға мұқтаждық туған-ды. Қазақстан Президенті бұрын осындай шешуші кезеңдерде дағдарысты жағдайдан қалай құтқарған болса, бұл жолы да екі алпауыт елді елдестіріп, жұртты жақындастырды. Қазақ үшін бұдан асқан мәртебе, бұдан биік дәреже бар ма?!

– Қазіргі таңда Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың барысы қалай?

– Екі туысқан ел арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастар достық, бауырластық және сындарлы диалог бағытында дамуда. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың әлемдік абыройы, аймақтық ықпалдастығы екіжақты қатынастарды нығайта түсуде. Түркия Қазақстанның жетекші рөлін әрдайым елеп-ескереді, аймақтағы маңызды әріптесі деп санайды. Түркітілдес мемлекет ретінде Қазақстан

жағы да өзінің сыртқы саясат стратегиясында Түркияның маңыздылығын жоғары қояды. Сондықтан қазақ пен түрік халықтарының туыстық, тарихи тамыр және мәдени құндылықтар ортақтастығы аймақтық және халықаралық мәселелер, энергетикалық қауіпсіздік пен экономикалық өзара бірлескен іс-қимылдың негізіндегі ынтымақтастық сипатында алға басып келеді. Екі мемлекет көшбасшылары жиі кездесіп тұрады. 2015 жылдың 15-17 сәуір күндері Түркия Президенті Р.Т.Ердоған Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Сапар барысында екіжақты келіссөздер жүргізілді. Екі ел президенттерінің қатысуымен стратегиялық ынтымақтастықтың екінші отырысы ұйымдастырылды. 2016 жылдың 12-13 сәуір күндері Қазақстанның Президенті Н.Ә.Назарбаев Ыстамбұлда өткен Ислам ынтымақтастығы ұйымының саммитіне қатысып, екіжақты келіссөздер жүргізді.

Түркия Елбасымыздың жалпытүркілік бірігуге қатысты ұсынған бастамаларына қолдау білдіріп отырады. Түркі кеңесінің аясында ұйымдастырылған шараларға жоғары лауазымды билік өкілдері белсене қатысады.

Соңғы кезеңде Қазақстанның белді кәсіпкерлері Түркияның тәжірибесімен танысып әрі алмасып, бірқатар келіссөздер жүргізді. Қазақстанның Түркиядағы елшілігі Анадолы жеріне келетін іскер азаматтардың түрлі өндірістік орындар мен экономикалық аймақтағы тәжірибемен танысуға үнемі қолдау білдіреді. Түркияның өндірістік аймақтарын аралап, жергілікті кәсіпкерлік одақтарымен тығыз байланыс құрып, Қазақстандағы инвестиция жасау мүмкіндіктерімен таныстырады. Осы орайда, Ресеймен шиеленіскен жағдайда Қазақстан арқылы нарыққа кірудің жолдарын көрсетіп, инвестиция тарту мақсатында бірқатар жұмыстар атқарғаны жасырын емес.

Сан салалы сауда-экономикалық байланыстар екіжақты ынтымақтастықтың маңызды аспектісі болып табылады. Түркия – Қазақстанның аймақтағы сенімді сауда-экономикалық әріптесі. 2015 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы

сауда айналымы 2,02 млрд АҚШ долларын құрады. Түркия алғашқы жылдары елімізде жеке кәсіпкерлік пен құрылыс саласының дамуына айтарлықтай үлесін қосты. Қазіргі күні Қазақстанда 1500-ге жуық түрік фирмасы жұмыс істеуде. Сонымен қатар түрік мердігерлері Қазақстанда құны 20 млрд АҚШ долларынан асатын құрылыс жобасын жүзеге асырды. Осылайша Қазақстанның Түркия экономикасына қосқан күрделі қаржысы шамамен 20 млрд АҚШ долларына жетті. Осы жылдар ішінде Қазақстан экономикасына, жалпы алғанда, шамамен 2 млрд доллар көлемінде түрік инвестициясы, Қазақстаннан Түркияға шамамен 1 млрд доллар көлемінде инвестиция жұмсалды.

Дегенмен де өзара инвестициялар екі елдің экономикалық әлеуетіне сай келмейді және әлі де барлық мүмкіндіктер толық жүзеге асырылған жоқ деген ойдамын. Ендігі кезекте экономикалық ынтымақтастықтың барлық мүмкіндіктерін дамыту және іске асыру мақсатында біраз жобалар қолға алынуда. Сауда-экономикалық саладағы өзара іс-қимылды жандандырудың маңызды аспектісі 2012 жылы құрылған Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің жұмысын және «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасы шеңберіндегі әрекеттесуді белсенді жалғастыру болып табылады. Олар жақын келешекте Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара іс-қимылдың экономикалық құраушысын одан әрі кеңейтуге жаңа серпін беруге бағытталған. Түрік өнеркәсібінің және тұтасымен алғанда, экономикасын дамыту локомотиві болып қызмет ететін ұйымдастырылған индустриялық аймақтарды құруда Түркия орасан зор оң тәжірибе жинақтаған. Осы орайда, 2011 жылы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы Үкіметтері арасында Қазақстанда бірлескен қазақ-түрік индустриялық аймақтарын құру туралы меморандумға қол қойылғанын атап өткім келеді. Қазақстандағы қолайлы инвестициялық ахуалды Түркияда таныту іс-шаралары кеңінен жүргізілуде, сондай-ақ ірі түрік бизнесін елімізге тарту жұмыстары да өз жалғасын

табуда. 2013-2016 жылдары Түркияның Сакария, Қожаелі, Измир, Измит, Ескишехир, Невшехир, Трабзон, Ризе, Ыстамбұл, Мұғла, Ниде, Самсун, Хатай, Кония, Гиресун, Малатия, Маниса, Денизли провинцияларында аймақтық бизнес-форумдар ұйымдастырылды.

Елбасымыздың ақылман дипломатиясы, салиқалы мәмілегерлігі арқасында алдағы уақытта түбі бірге туысқан екі ел арасындағы бауырластық байланыстар да, іскерлік қарым-қатынастар да жоғары дәрежеде дами беретініне еш күмән жоқ.

«Егемен Қазақстан» газеті,
8 шілде 2016 жыл

С АКЦЕНТОМ НА ИНВЕСТИЦИИ

Динамика развития казахстанско-турецких отношений отражает стратегический характер сотрудничества двух государств. Турция признает лидирующую роль Казахстана в Центральной Азии и считает нашу страну наиболее важным партнером в регионе.

С первых дней независимости Казахстан и Турция прикладывают все усилия для сближения наших народов, восстановления когда-то утраченных связей. Значение Турции для Казахстана очень велико, нас объединяют общие исторические корни, наши национальные традиции, культура, язык. И, безусловно, опираясь на это, мы вместе можем пройти через многие испытания. Эти ценности проверены временем и стали фундаментом построения новых отношений между нашими странами.

Как отметил Президент Нурсултан Назарбаев на совместном брифинге по итогам переговоров президентов двух стран в апреле прошлого года, Казахстан полностью поддерживает инициативы братской страны, рамки казахстанско-турецкого диалога постоянно расширяются, систематизирована работа в плане политического сотрудничества и контактов. Главная цель – дальнейшее углубление дружбы наших народов.

Казахстан и Турция проводят конструктивный диалог в двустороннем формате, между странами успешно развивается практическое взаимодействие в многостороннем плане – в рамках ООН, ОЭС, ОИС, ОБСЕ, СВМДА, Тюркского совета и других объединений.

В 2015 году реализован План действий совместной экономической программы «Новая синергия» на период 2012-2015 годов. Согласно плану, активизировалась деятельность турецких компаний в инвестиционно-экономическом сегменте сотрудничества с целью создания в РК казахстанско-турецких индустриальных зон.

В ходе государственного визита в Казахстан Президента Турции Реджепа Тайипа Эрдогана 15-17 апреля 2015 года сторонами подписан протокол по активизации плана. Кроме того, состоялись второе заседание Совета стратегического сотрудничества высокого уровня РК – ТР и бизнес-форум, в котором приняли участие 150 представителей турецкого бизнес-сообщества. По итогам встречи деловых кругов подписано 20 инвестиционных проектов на общую сумму в 776,3 млн долларов.

В общей сложности, начиная с 2005 года до середины 2015 года, общий объем прямых инвестиций из Турции в Казахстан составил 1,8 млрд долларов. Прямые инвестиции из Казахстана в Турцию в этот же период – 976,1 млн долл. В течение 2015 года товарооборот между двумя странами составил 2,02 млрд долларов, в том числе экспорт – 1,28 млрд, а импорт – 0,74 млрд долларов.

10 декабря 2015 года в Астане прошла ежегодная церемония награждения иностранных инвесторов за активную деятельность в Казахстане, в ходе которой были отмечены 10 компаний, внесших вклад в индустриализацию Казахстана, расширение инвестиционной деятельности и развитие высокотехнологичных производств. В число награжденных вошли три турецкие компании: Anadolu Beverage Group (Coca-Cola Içecek), занимающаяся производством безалкогольных напитков; BTM Group – производство кровельных гидроизоляционных мембран; Abdi Ibrahim – выпуск фармацевтических препаратов.

В целом в 2015 году посольством организовано 14 мероприятий по привлечению инвестиций, в том числе 8 визитов представителей турецких деловых кругов в Казахстан. Так, например, в сентябре 2015 года посольством в сотрудничестве с Евразийской ассоциацией экономических связей и Национальной ассоциацией предпринимателей и промышленности Турции был организован бизнес-форум на тему «Инвестиционные возможности Казахстана». В мероприятии принял участие заместитель премьер-министра ТР Тугрул Туркеш, а также более 100 ведущих представителей промышленного и делового сообщества Турции. В ходе форума состоялась презентация об инвестиционном климате в Казахстане, представлена информация о законодательстве РК.

В целях содействия государственной политике по привлечению прямых иностранных инвестиций в ходе визита делегации АО «Управляющая компания СЭЗ «Оңтүстік» в период со 2 по 11 мая 2015 года в городах Анкаре, Стамбуле, Газиантепе, Адане и Конья организованы бизнес-форумы. Члены делегации провели встречу с руководством торгово-промышленной палаты Анкары, на которой состоялся обмен мнениями о возможности совместного управления казахстанско-турецкой промышленной зоной. В ходе переговоров турецкая сторона пригласила сотрудников СЭЗ «Оңтүстік» на учебно-практические курсы, взяв на себя связанные с этим расходы. На основании этой договоренности в августе 2015 года один из представителей СЭЗ «Оңтүстік» прошел месячный практический курс в торгово-промышленной палате Анкары.

Работа, призванная содействовать привлечению инвестиций в Казахстан, активно продолжается и в нынешнем году. Сотрудничество и взаимная поддержка на международной арене являются наиболее важными направлениями внешней политики двух государств.

Турция активно поддержала инициативы Казахстана по проведению Всемирной выставки ЭКСПО-2017 и кандидатуру РК в качестве непостоянного члена Совета безопасности ООН на 2017-2018 годы. В последние годы углубляются двусторонние отношения в сфере военного и военно-технического сотрудничества. Среди основных направлений взаимодействия военных ведомств Казахстана и Турции – развитие военно-технического сотрудничества, обучение казахстанских военнослужащих в турецких военных учебных заведениях, помощь в процессе реформирования Вооруженных сил Республики Казахстан. Кроме закупа современного стрелкового оружия, минометов и автомобилей из Турции, развивается сотрудничество в сфере производства военно-промышленного комплекса Казахстана.

Следует отметить значимую роль Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева в нормализации турецко-российских отношений после инцидента с российским военным самолетом СУ-24 в ноябре 2015 года.

Изначально в целях обсуждения возможных путей решения кризиса между Турцией и Россией 6 февраля 2016 года премьер-министр ТР Ахмет Давутоглу посетил Казахстан с рабочим визитом. Он провел встречу с Нурсултаном Назарбаевым и принял участие в бизнес-форуме.

Переговоры по решению кризиса продолжились в ходе рабочего визита Президента РК в Турцию 13-14 апреля 2016 года. Н.Назарбаев провел встречу с Р.Эрдоганом и рядом представителей бизнес-сообщества Турции. На второй день визита Президент РК принял участие в 13-м саммите Организации исламской конференции в Стамбуле и выступил с докладом.

В конечном итоге удалось наладить долгожданный контакт. Как отмечали сначала премьер-министр ТР Бинали Йылдырым, а затем сам президент страны Реджеп Тайип Эрдоган,

Нурсултан Назарбаев внес бесценный вклад в нормализацию всего комплекса отношений между Турцией и Россией.

Казахстанско-турецкое сотрудничество в культурно-гуманитарной сфере также характеризуется высокой активностью. Стали традиционными Дни культуры, научно-практические конференции, семинары, а также концерты и выступления музыкальных групп, организуются фестивали, которые способствуют духовному сближению народов двух стран.

Установленные на заре независимости прочные связи между РК и ТР в настоящее время демонстрируют положительную динамику развития, продолжают укрепляться и имеют перспективу углубления.

Газета «Казахстанская правда»,
4 августа 2016 года

ДОСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫМЫЗ ӘЛЕМ САЯСАТЫНА ЫҚПАЛ ЕТУДЕ

– Жансейіт Қансейітұлы, түбі бір халықтармыз ғой. Қазіргі уақытта Түркиямен саяси қарым-қатынасымыз туралы не айтар едіңіз?

– Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас күн өткен сайын күшейіп, тұрақты түрде дамып, екі мемлекеттің ынтымақтастығы стратегиялық деңгейге жетті. Түркия бауырлас мемлекет болғандықтан, достық пен бауырмалдықты берік ұстанады. Бұл ұстаным жоғары дәрежедегі саяси элитаның деңгейінде анық байқалады. Қазақстан да Түркияның әлеуетін, ішкі жағдайын жақсы білгендіктен, принципті түрде бауырластық ұстанымынан ауытқыған емес. Екі ел арасындағы саяси қарым-қатынастың күшеюіне барынша үлес қосып отырады. Сондықтан Түрік елі Қазақстанның Орта Азия көлемінде алдыңғы қатарлы мемлекет екенін мойындайды және өзінің осы аймақтағы ең маңызды серіктесі ретінде қарастырады. Бүгінгі таңда Түркияның саяси элитасы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұстанған көреген саясатына, «көрші тыныш болмаса, өзің де тыныш болмайсың» деген ұстанымына қызығады. Елбасымызды түгел түркі жұртының темірқазығы деп санайды. Өйткені Елбасы екі бауырлас ел арасындағы қарым-қатынасқа зергерше мән береді. Түркі дүниесінің, түркі халықтарының тағдырына қалайша бейжай қарамайтын болса, екі елдің арақатынасына соншалықты алаңдайды. Қазақстан мен Түркия арасындағы үдемелі әріптестік екіжақты сындарлы сұхбатпен қатар, БҰҰ, ЭЫҰ, ОБСЕ, ШЫҰ, СВМДА және Түркі кеңесі секілді басқа да бірлестіктер аясында көпжақты

форматтағы оң бағыттағы байланыстары өз жалғасын тауып отыр. Былтыр «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2012-2015 жылдар аралығына арналған іс-шаралар жоспарының орындалуы аяқталды. Жоспарға сәйкес, түрік кәсіпорындарының елімізбен инвестициялық және экономикалық ынтымақтастығын нығайту мәселесі мен елімізде Қазақстан-Түркия бірлескен индустриалдық аймақтарын құру жұмыстары қолға алынды. Бұл соңғы кезеңде атқарылған өнімді жұмыстардың бірі. Былтыр Түркия президенті Реджеп Тайип Ердоған Қазақстанға ресми сапармен келіп, қаржы-экономикалық жағдайды дамыту мақсатында екіжақты келіссөздер жүргізді. Сонымен қатар ол Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің екінші отырысы мен бизнес-форумға қатысты. Бизнес-форумға түрік бизнес қауымдастығының 150 өкілі қатысып, жалпы құны 776,3 млн АҚШ долларын құрайтын 20 инвестициялық құжатқа қол қойылды. Саяси қарым-қатынастың дамуына байланысты екі елдің басшылары жиі-жиі кездесіп отыратыны мәлім.

Биылғы 12-13 сәуір күндері Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ыстамбұлда өткен Ислам ынтымақтастығы ұйымының саммитіне қатысып, екіжақты келіссөздер жүргізді. Аталмыш саммит «Бірлік пен ынтымақ әділеттілік пен бейбітшілік үшін» деген тақырыпен өтті. Оған ұйымға мүше 56 елдің өкілдері, соның ішінде 30-дан аса мемлекет пен үкімет басшылары қатысты. Қазақстан Президенті Ислам ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттер үшін өзекті мәселелерді шешудің маңыздылығын атап өтіп, мазмұнды сөз сөйледі. Бірнеше өзекті мәселенің шешімін ұсынған Елбасыға Түркия президенті ғана емес, саммитке қатысқан барлық делегаттар өз ризашылықтарын білдірді. Халықаралық аренадағы ынтымақтастық пен өзара қолдау сыртқы саясаттың аса маңызды бағыттарын қамтитыны аян. Осы тұрғыда Түркия

Астананың ЭКСПО-2017 дүниежүзілік көрмесіне үміткерлігін қолдай отырып, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі жоқ Африка және Латын Америкасы елдерінде де атсалысты. Осындай шешуші кезеңде шынайы достық пен бауырмалдығын көрсетті. Сол сияқты Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 2017-2018 жылдар аралығындағы тұрақты емес мүшелігіне үміткерлігіне де қолдау білдірді. Бұл саяси қарым-қатынастың жемісі деуге болады. Ал енді Түркия мен Ресей арасындағы жанжалдың шешілуіне Қазақстанның қалай ықпал еткенін бәріміз білеміз.

– Иә, Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасқа тоқтала кетсек. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың екі елдің көшбасшыларын татуластырғанын білеміз. Осы саяси процестің қалай болғанын айтып бересіз бе? Сондай-ақ қазіргі Түркия-Ресей қатынасы қай деңгейде?

– Былтыр Түркияның Сириямен шекаралас аспанында ресейлік СУ-24 әскери ұшағы атып түсірілгеннен кейін Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың әбден шиеленіскені мәлім. Ресей Түркияға қарсы санкциялар енгізіп, сауда-экономикалық және туризм салалары бойынша шектеулер қойды. Әлемнің назарын аудартқан екі ел арасындағы келеңсіз жағдай Түркияның экономика саласына, әсіресе өндірістің төмендеуіне, ауылшаруашылық өнімдерінің экспорттық мөлшерінің күрт азаюына қатты әсер етті. Өткен жылмен салыстырғанда Түркияға, соның ішінде теңіз жағалауындағы демалыс орындарына келетін ресейлік туристердің саны 92 пайызға азайған. Сонымен кикілжің асқына берді. Ресей мен Түркия Қазақстанның сенімді стратегиялық серіктестері әрі белсенді әріптестері екені аян. Әрі дос, әрі туыс саналатын мемлекеттер арасында шиеленіскен геосаяси жағдай Қазақ еліне де сөзсіз әсер етеді. Сондықтан бұған бейжай қарауға болмайды.

Осы мәселені мұқият бақылауына алған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бітімгершілік келісімнің алғышарттарын жасап, биылғы ақпан айында Қазақстанға ресми сапармен келген сол кездегі Түркия премьер-министрі Ахмет Дәуітоғлымен кездесті. Осы кездесуден кейін шұғыл түрде Ресей Федерациясының президенті В.Путинмен телефон арқылы сөйлесіп, Ресей-Түркия қарым-қатынасының нашарлауына қатысты пікір алмасты. Алайда В.Путин ахуалды Түркия жағы күрделендіргенін айтып, соған орай жағдайды түзеуге Түркия алғашқы қадам жасауы тиістігін алға тартқаны есімізде. Кейін, жоғарыда айтып өткеніміздей, Елбасы Ислам ынтымақтастығы ұйымының XIII саммитіне қатысып, Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынасты қалпына келтіру мақсатында Түркия президенті Реджеп Тайып Ердоғанмен кездесті. Елбасының Ыстамбұлдағы жиынға қатысуы Ресей-Түркия қарым-қатынасына оңды ықпал еткені мәлім.

Осы кездесуден кейін Түркия президенті Р.Т.Ердоған ресейлік әріптесі В.Путинге ресейлік ұшқыштың қаза табуына байланысты өкініш білдіріп, оның отбасынан кешірім сұрайтыны туралы жазылған хат жолдады. Мәскеу көп күттірмей бірден жауап берді. Жеті ай бойы Ресей және Түркия басшыларымен байланысты жиілеткен Елбасымыз тоқтап қалған орыс-түрік қарым-қатынасының түзелуіне тікелей үлес қосып, күш салды. Кейін Түркияның премьер-министрі Бинали Йылдырым Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасқа байланысты мәлімдеме жасап, Түркия және бүкіл түрік жұрты атынан екі ел арасындағы шиеленісті жағдайды шешіп, өзара қатынасты қалпына келтірген Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа алғыс білдірді.

Содан соң Түркия президенті Р.Т.Ердоған Қазақ елінің көшбасшысымен телефон арқылы сөйлесіп, Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты реттеуге бағытталған баға жетпес үлесі мен зор еңбегі үшін алғыс айтты. Түркия

басшысы Елбасына Ресей президенті В.Путинмен телефон арқылы сөйлескенін хабарлап, Анкара мен Мәскеу арасын жақындату тұрғысынан көзделген қадамдар жүзеге асады деп үміттенетінін жеткізді. Әңгіме барысында Елбасыны жуық арада Түркияға сапармен келуге шақырды. Бұл Елбасы бастаған дипломатияның жеңісі еді. Рас, бүгінгі Қазақстан есімді мемлекетті Елбасының арқасында әлем мойындап келеді. Сондықтан әлем назарын өзіне қаратқан екі ел арасындағы жағдайды қайта қалпына келтірген Елбасымыздың еңбегі орасан. Бүгінгі күні Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынас қайта қалпына келе бастады. Министрлер деңгейінде бірнеше кездесулер болды. Алғашқы кездесу Түркия сыртқы істер министрі М.Чавушоғлу мен Ресей сыртқы істер министрі С.Лавров арасында өтті. Ресей енгізген экономикалық санкциялар бірте-бірте тоқталады. Түркия президенті Р.Т.Ердоғанның Ресейге ресми сапармен баруы жоспарланып отыр. Әрине, бұл жағдай тек қана екі ел арасындағы қарым-қатынасқа емес, жалпы түркі әлемінің дамуына әсер етеді.

– Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың дипломатиялық шеберлігін түркиялықтар қалай қабылдады?

– Түркиядағы таралымы 140 мың дананы құрайтын «Milliyet» газеті «Бұл тұлға іске араласты: Ердоған мен Путин әңгімелесті» атты материал жариялады. Осы мақалада Елбасының Түркия мен Ресейдің ымыраға келуіне қосқан рөлін жоғары бағалайды. Сонымен қатар, «Önce Vatan» газетінің тілшісі Кемал Саллының қаламынан туған «Сізге шексіз алғыс, құрметті Н.Назарбаев!» атты мақала жарық көрді. Аталмыш мақалада Анадолы жерін мекендеген 78 миллион «қазақ жұрты» атынан Елбасы Н.Назарбаевтың ұстанған саясаты мен еларалық дәнекерлігіне алғыс айтылған. Түркияның рейтингі жоғары «sondakika.com» және «haber7.com» ақпараттық порталдары «Ол Ердоған мен Путинді татуластырды», «Түркия мен Ресей арасындағы сеңді бұзған», сондай-ақ «Құттықтау және алғыс

айту үшін Назарбаевқа соғылған қоңырау» атты ақпараттық сараптама материалдарын жариялады.

Кейбір түрік сарапшылары Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты реттеу Қазақстан Президентінің қолынан ғана келетіні жайлы болжап айтқан. «Ankara politikalar merkezi» атты сараптамалық орталық директоры Хасан Қанболат «Cihan» агенттігінің сайтында 2016 жылдың 22 қаңтарында ағылшын тілінде жариялаған өзінің авторлық «Түркия мен Ресей арасындағы шиеленіс Назарбаев басшылығымен тарқатыла алады» атты мақаласында халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның орны мен рөлін атайды.

Сонымен қатар ол Қазақстан Президентінің әлемдік аренадағы беделі әсіресе Түркия мен Ресей арасындағы шиеленіске байланысты дәнекер болуға мүмкіндік беретінін айтқан. Ал «Karar» газетінде «Ақсақал ықпал етіп, Ресеймен қарым-қатынасты жақсартты» деп аталатын көлемді мақала жарық көрді. «Түрік-Ресей қарым-қатынасының қалыпқа келуіндегі сахнадан тыс жағдайлар белгілі болды. «Түрік әлемінің ақсақалы» ретінде танылған Елбасы Н.Назарбаев Түркия мен Ресей арасындағы қатынастың одан әрі ушығуына жол бермеді» деп жазды басылым. Сондықтан Қазақстан мен Түркия арасындағы жоғары деңгейдегі қарым-қатынас әлем саясатына ықпал етуде. Әрине, Қазақстанның көпбағдарлы сыртқы саясаты және достық ұстанымы оның әлемдегі имиджінің дамуына зор үлес қосып отыр.

– Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынасы үнемі өсіп келе жатқанын жұрт біледі. Бірақ барлық мүмкіндіктер жүзеге асырылды ма?

– Сан салалы сауда-экономикалық байланыстар екіжақты ынтымақтастықтың маңызды аспектісі екені мәлім. Түркия – Қазақстанның аймақтағы сенімді сауда-экономикалық әріптесі. 2015 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы сауда айналымы 2,02 млрд АҚШ долларын құрады. Түркия алғашқы

жылдары елімізде жеке кәсіпкерлік пен құрылыс саласының дамуына айтарлықтай үлесін қосты. Қазіргі күні Қазақстанда 1500-ге жуық түрік фирмасы жұмыс істеуде.

Сонымен қатар түрік мердігерлері Қазақстанда құны 20 млрд АҚШ долларынан асатын құрылыс жобасын жүзеге асырды. Осылайша Қазақстанның Түркия экономикасына қосқан күрделі қаржысы шамамен 20 млрд АҚШ долларына жетті. Осы жылдар ішінде Қазақстан экономикасына, жалпы алғанда, шамамен 2 млрд доллар көлемінде түрік инвестициясы, Қазақстаннан Түркияға шамамен 1 млрд доллар көлемінде инвестиция жұмсалды.

ҚР Қаржы министрлігінің мәліметіне сәйкес, 2015 жыл ішінде екі ел арасындағы тауар айналымы 2,02 млрд АҚШ доллары, оның ішінде 1,28 млрд АҚШ доллары – экспорттық үлес, 0,74 млрд АҚШ доллары – импортты құрайды.

Қазақстанның сыртқы сауда айналымындағы Түркияның салыстырмалы салмағы 3,3%, экспортындағы – 3,1% және импортындағы – 3,8% шамасында. 2016 жылдың қаңтар-мамыр кезеңінде тауар айналымы 538 млн АҚШ доллары, оның ішінде 271 млн АҚШ доллары – экспорт, 267 млн АҚШ доллары – импортты құрайды. Дегенмен де өзара инвестициялар екі елдің экономикалық әлеуетіне сай келмейді және әлі де барлық мүмкіндіктер толық жүзеге асырылған жоқ. Сондықтан экономикалық ынтымақтастықтың барлық мүмкіндіктерін дамыту және іске асыру мақсатында біраз жобалар қолға алынды.

Сауда-экономикалық саладағы өзара іс-қимылды жандандырудың маңызды қадамы – 2012 жылы құрылған Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің жұмысын және «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасы шеңберіндегі әрекеттесуді белсенді түрде жалғастыру. Бұл қадам Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара іс-қимылдың экономикалық құраушысын одан әрі кеңейтуге жаңа серпін беруге бағытталған. Түрік өнеркәсібінің және тұтасымен алғанда, экономикасын дамыту локомотиві болып қызмет ететін

ұйымдастырылған индустриялық аймақтарды құруда Түркия орасан зор оң тәжірибе жинақтаған. Осы орайда, 2011 жылы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы Үкіметтері арасында Қазақстанда бірлескен қазақ-түрік индустриялық аймақтарын құру туралы меморандумға қол қойылғанын атап өткім келеді. Қазақстандағы қолайлы инвестициялық ахуалды Түркияда таныту іс-шаралары кеңінен жүргізілуде, сондай-ақ ірі түрік бизнесін елімізге тарту жұмыстары да өз жалғасын табуда. 2013-2016 жылдар аралығында Түркияның Сакария, Қожаелі, Измир, Измит, Ескишехир, Невшехир, Трабзон, Ризе, Ыстамбұл, Мұғла, Ниде, Самсун, Хатай, Кония, Гиресун, Малатия, Маниса, Денизли провинцияларында инвестиция тарту мақсатында аймақтық бизнес-форумдар ұйымдастырылды. Соның ішінде былтырғы қыркүйек айында Анкара қаласында Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің ұйымдастыруымен Еуразиялық экономикалық қарым-қатынастар қауымдастығы және Түркияның Мемлекеттік өндірісі мен кәсіпкерлерінің қауымдастығымен бірлесе отырып, «Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері» тақырыбы бойынша бизнес-форум өтті. Форумға Түркия премьер-министрінің орынбасары Туғрұл Түркештің өзі бастап, 100-ден астам Түркияның алдыңғы қатарлы өндірістік саласының және бизнес қоғамдастығының өкілдері қатысты. Аталмыш жиында түрік кәсіпкерлеріне Қазақстанның инвестициялық ахуалы туралы егжей-тегжей мәлімет берілді. Мұндай жиындар Түркияның түкпір-түкпірінде жиі ұйымдастырылып отырады.

Жалпы есеппен алғанда, 2005 жылдан бастап 2015 жылдың ортасына дейін Түркиядан Қазақстанға құйылған тікелей инвестиция көлемі 1,8 млрд АҚШ долларын құрады. Аталған уақыт аралығында Қазақстаннан Түркияға құйылған тікелей инвестиция 976,1 млн АҚШ доллары болып бағалануда. 2015 жылдың қорытындысы бойынша Астана қаласында елімізде белсенді жұмыс атқарған инвесторлар, атап айтқанда, индустриялан-

дыру картасына ерекше үлес қосқан, инвестициялық қызметін кеңейткен және жоғары технологиялық өндірісті дамытқан үздік 10 шетелдік инвесторлардың қатарында үш түрік компаниясы болды:

– «Anadolu Beverage Group компаниясы (Coca-Cola Içecek)», Астана қаласындағы алкогольсіз ішімдіктер өндірісімен айналысады. Бұл компания алғаш үштіктің ішінде;

– «BTM Group» компаниясы, Алматы облысындағы құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс құрылымы;

– «Abdi Ibrahim» компаниясы, Алматы облысындағы фармацевтикалық өндіріс орны. 2016 жылдың мамыр айында «Anadolu Beverage Group» компаниясы қосымша инвестиция салып, Астана қаласында екінші сусын өндіріп шығару зауытын ашты.

Түркия Елбасымыздың жалпытүркілік бірігуге қатысты ұсынған бастамаларына ылғи қолдау білдіріп отырады. Түркі кеңесінің аясында ұйымдастырылған шараларға жоғары лауазымды билік өкілдері белсене қатысады. Сауда-экономикалық және туризм саласы бойынша соңғы кезеңде Қазақстанның белді кәсіпкерлері Түркияның тәжірибесімен танысып әрі алмасып, бірқатар келіссөздер жүргізді. Осы тұста Қазақстанның Түркиядағы елшілігі Анадолы жеріне келетін іскер азаматтардың түрлі өндірістік орындар мен экономикалық аймақтағы тәжірибемен танысуға үнемі қолдау білдіреді. Түркияның өндірістік аймақтарын аралап, жергілікті кәсіпкерлік одақтарымен тығыз байланыс құрып, Қазақстандағы инвестиция жасау мүмкіндіктерімен таныстырып отырады.

Жалпы алғанда, 2015 жылы Түркияның ірі бизнес делегацияларының Қазақстанға сегіз ресми сапары, Түркия аумағында Қазақстаннан келген іскер топтардың сапарларын қоса есептегенде, инвестицияларды тарту бойынша он төрт іс-шара ұйымдастырылды. 2016 жылдың 17-24 қаңтар аралығында «Ақтөбе» ӘІК «ҰК» АҚ өкілдері және Батыс Қазақстан облысының өкілдері Анкара, Анталия және Ыстамбұл

қалаларына ресми сапар шекті. Делегация мүшелері аталған қалаларда орналасқан индустриалдық аймақтардың қызметімен танысты және осы аймақтарда орналасқан кәсіпорындардың өкілдерімен кездесулер өткізіп, Ақтөбе облысының инвестициялық мүмкіндіктерімен таныстырды.

Түркиядағы сауда-экономикалық, ауыл шаруашылығы мен туризм салалары бойынша жеткен жетістіктері мен тәжірибесімен танысу мақсатында ағымдағы жылдың 27 мамыр мен 2 маусым күндері аралығында «Нұрлы жол» – болашаққа бастар жол» бағдарламасын жүзеге асыру аясында қазақстандық БАҚ өкілдеріне арналған пресс-тур ұйымдастырылды. Қазақстанның белді-беделді басылымдарының басшылары мен өкілдері Түркияның экономикалық даму тәжірибесімен, сондай-ақ Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың жоғары деңгейдегі үлгісімен танысып, осы орайда өткен бірақатар басқосуға қатысты. Аталмыш шара Анталия қаласында Анталия губернаторлығы мен Батыс Ақ теңіз даму агенттігінің қолдауымен өтті. Қазақстан тарапынан «Түркістан» газетінің бас редакторы Ш.Пәттеев, «Президент және халық» газетінің бас редакторы М.Тоқашбаев, «Қаламгер медиа» ЖШС директоры Ж.Әшімжан, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Ж.Шаштайұлы, «Ақтөбе» облыстық газетінің бас редакторы Б.Өтеулиев, «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторының орынбасары Қ.Аманжол, «Казахстанская правда» газетінің бас редакторының орынбасары С.Малдыбаев, «Өтүкен» журналының бас редакторы Н.Қуантаев, «Рейтинг» газетінің редакторы Ғ.Елшібай қатысты. Шара барысында қазақ қаламгерлері мен журналистері Анталия губернаторы Муаммер Түркер бастаған жергілікті билік өкілдерімен, сондай-ақ Анталиядағы бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларымен және кәсіпкерлермен кездесті. Губернатор өңірдің сауда-экономикалық дамуы туралы мәлімет беріп, Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың бауырлас

елдердің экономикасына, мәдениет пен туризм салаларына оңды ықпал етіп отырғандығын тілге тиек етті. Қазақстанның ұстанған саясаты мен алған бағытының туысқан Түрік еліне үлгі екендігін атап өтті. Іссапардың аясында қазақстандық делегация биылғы «Гүл және бала» тақырыбында ашылған «Анталия ЭКСПО-2016» көрмесін тамашалады. Батыс пен шығыс елдерінің әртүрлі экспонаттарын көріп, Қазақстан атынан арнайы орнатылған көрмені аралады. Сонымен қатар Анталиядағы еркін өндірістік аймақта орналасқан бірнеше өндірістік орындарда білікті кәсіпкерлермен кездесулер өтті. Ауыл шаруашылығы саласында атқарылып отырған жұмыстармен жақыннан танысты. Батыс Ақ теңіз даму агенттігінің мұрындық болуымен Ақ теңіз университеті ауруханасының медициналық туризмді дамыту мақсатында атқарып отырған жұмыстардың таныстырылымы өтті. Жалпы, биылғы әлемдік дағдарысқа қарамастан, екі елдің арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық белсенділігін жоғалтпады.

– Түркияның қауіпсіздік және әскери салада тәжірибесі мол. Ал Қазақстан жас мемлекет, яғни түріктерден үйренеріміз көп. Екі ел арасындағы қауіпсіздік және әскери байланысымыз қалай?

– Қазақстан мен Түркияның өзара қауіпсіздік саласындағы іс-қимыл шаралары белсенді түрде жалғасуда. 2015 жылдың сәуір айында мемлекет басшыларының деңгейінде өткен келіссөздер барысында қол жеткізілген уағдаластықтар шеңберінде 2015 жылдың 7-8 қыркүйек күндері аралығында Түркияға Қазақстанның Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Н.Ермекбаевтың ресми сапары болып өтті. Сапар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, Н.Ермекбаев Түркияның президентімен, ішкі істер министрімен, бас прокурорымен, Ұлттық барлау ұйымының басшысымен және Ұлттық қауіпсіздік ұйымының бас хатшысымен кездесті. Сапардың шеңберінде өткізілген

келіссөздерде екі елдің қауіпсіздігіне әсер ете алатын ғаламдық және өңірлік топтарға қарсы күресте бірлесіп әрекеттесу мәселелері талқыланды. Сонымен қатар соңғы жылдары екіжақты қарым-қатынастарда әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық тереңдеп келеді. Қазақстан мен Түркия арасында әскери салада байланыс орнатуының негізгі бағыттары – әскери-техникалық ынтымақтастықты дамыту, Қазақстанның әскерилерін Түркияның әскери оқу орындарында оқыту, қазақстандық әскери бөлімдерді жабдықтау және Қазақстанның Қарулы Күштерін реформалау үдерісіне жәрдемдесу. Түркиядан заманауи атқыш қаруларды, минаатқыштарды, көлік құралдарын сатып алудан басқа, Қазақстан аумағында әскери өнеркәсіп кешені өндірісін құру бағытында да ынтымақтастық дамып отыр.

– Халықтарды, елдерді жақындататын – сөзсіз, руханият. Осы салада басқа елшіліктерге қарағанда қыруар жұмыстар атқарып отырсыздар. Екі ел арасындағы мәдени байланыстарымыз бұдан былай да нығая беретін шығар...

– Екі ел арасындағы мәдени байланыстарымыз да қарқынды дамып келеді. Тәуелсіздік жылдарында Түркияның ірі-ірі қалаларында Қазақстанға арналған мекемелер мен ескерткіштер, орталықтар мен көшелер ашылды. Өткен ғасырдың аяғында, 2000 жылдың басында Абай Құнанбаев пен Мағжан Жұмабаевтың, «Қазақтың күйші қызы» мен Қабанбай батырдың ескерткіштері ашылған болса, соңғы жылдары Абылай ханның ескерткіші бой көтеріп, Абылай хан атындағы саябақ ашылды, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа арналған монумент орнатылды. Сондай-ақ Түркияның Невшехир қаласында «Қазақстан» атындағы, Анкара қаласында Абай Құнанбаев атындағы, Қыршехир, Гебзе, Адана сынды қалаларында Нұрсұлтан Назарбаев атындағы даңғылдар, Дина Нұрпейісова атындағы және Тәттімбет атындағы саябақтар ашылды. Бұл – екі ел арасындағы руханият саласындағы тығыз байланыстың,

шынайы бауырластықтың белгісі, сондай-ақ бауырлас түрік жұртының ықыласы. Былтыр ақын Сүйінбайдың 200 жылдығына орай, Анкара қаласында Сүйінбай Аронұлы атындағы саябақ ашылған-ды. Әрине, Түркиядағы Қазақстанның елшілігінің басты мақсаты – қазақ рухани байлығын түрік жұртына таныстырып, бүкіл түркі дүниесіне паш ету. Осы бағытта биыл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, бірқатар шаралар атқарылды. Ағымдағы жылдың 19-20 маусым күндері аралығында Анкара қаласында Қазақстан Республикасының Түркиядағы елшілігінің ұйытқы болуымен қазақтың ақтаңгер ақыны Сүйінбай Аронұлының бюсті ашылып, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 170 жасқа толуына орай, халықаралық конференция мен салтанатты концерт өтті. Қазақ руханияты мен тәуелсіздікті Анадолы жерінде паш етіп, қарқынмен жалғасқан осы игі шара қазақтың ақтаңгер ақыны Сүйінбай Аронұлы бюстінің ашылуымен басталды. Алматы облысы әкімі Амандық Баталовтың Түрік еліне сыйға тартқан Сүйінбай Аронұлы бюстінің авторы – белгілі мүсінші Нұрғалым Исабаев. Тарихи шара жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 170 жылдығына орай жалғасты. Анкара қаласындағы Юнус Әміре атындағы мәдениет орталығында Қазақстанның дамуы мен ЭКСПО-2017 көрмесіне орайластырылған фотокөрме ашылып, Жамбыл Жабаевтың шығармашылығына арналған халықаралық конференция өтті. Түрік зиялы қауым өкілдері мен қазақ делегациясы қатысқан жиында ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Д.Қасейінов, Алматы облысы әкімінің орынбасары Б.Өнербаев, Кечиөрен муниципалитетінің мэрі Мұстафа Ак және Еуразия жазушылар одағының төрағасы Якуб Омароғлы құттықтау сөз сөйледі. Қоғам қайраткері Ш.Беркімбаева, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Ж.Шаштайұлы, Муғла университетінің доценті, ғылым докторы Әкрам Аян, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Т.Албеков

және Гази университетінің доценті, ғылым докторы Жәмиля Кынаджы Жамбыл шығармашылығы мен өміріне егжей-тегжейлі тоқталып, Жамбылмен үндес түрік ақындарын салыстырып баяндама жасады. Бір миллионға жуық халқы бар Кечиөрен муниципалитетінің Калаба Кент атындағы алаңында қазақтың мәдениеті мен өнерін, салты мен дәстүрін түрік жұртшылығына көрсету мақсатында «Қазақстан үйі» атты үй-көрмесі салтанатты түрде ашылып, жыр алыбы Жамбылға арналған концерт өтті. «Адырна» фольклорлық-музыкалық ансамблі, «Алтынай» мемлекеттік би ансамблі мен Алматы облысы филармониясының әншілері Анкараның төрінде қазақ әнін әуелетіп, Сүйінбай мен Жамбылдың рухын асқақтатты. Биыл Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің қолдауымен көрнекті қаламгер Бексұлтан Нұржекеұлының «Бір өкініш, бір үміт» атты романы, Қазақстанның белгілі ұйғыр жазушысы Ахметжан Аширидің «Идикут» атты романы, қазақ әдебиетінің классик жазушысы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» атты романы, әлемге әйгілі ақын Олжас Сүлейменовтің он түркі тілдерінде жыр жинағы, аудармашы-жазушы Мәлік Отарбаев аударып құрастырған «Сырлас буын» атты әңгімелер жинағы және түрік әдебиеттанушы-ғалымы Жәмиля Кынаджының қазақ романдарын зерттеу монографиясы жарық көрді. Бұл кітаптардың тұсаукесер рәсімі Анкарада өтті. Түрік зиялы қауым өкілдері қазақ руханиятына қызығушылықпен қарайды. Сондықтан саяси-экономикалық қарым-қатынастың дамуына қалайша мән беріп отырсақ, сол сияқты руханият саласындағы байланыстың күшеюі дипломатиямыздағы басты бағыттардың бірі. Түркияда қазақ салт-дәстүрін, мәдениеті мен әдебиетін таныстырып, насихаттау жұмыстарын мұқият жүргізіп келеміз. Саяси ахуалға байланысты Түркиядағы ақпараттық басылымдар Қазақстанның жағдайын бақылап отырады. Сол сияқты руханиятты насихаттау мақсатында шығармашылық орталықтар мен бірлестіктердің мерзімді басылымдарымен

тығыз байланыс орнатып, мәдениетіміздің, өнеріміздің інжу-маржандарын шығаруға атсалысамыз. Еуразия жазушылар одағының ай сайын шығатын «Кардеш калемлер» журналында қазақ әдебиетінің беткеұстар өкілдерінің шығармалары жарық көреді. Бұдан бұрын аталмыш басылым Қасым Аманжолов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, Сүйінбай Аронұлы сынды тұлғаларымыздың шығармашылығына бір-бір санын арнаған болатын.

Жыр алыбы Жамбылдың тойы – қазақ сөз өнерінің тойы екені сөзсіз. Сол тойдың жалғасы ретінде Түркиядағы әдеби ортаға мәлім аталмыш журнал жуырда бір санын толығымен Жамбылдың шығармашылығына арнады. Журналға Жамбылдың өлеңдері мен өмірбаяны, ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Д.Қасейіновтің «Мәдениетіміздің бәйтерегі», Анкара қаласы Кечиөрен муниципалитетінің мэрі М.Актың «Көңілге ортақ», Еуразия жазушылар одағының төрағасы Якуб Омароғлының «Ұлттық рухтың өкілі», М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры У.Қалижанның «Феномен», академик С.Қирабаевтың «Жамбыл шығармашылығына жаңаша көзқарас», қоғам қайраткері Ш.Беркімбаеваның «Жамбыл – менің жай атым, халық – менің шын атым», Мұғла университетінің оқытушысы, ғылым докторы Әкрам Аянның «170 жасқа толған Жамбыл Жабаев», «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Ж.Шаштайұлының «Жамбыл және заман», жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының «Ұлылардың үндестігі», Гази университетінің оқытушысы, ғылым докторы Жәмиля Кынаджының «Қос құрлықтың сарындары: қазақ ақыны Жамбыл мен Анадолы ақыны Пір Сұлтан Абдал», М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Г.Орданың «Ұлы дала жыршысы», Жамбылтану және халық ақындары институтының директоры Б.Ыбырайымның «Жамбылдың әзілдері», Памуккале университетінің оқытушысы, ғылым докторы Нергис Бирайдың

«Жамбыл Жабаев туындылары және «Өтеген батыр» дастаны» атты Жамбыл шығармашылығын кеңінен насихаттайтын ғылыми-зерттеу мақалалар мен эсселер енген. Сол сияқты «Көроғлы» атты әдеби журнал биылғы санын қазақтың көрнекті ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арнап, ақынды кеңінен насихаттады.

Сонымен қатар Еуразия кітапханашылар одағының тоқсан сайын шығарып отыратын «Билги» журналы әр санында қазақ қаламгерлерінің әңгімелерін жариялайды.

«Хедже» атты поэзияға арналған журнал да қазақтың қара өлеңін насихаттап, түрік оқырмандарына ақындарымызды таныстырып отырады.

Сұхбаттасқан
Жаңабек Шағатай
«Түркістан» газеті,
5 тамыз 2016 жыл

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

ТУЫСТАС ЕЛ – ТҮРКИЯ

Басуға 00.00.00 ж. қол қойылды.
Пішімі 66х96 $^{1}/_{16}$. Офсеттік баспа.
Таралымы 00 дана.